

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

Пән коды: ASBM 2105

ББ атауы және шифры: 6B10117 «Стоматология»

Оқу сағатының/кредиттің көлемі: 180 /6

Оқу курсы мен семестрі: 2/3

Дәріс көлемі: 12

Шымкент, 2025 жыл

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Дәріс кешені «Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланады

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік- қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі:  Нуржанбаева Ж.О.
Хаттама № 1 Күні: 27.08 2025ж.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі:  Аширов Ш.А.
Хаттама № 1 Күні: 27.08 2025ж.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

«Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)»

Әлеуметтану

№1 дәріс

1. Тақырыбы. Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану. Әлеуметтану теорияларына кіріспе.

Әлеуметтанулық зерттеулер.

2. Мақсаты: ғылым ретінде әлеуметтанудың нысаны мен пәнін, білім алушыларды әлеуметтанулық идеялардың тарихи қалыптасуы мен дамуымен, әлеуметтанулық зерттеудің әдістемесі мен классификациясымен таныстыру.

3. Дәрістің тезистері:

1. Әлеуметтануға кіріспе. Индивид және қоғам. Әлеуметтану ғылым ретінде.
2. Әлеуметтанулық теория. Макро және микро деңгейлер.
3. Жеке мектептер мен бағыттардың дамуы (О. Конт, Э.Дюркгейм, Г. Спенсер).
4. Ақпаратты жинау әдістері. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау.

Қандай да бір ғылым болмасын, оның белгілі бір құрылымы болады. Бұл құрылым сол ғылымның қоғамда алдына қойған міндеті мен атқаратын қызметіне байланысты анықталады. Әлеуметтану ғылымы да осындай. Оның құрылымы екі үлкен жағдаймен түсіндіріледі:

Біріншіден, әлеуметтану әлеуметтік өмірді бейнелеу, түсіндіру, ұғындыру білімдерін қалыптастырып, әлеуметтік зерттеу теориясын, әдістемесін, әдісін, талдау тәсілін жасап, қоғамның даму мәселелерін шешеді. Әлеуметтік өмір туралы әр түрлі деңгейде теориялық қорытындылар жасалады.

Екіншіден, әлеуметтану қоғамдық және әлеуметтік құбылыстар мен үдерістерді өзгерту, қайта құру үшін оларға жоспарлы, әрі тиімді жолдар, құралдар арқылы ықпал етіп әлеуметтік мәселелерді талдап зерттейді. Бұл әлеуметтанудың қолданбалы саласын құрайды.

Сонымен, әлеуметтанудың теориялық және қолданбалы салаларының айырмашылығы олардың зерттейтін объектісі мен зерттеу әдісі арқылы емес, жалпы әлеуметтанудың алдына қойған мақсаты мен міндеті арқылы ғылыми немесе практикалық мәселелерді шешуіне байланысты ажыратылады.

Теориялық немесе фундаменталды әлеуметтану барлық қоғамдық, гуманитарлық ғылымдардың ілгері дамуына жол ашады. Ол әлеуметтік зерттеулер арқылы зерттелетін құбылыс пен үдерістер туралы білімнің онан әрі дамуын, жетілуін мақсат етеді. Қолданбалы зерттеулер арқылы теориялық негізгі мәселелерді нақтылап шешуге тырысады. Бұлардың негізінде бағалы, құнды кеңес, нұсқаулар, ұсыныстар, болжаулар жасалады.

Әлеуметтік білім – теория мен практиканың бірлігінде қалыптасады. Теориялық зерттеулер әлеуметтік болмысты, өмір жалпы және арнаулы бағыттардың деңгейінде түсіндіріп, оның дамуын және қандай қызмет атқаратынын анықтайды. Оның одан әрі даму заңдарының бағытын, көрінісін белгілеп отырады. Ал, эмпирикалық (яғни, практикалық, тәжірибелік) әлеуметтік зерттеулер- нақтылы құбылыстар мен процестер туралы жаңа мағлұмат, хабарлар статистикалық талдау, нақты әлеуметтік әдістерді (яғни, сауалнама, сұрыптау, бақылау, құжаттарды талдау, сараптау, үлгілеу, тестілеу, т.б.) қолдану арқылы іске асырылады. Ал, теориялық зерттеулер абстрактілі философиялық әдістерді (яғни, талдау мен синтез, логикалық пен тарихи, индукция және дедукция, абстрактіліден нақтылыққа шығу, т.б.) арқылы іске асырылады.

Теориялық білім жан-жақты, әмбебапты, ал эмпирикалық – ақиқатты, шындықты белгілеуші білім. Теориялық білім эмпирикалық білімнің негізінде сүйенеді, ал, эмпирикалық ғылым теориялық білімнен біршама басым болғанымен, ғылымның жоғары даму деңгейін көрсете алмайды. Ғылымның дамуы әр уақытта теориялық білім деңгейінің эмпирикалық білім деңгейінен басым болуын қажет етеді.

Теориялық және қолданбалы әлеуметтану нақтылы әлеуметтік зерттеулерге сүйене отырып, бір-біріне қарсы тұрмайды, олар әр уақытта бірлікте болып, бір-бірінің одан әрі дамуының әсер етеді.

Теориялық әлеуметтану – ол алуан түрлі теория мен тұжырымдардың жиынтығы. Бұлар қоғамның әлеуметтік дамуын тұжырымдап, оларға терең жан-жақты түсінік береді.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Бұрынғы КСРО-да әлеуметтануды тарихи материализммен шатастырып келді. Бұл дұрыс емес. Тарихи материализм - бұл әлеуметтік философия. Ол қоғамды тек абстрактылы түрде қарап, оны нақтыламады. Ал, әлеуметтану нақтылы әдістермен қоғамды, оның дамуын жан-жақты зерттеп, ғылыми теорияны қалыптастырды. Адам өзінің даму өркениетінде әлеуметтік дамудың алуан түрлі теориясын ашып тұжырымдады. Мысалы, XX ғасырдың ортасында әлеуметтік стратификация (жіктелу), индустриялы қоғам, конвергенция, жалпы әлеуметтік теориялардың арнаулы түрлерін тұжырымдады. Әлеуметтанудың арнаулы теориялары әлеуметтанудың жеке қоғамдық және гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланыс, қатынастарының негізінде пайда болды. Әлеуметтануда бұларды орта деңгейдегі теориялар деп атайды. Қазіргі уақытта мұндай арнаулы орта деңгейдегі теориялардың саны 100-ден астам. Бұл теориялардың негізін салушылар М.Вебер, Э.Дюркгейм, К.Маннгейм, Т.Парсонс. Әсіресе, американдық әлеуметтанушы Роберт Мертонның есімін ілтипатпен айтуға болады. Бұл орта деңгейдегі арнаулы теориялардың пайда болуының тағы бір басты себебі мынада: жалпы теориялақ әлеуметтану қоғамның жалпы заңдылықтарын зерттей отырып, оның кейбір жақтарының дамуына көңіл аудармауы мүмкін. Ал, әлеуметтану құрамында орта деңгейдегі теориялардың болуы қажет. Орта деңгейдегі теориялар, мысалы, отбасы, әлеуметтік топтар, жіктер, т.б. қоғамның біртұтас жүйесімен өзара байланыс, қатынастарын, даму заңдарын ашып, анықтайды. Қазіргі уақытта орта деңгей теориялары қоғам дамуының өзекті мәселелерін шешуде дұрыс, нақтылы жауап бере алады.

Сонымен, әлеуметтік білімнің құрылымы деп қоғамның әлеуметтік жүйесінің серпінді дамуы, іс-әрекет, қызмет жүргізілуі туралы әр түрлі жиналған фактілерді, ақпараттарды, хабар-мәліметтерді ғылыми дұрыс түсіндіруді және ғылыми ұғымдардың жиынтығының реттелуін, тәртіпке келтірілуін айтамыз. Әлеуметтік білімнің негізгі құрылымы, тұжырымы, қағида, бағыттары мыналар:

1. Қоғам біртұтас әлеуметтік жүйе. Бұл тұжырым, қағида өзінің зерттеу объектісінде қоғамдық қатынастар жүйесін, олардың мазмұнын зерттейді.

2. Қоғамның жеке салаларының дамуын, атқаратын қызметі туралы түсініктердің байланысын - экономикалық, саяси, рухани, т.б. салаларын, әрбір салада жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтардың қызметінің әлеуметтік қалыптасу мүмкіндігін зерттейді.

3. Қоғамның әлеуметтік құрылымы немесе жалпы әлеуметтік құрылым туралы білімді қалыптастыру үшін әлеуметтік топтардың экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани қатынастар жүйесінде алатын орны мен байланысы туралы білімдер болуы керек. Әлеуметтік топтар деп отырғанымыз – үлкен топтар, кішігірім топтар, кәсіби мамандандырылған топтар, демографиялық және этникалық топтар.

4. Саяси әлеуметтануға кіретін алуан түрлі ғылыми түсініктер, ой-пікірлер, теориялар. Бұған жататын зертеу объектілері:

а) әлеуметтік топтардың саяси қатынастар жүйесіндегі алатын орны;
ә) қоғам субъектілерінің әлеуметтік – саяси құқық және бостандықты, тәуелсіздікті алудың жолдары мен тәсілдері туралы;

б) қоғамның саяси жүйесінің құрылымы, қызметі және функциясы туралы;

5. Әлеуметтік институттардың (мемлекет, құқық, ғылым, мәдениет, отбасы, т.б.) қызметтері туралы ғылыми түсініктер мен қортындылар;

6. Қоғамның жеке салаларының және кішігірім жүйесінің қызметтері туралы теория. Оны мынандай объектілерді зерттеу арқылы түсінуге болады: өндірістік ұжымдар, ресми емес топтар мен ұйымдар, адамдар арасындағы кішігірім топтар, жеке тұлғалар, т.б. кіреді.

Әлеуметтік білімнің деңгейлері қоғамдағы құбылыстар мен процестерді терең талдап, кең қортынды жасау арқылы анықталады. Жоғарыда көрсетілгендей әлеуметтік үш негізгі деңгейі бар:

а) жалпы әлеуметтану теориясы;

ә) эмпирикалық (тәжірибелік) әлеуметтану;

б) орта деңгей теориялар.

Осыларға сәйкес әлеуметтік зерттеулерді теориялық және эмпирикалық зерттеулер деп екіге бөледі.

«Социология» терминін француз философы, позитивизм философиясының негізін салушылардың бірі Огюст Конт (1798-1857) енгізді. Оның басты шығармасы – «Позитивті философия курсы» – 1830-

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

1842 ж. жарық көрді. Орыс тілінде 1899-1900 жж. «Курс положительной философии» деген атпен аталды. (Латын тілінен аударғанда «позитивизм» деген сөз «дұрыс», «жағымды» деген ұғымдарды білдіреді). Социологияны Конт бастапқыда «әлеуметтік физика» деп атады. Ол жеке тұлға мен қоғамды зерттейді. Қоғамда тәртіп болу үшін, жеке тұлға мен қоғам туралы барлық білімді дұрыс түзілген жүйеге келтіру қажет. Білімде тәртіп болмай, қоғамда да тәртіп болмайды деп тұжырымдады ол. Социология әлеуметтік статика мен әлеуметтік динамикаға бөлінеді.

Әлеуметтік статика әлеуметтік жүйелердің өмір сүру жағдайлары мен жұмыс істеу заңдылықтарын тексереді. Әлеуметтік динамика әлеуметтік жүйелердің дамуы мен өзгеру заңдарын зерттейді. Қоғам дегеніміз – тірі организм. Оның өмірінде отбасы, мемлекет және дін маңызды рөл атқарады. Отбасы қоғамның негізі болып табылады, ол эгоист (өзімшіл) адамды қайта тәрбиелеуге тиіс. Мемлекет тәртіп үшін қажет, ал дін тәртіптің рухани негізін құрайды. Ол позитивті дінді жақтайды, құдайдың орнына адамзатты қояды. Қоғамды ғылыми тұрғыдан зерттеп, ғылыми тұрғыдан басқару қажет. Социология – бақылауға негізделетін ерекше ғылым деп түсіндірді Конт.

Герберт Спенсер (1820-1903) ағылшын ойшылы, Конттың ілімін алға апарушы. Қоғам – тірі организм. Ондағы сауда – қан айналымы, өнеркәсіп пен егіншілік – қорек, азық, ал көлік – қан тамырлары, т.б. деді ол. Спенсер мен Конт революцияның орнына эволюцияны ғана (бірте-бірте даму) ұсынады. Спенсер социологияның: «жүйелі тәсіл», «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік құрылым», «әлеуметтік функция» (қызмет), «әлеуметтік институт», «әлеуметтік контроль» (тексеру) – секілді ұғымдарын жете зерттеді. Ол социологиядағы структуралық-функциялық (құрылымдық-функциялық) тәсілдің негізін салды.

Маркстік социологияны Карл Маркс (1818-1883) пен Фридрих Энгельс (1820-1895) дамытты. Олар қоғамды әлеуметтік жүйе ретінде танып, білудің бірден-бір ғылыми ілімін жасай берді, қоғамдық формация ұғымын тұжырымдады. Қоғамдық материалдық-экономикалық негізін терең зерттеді. Сол сияқты капиталистік өндірісті қоғамның негізі ретінде зерттеді. Олар қоғамды даму үстіндегі табиғи-тарихи процесс ретінде қарастырды, таптар туралы, қоғамдағы әлеуметтік тартыс, конфликт туралы ілімді жасады. Марксизмнің қазіргі дағдарысы КСРО-да оның догмаға айналу себебімен байланысты тұрды.

Эмиль Дюркгейм (1858-1917), француз социологиялық мектебінің негізін салушы, социология пәні мен оның әдістеріне көп көңіл бөлген. Оның көзқарастарын «социологизм» деп атайды. Мұның себебі оның әлеуметтік нәрсенің өзіне тән белгісіне, ерекшелігіне көп көңіл бөлумен және социология пәнінің ерекшелігін көрсетумен байланысты. Социология пәні – бұл индивидтен бөлек өмір сүретін және оған қатысты ықтиярсыз күшке ие әлеуметтік фактілер. Ол: «Әлеуметтік фактілерді заттар секілді қарастыру керек», – деген. Дінге де көп көңіл бөлген, ал идеология ретінде жұмылып, бірлесуі үшін қажет, сол секілді қоғамның дамуын ынталандыру үшін керек. Өзін-өзі өлтірудің себептерін де зерттеді. Социологияның әр алуан бөлімдерін, нақты әдістері мен ережелерін, оның орындау тәртібін жете зерттеп, тексерді.

Макс Вебер (1864-1920), неміс социологы, экономист, тарихшы. Капитализм – оның айтуынша, неғұрлым ұйымдасқан шаруашылық. Шаруашылық өмірдің, материалдық және идеологиялық мүдденің дінменен байланысын ортаға қояды. Еуропалық капитализм алдыңғы қатарлы болып табылады, себебі ол еңбексүйгіштікке, адалдыққа, үнемшілдікке тәрбиелейтін протестантизм дінімен байланысты.

Италия социологтары Вильфредо Парето (1848-1923) мен Гаэтано Моска (1858-1941) – элита теориясының негізін салушылар. («Элита» «үздік», «жақсы», «іріктелген» дегенді білдіреді). Элита теориясы бойынша, қоғамды парасатты, ерекше артықшылығы бар топ басқарады.

Ресейде Н.Я.Данилевский (1822-1885), Л.И.Мечников (1838-1888), П.Л.Лавров (1823-1900), Н.К.Михайловский (1842-1904), Н.И.Кареев (1850-1931), Г.В.Плеханов (1856-1918), В.И.Ленин (Ульянов) (1870-1924), П.Сорокин (1889-1968), 1922 ж. шет елге кеткен, т.б. белгілі социологтар болған.

4. Қазіргі социологиялық ой. «Қазіргі» деп кейде бүкіл XX ғасырдың социологиясын атайды, бірақ көбінесе XX ғасырдың барлығы емес, одан азырақ уақыт алынады және XXI ғасырдағы, яғни осы кездегі ойлар сөз болады. Әр түрлі социологиялық мектептер, бағыттар, эмпиризмдік социология пайда болды. Социологиялық мектеп дегеніміз – өздерінің дәстүрлері, ережелері негізінде жұмыс жасайтын социологтардың белгілі тобы. Мысалы, Чикаго университеті жанындағы эмпиризмдік социологияның

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Чикаго мектебі, Франциядағы Дюркгейм мектебі, т.б. Социологиядағы бағытпен мектеп өздерінің бір ғана немесе жақын проблеманы зерттеуімен ажыратылады. Мысалы, гуманитарлық бағыт, т.б.

Эмпиризмдік социология біздің ғасырымыздың 20-40 жж. қанат жаяды. Оның отаны – АҚШ. Ол тез қарқынмен дамыған индустрияның қажеттіліктерімен байланысты болды. Оның басы У.Томас пен Ф.Знанецкийдің 1918-1920 жж. «Европа мен Америкадағы поляк шаруасы» атты кітабының жарық көруі еді. Ең алдымен, жеке құжаттарды талдау негізінде (хаттар, күнделіктер, өмірбаяндар, т.б.) олар иммигранттардың жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделуінің әрқилы проблемаларын зерттеді. КСРО-да эмпиризмдік социологияға Сталин кезеңінде, шамамен 1930-1960 жж. тыйым салынды. Белгілі ғалымдар: А.Здравомыслов, Ю.Левада, И.Кон, В.Рожин, Г.Осипов, А.Храчев, В.Ядов т.б.

Структуралық-функциялық анализ (құрылымдық-функциялық талдау). Эмпиризмдік социологияның қызу дамуы теорияда қорытындылау үшін қажеттілікті туғызды. 1950-1960 жж. структуралық-функциялық талдау қалыптасты. Т.Парсонс, Роберт Мертон – структуралық-функциялық талдаудың атағы шыққан өкілдері. Бұл теорияда қоғамды, оның құбылыстары мен процестерін әлеуметтік жүйе ретінде қарастырды. Ол жүйелердің өзіндік құрылымы мен соған сәйкес құрылымдық элементтердің өзара әрекет ету механизмі бар және олардың әрқайсысы аталған жүйеде өзіндік рөл атқарады. 80-жылдарда неофункционализм пайда болды.

Белгілі әлеуметтанушы Питирим Сорокин (1889-1968жж.) 1922-ші жылға дейін Ресейде тұрып, кейін Батыс Еуропа елдеріне эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. АҚШ-та қызмет ете жүріп, эмпирикалық әлеуметтанудың зерттеу тақырыптары үлкен әлеуметтік мәселелерді қамти алмағанын байқап, оны өткір сынға алды. Ол әлеуметтік стратификация, яғни қоғамда топқа, жікке бөліну және әлеуметтік мобильдік (қозғалу, ауысу) мәселелеріне эмпирикалық зерттеу жүргізе отырып, бұларды әлеуметтік ірі мәселелермен, мысалы, қоғамның әлеуметтік құрылымымен тығыз байланыстырды. Одан әрі ол қоғамның жалпы өзгерісін, қозғалысын осы алуан түрлі қоғамды құратын элементтердің атқаратын қызметімен байланыстырып түсіндіруге тырысты. Осындай элементтердің бірі ретінде Сорокин әлеуметтік институттарды алды. Осыған орай ол әлеуметтік институттардың, оның негізгі түрлері: мектептің, бюрократияның, әскердің, мамандырылған ұйымдардың, шіркеудің, т.б. әлеуметтік мобильдікке қандай әсерлері бар екенін зерттеді. П.А. Сорокин әлеуметтанудың ірі тұжырымдамасын жасап, дүние жүзіндегі өзгерістердің болашағын түсіндірді. Оның бұл жөнінде екі тұжырымдамасы болды. Олардың біріншісі, әлеуметтік-мәдени динамика, екіншісі – қоғамның тұтастық (яғни, біріктіруші - И.А.) тұрпаты. Бірінші тұжырымдамасына қандай да бір тарихи өзгеріс болмасын, оны мәдени типтердің дамуы ретінде қарады. Ал, мұндағы әрбір мәдени тип бір бүтін ерекше құбылыс ретінде көрінеді. П. Сорокиннің пікірінше, осындай негізгі топтардың үш түрі болады. Олар: сезімдік, ақыл-парасаттылық (рациональный), идеалистік. Біріншісінде нақты дүниені тікелей сезімдер арқылы қабылдау, екіншісінде ақыл – парасатқа, ақылға жеңдіру арқылы, үшіншісінде – интуицияның (яғни, жорам-алдап сезінудің) басым болуы арқылы іске асырылады. Осылай мәдени типтің әрқайсысы дамып отырады және олар қоғамның ілгері дамуының әрбір кезеңіне тән.

П.Сорокиннің әлеуметтік мәдени тұжырымдамасы қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің пайда болатын көзін және қозғаушы күштерін анықтайды. Одан әрі олардың диалектикасын анықтау әрекеті, талабы болады. П. Сорокин өзінің болашаққа көзқарасын тұжырымдады. 60-жылдары оның бұл тұжырымдамасы конвергенция тұжырымдамасының негізгі құрамында болды, өйткені П. Сорокиннің бұл тұжырымдамасы қоғамның алуан түрлі ұйымдары мен жүйелерінің арасындағы байланыс-қатынастарды және адамзат қоғамының талап-тілегіне оларды пайдалануды нақты түрде көрсетті. Олардың ішінде меншік түрлері мен саяси құрылымдағы плюрализміндегі еңбекті және экономикалық тәртіпті ынталандыру, басқа елдермен қарым-қатынастардың, әдіс-тәсілдерін жоспарлау және т.б. болады. П. Сорокин жалпы адамзат қоғамы қиын-қыстау жағдайды басынан өткізіп, өзгеріп отырса да, ол әр уақытта бірігу бағытына қарай дамитындығын атап көрсетті.

4. Ақпаратты жинау әдістері. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау.

Социологиялық зерттеудің маңызды кезеңдерінің бірі - сұрау барысында алынған эмпирикалық ақпаратты өңдеу қарастырылады. Мысал ретінде “SPSS” статистикалық мәліметтер жинаудың, талдаудың көпфункционалды кешені сипатталады. Қабылданған халықаралық талаптарға сәйкес социологиялық зерттеудің мәліметтері SPSS бағдарламасының форматында өңделіп, көрсетілуі тиіс.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Бағдарламамен танысу

SPSS 10.0.5. for Windows - статистикалық өңдеудің барлық спектрін жасауға мүмкіндік беретін кәсіби кешенді бағдарлама. Қолда бар графикалық формада статистикалық зерттеудің нәтижелерін нүктелі және домалақ диаграммалар мен мәліметті көрсетудің басқа түрлері арқылы көрсетеді.

SPSS-те қарапайым интерфейспен қатар, Windows үшін мыналар бар:

Мәліметтер редакторы. Мәліметтерді анықтау, енгізу, шығару, редакциялау және көрсету үшін сырт көзбен қарағанда электрондық кестеге ұқсас икемді жүйе.

Қорытынды навигаторы көрсету үшін шығару элементтерін іріктеп ашуға және жабуға мүмкіндік беріп, нәтижелерді көруді жеңілдетеді, нәтижелерді шығару ретін өзгертеді және SPSS-тегі көрсетіп жариялауға дайын кестелер мен графиктерді басқа қосымшаларға көшіруге мүмкіндік береді.

Графиктер. Секторлық, бағаналық диаграммалар, гистограммалар, үш өлшемді графиктер құруға жоғары қабілеттілік, сондай-ақ басқа да графикалық мүмкіндіктер.

SPSS-те терезелердің 7 түрі бар:

1. **Мәліметтер редакторы (Data Editor).** Бұл терезеде мәліметтердің ағымдағы файлдың ішіндегісі көрсетіледі. Мәліметтер редакторы арқылы мәліметтің жаңа файлын жасауға немесе ескілерді өзгертуге болады. Бұл терезе SPSS-ті іске қосқан кезде автоматты түрде ашылады.

2. **Қорытынды навигаторы (Output Navigator).** Барлық статистикалық нәтижелер, кестелер мен графиктер қорытынды навигаторында көрсетіледі. Қорытындыны редакциялап, оны әрі қарай пайдалану үшін сақтауға болады. Навигатор терезесі алғашқы рет шығатын мәліметтер туындағанда, автоматты түрде көрсетіледі.

3. **Мобильдік кестелер редакторы (Pivot Table Editor).** Бұл терезеде мобильдік кестелер түрінде нәтижелер шығарылады. Олар әр түрлі тәсілдермен редакциялануы мүмкін: кестелер бағанасы мен жолының орнын ауыстыруға, түсін, карпін және т.б. өзгертуге болады.

4. **Диаграммалар редакторы (Chart Editor).** Диаграммаларды шығару және редакциялау.

5. **Мәтіндік шығару редакторы (Text Output Editor).** Мәтіндік ақпарат шығару және редакциялау.

6. **Синтаксис редакторы (команда тілінің) (Syntax Editor).** Меню арқылы қолға жетпейтін SPSS-тің ерекше мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

7. **Скриптер редакторы (Script Editor).** Скриптік автоматтандыру SPSS-тегі көптеген міндеттердің орындалуын автоматтандыруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде бұдан басқа да жетілдірілген бағдарламалар бар. Цифрлық жүйеге өтуде оның пайдасы жетерлік.

Меню

SPSS-тің көмегімен міндеттерді шешу меню тарауын тандаудан басталады. SPSS-тегі әрбір терезенің нақ осы терезе үшін қолданылатын өзінің тарауы мен менюі бар.

Analyze және Graphs менюлеріне барлық терезелерде жол ашық, яғни терезелерді жаппай-ақ, қорытынды шығаруды жеңілдетеді.

File (Файл). Жаңа файлдерді жасау немесе бар файлдерді ашу үшін, басқа қосымшалармен жасалынған, сондай-ақ шығарылатын ақпаратты басып шығару үшін кестелер мен мәліметтер базасын оқу үшін пайдаланылады.

Edit (Түзету). Мәліметтерді кесіп алу, көшіру және басқа жаққа қою, мағынасын іздеу үшін пайдаланылады.

View (Түр). Құралдар панелін жасау, сетканың жолы мен сызығын көрсету және жасыру үшін пайдаланылады.

Data (Мәліметтер). Файлдерді біріктіру, бақылауларды жинақтау (транспонирование), талдау үшін көптеген бақылауларды жасау сияқты мәліметтердің жалпы өзгерісін жүзеге асыру үшін пайдаланылады.

Transform (Қайта құру). Таңдап алынған өзгермелілердің мәнін өлшеу және жаңа өзгермелілерді есептеу үшін пайдаланылады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Analyze (Талдау). Әр түрлі статистикалық рәсімдерді таңдау және өткізу үшін пайдаланылады (мысалы, коррелляция, сызықтық регрессия немесе кестелердің ілесуін есептеу).

Graphs (Диаграммалар). Әр түрлі диаграммалар мен графиктер жасау үшін пайдаланылады.

Utilities (Қызмет көрсету). Мәліметтердің жұмыс файлындағы өзгермелілер туралы мәліметтер алу, өзгермелілер тізімін басқару, скриптерді іске қосу және меню жасау үшін пайдаланылады.

Window (Терезе). Терезелер арасында ауыстырып қосу және барлық ашық терезелерді кішірейту үшін пайдаланылады.

Help (Анықтама). Көптеген мүмкіндіктер бойынша жүйеден мәлімет алу үшін еркін кіруге және SPSS-тің Internet-пен байланысу үшін пайдаланылады.

4. Иллюстриялық материал: презентация

<https://docs.google.com/presentation/d/1bwr5mpM1AqHskN6ult4wfnvUh71C83kp/edit#slide=id.p1>
<https://media.skma.edu.kz/video/pppppppppp>

5. Әдебиет: (Қосымша 1)

Негізгі: 1,2,3,4,5

Қосымша: 7,8,9,10

Электронды оқулықтар: 1,2,3,4,5,6

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Әлеуметтану қоғамдық ғылым ретінде нені зерттейді ?
2. Әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі әлеуметтанудың орнын анықтаңыз.
3. Әлеуметтанудың құрылымы қандай?
4. Қазіргі құрылымдық функционализм теориясы қандай жағдайларға негізделеді?
5. XX ғ. әлеуметтанудың дамуында американдық эмпирикалық әлеуметтанудың қандай мағынасы бар?
6. Қазіргі батыс әлеуметтануда қандай ағымдар, мектептер және бағыттар бар?

Әлеуметтану

№2 дәріс

1. Тақырыбы. Әлеуметтік құрылым және қоғамның стратификациясы. Әлеуметтену және бірегейлік. Отбасы және қазіргі заман. Девиация, қылмыскерлік және әлеуметтік бақылау.

2. Мақсаты: білім алушылардың қоғамның әлеуметтік құрылымы мен стратификациясын, әлеуметтену және бірегейлік түсініктерін және отбасы типологиясы мен әлеуметтік қызметтерін ұғынуы.

3. Дәрістің тезистері:

1. Қоғам, теңдік және теңсіздік. Ашық және жабық қоғам. Стратификация әр түрлі топтар арасындағы құрылымданған теңсіздік ретінде.
2. Әлеуметтену және бірегейлік теориялары (Т.Парсонс, Г.Х.Мид).
3. Отбасы кроссмәдени және тарихи перспективада. Отбасы типологиясы.
4. Отбасы мен отбасылық қарым-қатынастарды салыстырмалы зерттеу.

Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Қоғам дегеніміз – адамдардың жиынтығы, олардың бірігуі (бірлестігі), бір-біріне қарым-қатынасы. Белгілі социолог П.Сорокин атап көрсеткендей, қоғам деген – ол бір адам емес, ең кемінде бір-бірімен байланысты екі адам. К.Маркс «Қоғам дегеніміз – адамдардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі деп есептеді. Қоғамды бар деп тану үшін адамдардың бірігуіне мынадай жағдайлар қажет:

- 1) Адамдар өмір сүруі үшін тұрғылықты жер территориясының ортақтығы. Әдетте ол мемлекет территориясымен сәйкес келеді.
- 2) Қауымдастықтың бүтіндігі мен тұрақтылығы.
- 3) Өздігінен ұдайы өндіру, өзін-өзі қамтамасыз ету және өзін-өзі басқару.
- 4) Халықтың дамуына қажетті белгілі бір мәдени деңгейдің болуы.

Қоғамның анықтамасы: ол өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өзара байланысты және өзара әрекет ететін тарихи қалыптасқан формалар арқылы біріккен, тұрақтылығымен, бүтіндігімен, өздігінен

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

ұдайы өндірілетіндігімен өзін-өзі реттеуімен, қажетті мәдениет деңгейіне жеткен жетістігімен ерекшелініп, сипатталатын адамдардың жиынтығы.

Кейбір ұғымдарды салыстырайық. «Ел» – бұл көбінесе географиялық ұғым.«Мемлекет» – саяси ұғым, ал «қоғам» – социологиялық ұғым. Социология кез-келген көлемдегі әлеуметтік топтарды зерттейді деу дұрысырақ болар еді, ал қоғам дегеніміз – өте үлкен әлеуметтік топ.

Қоғамның негізінде не жатыр? Бұл сұраққа социологтар түрліше жауап береді. К.Маркс қоғамның негізі материалдық өндіріс деп есептеді. Э.Дюркгейм қоғамның негізін ұжымдық санада, сезімде және сенім-нанымда көрді. М.Вебер – адамдардың бір-біріне бағытталған әрекеттерінде деп түсіндіреді.

Барлық түсіндірмелерде қоғам біртұтас құрылым, бүтін жүйе ретінде қарастырылады. Бұл қоғамды зерттеп білу үшін жүйелі амал-тәсіл деп аталады (системный метод). («Система» сөзі грек тілінен аударғанда «бүтін» дегенді білдіреді). Жүйе – өзара байланысты және бүтіндік, біртұтастық құрайтын барлық элементтердің бірлігі. Жүйе- элементтерден тұрады. Әлеуметтік жүйе дегеніміз – негізгі элементі адамдар, олардың қарым-қатынастары мен байланыстары болып табылатын біртұтас құрылым.

Әлеуметтік әрекеттер мен байланыстар. Адамдық қимыл-әрекеттер тек басқа адамдардың әрекеттерімен байланысты болғанда және саналы түрде, жете ұғынған жағдайда ғана әлеуметтік әрекеттер ретінде қарастырылады. Адамдар мен олардың топтарының тәуелділігі және сиысушылығын білдіретін әлеуметтік байланыстар деп атайды. Әлеуметтік байланыстың элементтері: субъект, байланыс пәні, байланыстың жүзеге асуы және оны реттеу механизмі. Әлеуметтік байланыстар адамдар субъект ретінде әрекет етіп және өмір сүретін әлеуметтік жағдайларда жүріп жатады.

Әлеуметтік өзара әрекет ету. Бұл – адамдардың бір-біріне әсерін, ықпал етуін сынап көретін және әрекет ететін процесі. Өзара әрекет ету жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуына алып келеді. Әлеуметтік қатынастар дегеніміз – бұл жеке тұлғалар (адамдар) мен әлеуметтік топтар арасындағы біршама тұрақты және дербес тәуелсіз байланыстар. Мысалы, тап аралық, ұлтаралық және басқа топ аралық қатынастар. Әлеуметтік қатынастар өте көп.

Әлеуметтік өзара әрекетті көптеген түрлерге бөлуге болады. П.Сорокин өзара әрекетті алты түрге бөледі:

- 1) өзара әрекет ету субъектісінің санына қарай (екі адам, бір және көп адам, көп және көп адам);
- 2) айырмашылығына байланысты (біржақты, екі жақты, келісімді, жаулық, т.б.);
- 3) өзінің ұзақтығына байланысты (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді);
- 4) ұйымдасуына қарай (ұйымдасқан: мемлекет, партия, отбасы) және ұйымдаспаған (тобыр);
- 5) саналы және санасыз;
- 6) интеллектуалдылығына қарай (идеялық), сезімдік (эмоциональды) және жігерлі (ерікті).

1. Әлеуметтену және бірегейлік теориялары (Т.Парсонс, Г.Х.Мид).

Социологияда әлеуметтену мен бірегейліктің үдерістерін түсіндіретін екі теория бар. Бұл құрылымдық функционализммен ұсынылған рөлдік теория (Толкотт Парсонс) және символдық интеракционизм (Джордж Герберт Мид). Олардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Рөлдік теорияға сәйкес қоғам - бұл қоғамның тұрақтылығын тұтас ретінде қолдауға жұмыс істейтін түрлі функционалдық бөліктердің күрделі жүйесі. Әлеуметтік институттар әлеуметтендіру барысында қоғам мүшелері үшін рөлдерді анықтайды. Әлеуметтік рөлдер қоғамға табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін өз мақсаттарына ие. Шын мәнінде, қоғам индивидтерді мәжбүрлеудің сыртқы және ішкі құралдарын пайдалана отырып, әлеуметтік рөлдерді ұстануға мәжбүрлейді. Сыртқы құралдарға сыйақы немесе жаза, ал ішкі құралға – мораль жатады.

Рөлдік тұжырымдама тұлғаны әлеуметтік рөлдердің жиынтығы ретінде қарастырады. Ол ХХғ.30-шы жылдары американдық психологиясында (оның негізін қалаушы **Дж.Г.Мид**) пайда болды және әлеуметтанудың әртүрлі бағыттарында, әсіресе негізін қалаушы Т. Парсонс болған құрылымдық-функционалдық талдауда одан әрі дамуды алды.

Тұлғаның рөлдік концепциялары тұлға-бұл қоғамда жеке адамға тән көптеген әлеуметтік рөлдерден тұратын функция идеясына негізделген. **Әлеуметтік рөл**-қоғамдық қатынастар

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

жүйесіндегі тұлғаның әлеуметтік ұстанымымен берілген мінез-құлық моделі. Әлеуметтік рөлдің құрамдас элементтері: 1) **рөлдік қүту** – қандай да бір рөлден күтетін нәрсе; 2) **рөлдік мінез- құлық**- адам өз рөлінің шеңберінде нақты орындайтын нәрсе.

Өзіне қандай да бір рөлді ала отырып, адам оған байланысты міндеттер мен құқықтарды анық түсінеді, іс-әрекеттердің схемасы мен реттілігін шамамен біледі және айналасындағылардың күткендеріне сәйкес өзінің мінез-құлқын қалыптастырады. Бұл ретте қоғам бәрі "қалай қажет" болғанын қадағалайды. Ол үшін адамның рөлдік мінез-құлқын әлеуметтік бақылаудың тұтас жүйесі бар. Ол қоғамдық пікірді және құқық қорғау органдарын қамтиды, тиісті санкциялар қолданады: кемсітуден бастап жағымсыз немесе бейтарап мінез-құлықтың күшпен жолын кесуге дейін.

Әлеуметтік жүйе үшін маңызы бар және қоғамдық жүктемеге ие рөлдерден басқа, адамдардың жеке қатынастары жүйесіндегі рөлдер де бар. Олар әртүрлі топтарда әртүрлі және тіпті қарама-қарсы болуы мүмкін: дос, жау, сенімді тұлға, құрметті адам. Осыған байланысты адам өзінің мінез-құлқында оған қойылатын үміттердің алуан түрлілігін ескеруге және бірден бірнеше топқа бағдарлауға мәжбүр.

Бір адам бір-бірімен келіспейтін көптеген рөлдерді орындайды. Бұл адам орындайтын функциялар арасында туындаған қайшылықтарға байланысты рөлдік жанжалдың туындауына әкелуі мүмкін. Мысалы, әйелдің кәсіби және отбасылық рөлі арасындағы жанжал. Жоғары кәсіби мәртебе отбасында өзінің функцияларын орындауға теріс әсер етеді. Бұл отбасы мүшелерінің наразылығын тудырады, оның бұзылуына әкелуі мүмкін.

Рөлдер объективті, олардың қоғамдық маңызы тұрғысынан және жеке тұлғаның санасына сынай отырып, субъективті түрде түсінілуі мүмкін. Т. Парсонсқа сәйкес, мұнда мінез-құлық нормасы жеке уәждер емес, қандай да бір рөлге қатысты әлеуметтік қажеттіліктер болуы тиіс. Мысалы, қазіргі заманғы әйелдің жеке қондырғыларында оның әйел мен ана ретіндегі рөлі өте үлкен мәнге ие болмауы мүмкін, бірақ қоғам алдында бұл рөл ол үшін басты болуы тиіс. Сондықтан мұндай рөлдік нормативтерден кету ауытқулар, аномалия болып табылады. Осыған байланысты тұлғаның рөлдік мінез-құлық ережелерін терең меңгеруі оның қоғамда болуын жеңілдетеді, сенімді көңіл-күй үшін негіз болады, қоғамдағы жанжал деңгейін төмендетеді.

Әлеуметтік рөлдер олардың қоғамның қалыпты жұмыс істеуі үшін маңыздылығы бойынша ерекшеленеді. Бұл әлеуметтік құрылымдағы белгілі бір топтың орнымен, оның әлеуметтік маңыздылығымен байланысты. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік топ жағдайының интегративті көрсеткіші әлеуметтік мәртебе болып табылады. Кез келген қоғамда, қоғамдық өмірдің кез келген саласында әлеуметтік теңсіздікті анықтайтын рөлдер мен мәртебелер пирамидасы қалыптасады.

Символдық интеракционизм тек қана қажеттілікті анықтауға ғана емес, сонымен қатар индивидтің әлеуметтенуінің механизмін түсіндіруге, яғни олардың әлеуметтік нормаларды меңгеруге талпыныс болып табылады. Осы теорияға сәйкес әлеуметтік өзара әрекеттесудің маңызды аспектісі вербалды және вербалды емес символдармен (сөздер, мимика, ым) алмасу болып табылады. Мұндай алмасу барысында адамдар басқа адамдарға әсер ету әсерін елестете алады. Адамдар, басқа адамдардың реакциясын болжап біліп, яғни олардың әлеуметтік рөлдерін өз мойнына алып, өздерімен өздері сөйлеседі. Олармен өзара іс-қимыл барысында басқа адамдардың реакциясын болжап біліп, біз өз мінез-құлқымызды саналы түрде қадағалауға мүмкіндік аламыз. Басқа адамдардың реакциясын болжаудың нәтижесінде адамда өзіндік әлеуметтік немесе «айналық Мен» (Ч.Кули терминологиясында) қалыптасады. Өзіне басқа адамдардың көзімен қарау және екіге бөліну қабілеті адамның ерте балалық шағында пайда болады.

Әлеуметтендірудің рөлдік және интеракционистік теориялары да әлеуметтендірудің белгілі бір және маңызды аспектілерін ашады, сондықтан олардың әрқайсысында өзінің ғылыми құндылығы бар.

2. Отбасы институты. Қарапайым қоғамдарда отбасы – бірден-бір шынайы, ақиқат жұмыс істейтін институт. Мысалы, Орталық Африкада немесе Солтүстіктің кейбір халықтарының басқа әлеуметтік институттары жоқ. Отбасы екі түрге бөлінеді: туыстық (туысқандардың үлкен тобы,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

оның ішінде жұбайлар да болуы мүмкін) және жұбайлық (онда тек ері, әйелі және балалары ғана болады).

Некенің тұрпаты. Тарихта некенің түрлері белгілі. Полигамия (грек тілінен аударғанда «көпнекелілік» дегенді білдіреді). Полиандрия – бір әйелдің бірнеше күйеуінің болуы. Мысалы, Тибетте, Оңтүстік Үндістанда әйелдерден еркектер көп болған жағдайда, қыздар бір ағасына күйеуге шыға отырып, сонымен бір мезгілде күйеуінің інілерінің де әйелі болады. Полигиния, керісінше, бір еркектің көп әйелінің болуы. Моногамия (грек тілінен алынған, «бір неке» дегенді білдіреді). Еуропада, Ресейде моногамия орын алған: бір еркектің бір ғана әйелі болады, және керісінше. Жұптық неке, мұнда екі адам неке құрады. Оған топтық неке қарама-қарсы қойылады. Топтық некеде бірнеше еркек пен бірнеше әйел бір мезгілде өзара некелік қатынаста болады. Мұндай қарым-қатынастар алғашқы қауымдық құрылыста болған. Сонымен бірге некеге отыру тәсілі бойынша некелер эндогамды (мысалы, туысымен некеге отыруға болмайды) және экзогамды (мысалы, Библияда еврей Абраам өзінің қарындасына үйленеді, (ал, Құранда ол Ибрагим баба), сол сияқты Библияда Лоттың қыздары (Құранда Лут) өз әкесінен көптеген бала туған).

Отбасының қызметі (функциясы, орны). Отбасының бірталай қызметін бөліп көрсетуге болады.

1) Сексуальды (нәсіпқұмарлық) реттелу. Отбасы арқылы қоғам адамдардың табиғи сексуальдық (нәсіпқұмарлық) қажеттіліктерін жүйелейді, бағыттайды және тәртіпке келтіріп отырады. Қоғамда жұбайлық адалдық нормалары бар, өмір сүреді. Мысалы, патриархты отбасында («патриарх» деген грек тілінен «әке») әйел адамның некеге тұрғанға дейін жыныстық қатынасты көруіне тиым салынады.

2) Репродуктивті қызмет – ол сәбилердің дүниеге келуі, балалар мен немерелерді тәрбиелеу. Отбасы дегеніміз – қоғамда жаңа мүшелерді өндіруге жауапты болатын негізгі институт.

3) Социализациялау қызметі. Жеке тұлғаның социализациялауға қатысушы әлеуметтік институттардың санының көптігіне қарамастан (мектеп, балабақша, әскер, пионер, комсомол, т.б.), бұл процесте отбасы орталық орынға ие болады. Тек семьяда индивидтің алғашқы социализациялануы жүзеге асады, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуының негіздері қаланады. Отбасылық социализацияның негізгі тәсілі баланың әке-шешесін, сол секілді ағалары мен апаларын үлкендерден үлгі ала отырып оларды айнытпай қайталауы болып табылады.

4) Экономикалық қызмет деген – бұл отбасының игілігіне жұмыс істеп, бір-біріне көмектесіп материалдық тұрғыда бірін-бірі көтермелеп, отбасының жұмыс істемейтін және еңбекке жарамсыз мүшелерін бағып, асырап, мысалы, ата-аналарды, ортақ шаруашылықты жүргізу.

5) Отбасы мүшелерінің рухани қарым-қатынас жасауы, араласуы. Психиатрлар қарым-қатынастағы эмоциональды және мінез-құлықтағы қиындықтардың негізгі себептері – отбасында махаббаттың, жылылықтың, толық интимдік қатынастың болмауы. Әке мен шешенің махаббатынсыз тәрбиеленген бала ауытқымозшғұрт алы мінез-құлыққа бейім тұрады, қылмыс жасауы мүмкін.

6) Мәртебелік қызмет. Отбасында тәрбие алған әрбір адам ұлттық қасиет, өмірге дайындық материалдық қолдау, материалдық қамтамасыз етілу және т.б. секілді белгілі бір мәртебеге ие болады.

2. Отбасылық өмірдің проблемалары. Некеге тұру отбасылық өмірді құруға әкеледі. Отбасы – бірге өмір сүріп, бірлескен шаруашылықты жүргізетін және туыстықпен байланысты шағын әлеуметтік топ.

Некелер фактілік (латын тілінен «шын мәніндегі» деген) және юрисдикциялық (заң бойынша тіркелген) болып бөлінеді. АХАЖ-ЗАГС- те некені тіркеу тұрғысынан некелік қатынастардың үш түрі бөлініп көрсетіледі: 1) шын мәніндегі қалыптасқан және ЗАГС-те тіркелген; 2) шын мәнінде қалыптасқан бірақ ЗАГС-те тіркелмеген; 3) шын мәніндегі некелік қатынастарсыз заң бойынша тіркелген неке. Мысалы, ерлі-зайыптылар ажырасып кеткен, бірақ ЗАГС-те әлі тіркеулі ажыраспаған.

Қазіргі кезде көптеген елдерде ер мен әйел арасындағы ерікті одақ саны өсіп келеді. Сол себепті некесіз туған балалар көбеюде. Занды түрде тіркелмеген некелерден туған, сол секілді ата-анасы некеге ресми түрде тұрмаған жағдайларда туған балалар некесіз туған балалар болып саналады, ал христиан дінінде – шіркеуде неке қиюсыз туған балалар. Библияда шіркеуде неке қимай тұрғандарды бұзық, қаңғыбас деп атайды және ол үшін шешесін қатаң жазалайды.

Ал шындық өмірде барлық балалар бірдей, олар ата-аналарының қарым-қатынасына тәуелсіз. Әсіресе, әйелдің күйеуі жоқ болса, оған көмектесу керек, себебі оның жалғыз өзіне баланы тәрбиелеу

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

қиын. Ана болу әрқашан құрметті. Қазіргі кезеңде әсіресе, Латын Америкасында некесіз туған балалар көп. Мысалы, Мексикада 1960 жылы сондай балалардың есебі 25%, Панамада – 66,5% болған. КСРО-да 1988 жылы некесіз балалар 10,2% құрады, бірақ олардың 43%-ін кейіннен әкелері мойындады.

Заң бойынша тіркелген және заң бойынша тіркелмеген некелердің болуы кейбір жағдайда шатастыруға әкеледі. 1970 жылы КСРО-дағы Бүкілодақтық халықтық санақ, шын мәнінде тең болуға тиіс, үйленген еркектерден күйеуге шыққан әйелдердің 1 млн. артық екенін көрсетіп берді. Сол себепті бұл мәселеге байланысты әйелдер адресіне көптеген әзілдер айтылды. Халықтан сұрау құжаттарды тексерусіз жүргізілді, сол себепті ер адам әйелінен бөлек тұрып, бірақ әлі ажыраспаған (ЗАГС арқылы) жағдайлардың болуы мүмкін. Әйелі күйеуге тигенін айтады, ал еркегі отбасынан кетуіне байланысты өзін бойдақ деп санайды.

3. Отбасының мәні. Сау адамға өлім қандай болса, дұрыс өмір сүріп жатқан отбасы үшін ажырасу да сондай, табиғилыққа қарсы, жат. Отбасы проблемасы туралы жазатын авторлар отбасының мынадай қызметтерін бөліп көрсетеді. И.В.Гребенников: адам санын өндіру, жасау (репродуктивті); қарым-қатынас үшін (коммуникативті); тәрбиелік және экономикалық. Л.М.Панкова сол сияқты отбасының қызметінің төрт түрін көрсетеді: бала туу, тәрбиелік, шаруашылық және қарым-қатынас, араласу.

Балаларды тәрбиелеу отбасының басты қызметі болып табылады. Сонымен ересектер өз балаларының тәрбиесі үшін қоғам алдында жауап береді. Бала тәрбиесінде біз мынандай проблемаларды бөліп көрсетеміз: баланың тууы, олардың тірі қалуы, отбасындағы балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасы, т.б.

1987 жылы шілдеде бүкіл дүние жүзі жердің 5-млрд. тұрғынының дүниеге келуін атап өтті. КСРО-ның халқы 300 млн. есебіне жеткен. 1986 жылы КСРО-да рекордты жыл болған, сол жылы дүниеге 5 млн. сәбилер келген. Алайда барлық дамыған елдерде тұрғындардың өсуі төмендеп барады, бала туу төмен. Әсіресе тұрғындардың капитализмге өтудің басындағы жағдаймен байланысты материалдық жағдайлардың күрт төмендеуінен бұрынғы Кеңестер Одағы территориясында бала туу қатты азайды.

Бала туудың төмендігінен халықтың денсаулығы нашарлап барады. Біріншіден, халықтың құрамында зейнет жасындағы адамдардың үлесі көбейіп барады. Екіншіден, ғалымдардың дәлелдегеніндей, ананың ең денсаулығы мықты, сау баласы болатыны – төртінші бала, ал ол дүниеге сирек келеді. Үшіншіден, бұрынғы КСРО-ның территориясының еуропалық бөлігінде маскүнем әйелдер көп туады (босанады). В.В.Бойко өзінің кітабында көрсеткендей, әрбір 215 маскүнем ата-аналардан сондай аурулары және ауытқушылығы бар балалар туады: 37 шала, 16 өлі, 36 нашар дамыған балалар (соның салдарынан еңбекке жарамсыз), 55-і туберкулезбен, 145-і психикасының бұзылуымен ауырады (17 бет).

Орта Азияда бала туудың, дүниеге бала әкелудің мөлшері үлкен. Бұрын мұнда КСРО-ның халықтарының оннан бір бөлігі тұрды және әрбір бесінші бала туылып отырды. Бірақ, мұнда балалар өлімі жиі, мөлшері көп әсіресе Түркіменстанда. Жұқпалы аурулар ауруханасы жоқ, ауылда әйелдер көп жұмыс жасайды, нашар тамақтанады. Ауруханаларда санитарияға қарсы жағдайлар орын алған және дәрігерлердің кәсіби білімділігі төмен.

КСРО-да жаңа туған сәбилердің өлімі көп болған (ал әзір азайды деп айта алмаймыз!). 1500 грамм салмақпен туған сәбилердің тек жартысы ғана тірі қалады екен. Салмағы 1 килограммнан төмен сәбилер түсік деп есептелген, олардың өлім-жетімі, жаңа туғандардың шетінеуі секілді мәселелер статистикада ескерілмеген. ВОЗ – Бүкілдүниежүзілік денсаулық ұйымы – салмағы 0,5 кг-нан төмен ғана сәбилерді түсік деп есептеген, қалғандарын қалыпты, дұрыс балалар дейді. КСРО-да жүкті әйелдердің әрбір төртіншісі аборт жасады. Жоғары дамыған елдердің әйелдері бала бітуге қарсы құралдарды пайдаланатын болса, біздің әйелдеріміз әлі де кемтар болуды жалғастыруда.

Мұнымен бірге көптеген ерлі-зайыптылар баланың болмауымен азап шегеді. Дүниеде жұбайлардың біреуінің немесе екеуінің кінәсінен от басылардың 15% балалы бола алмайды. Егер күйеуі бала туғызуға қабілетсіз болып, әйелінің қабілеті болса, онда жасанды ұрпақтандырады. КСРО-да оған 1987 жылдан бастап рұқсат етілген. Сонымен бірге балаларды пробиркаларда есіреді. Ерлі-зайыптылардың денсаулықтары дұрыс болған жағдайда, тұқым жаюдың жоғарылауына кедергі жасайтын басқа себептер де болуы мүмкін. Социологтар ол себептерді жақсы біледі. Жоғары білімді,

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

табысы мол және қалалы жерлерде тұратын ерлі-зайыптылардың селода (ауылда) тұратын, табысы аз және білімі де сондай ерлі-зайыптыларға қарағанда балалары аз болады. Маскеуде бір әйелге орта есеппен 1 баладан аз келеді, ал Қырғызстанда бір әйелге 6 баладан келеді.

Қазіргі жағдайда отбасылар бір ұрпақты болып келеді: шеше, әке, балалар. Ресейде ондай отбасылар 76%. Мұндай отбасыларында тәрбиеленген жастар қарттарды түсінбейді және сыйламайды. Балалар өздерінің ата-аналарына емес, теледидардағы қаһармандарға еліктейді. Балалар ата-аналарға үлкен қуаныш әкеледі, өзін-өзі таныту мен өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асырудың тәсілі ретінде қызмет етеді. Бірақ әрбір бала тілеп алынған болуы керек. Қажетсіз бала шала болып тууы мүмкін, оның үстіне ата-анасы оған нашар қарайды. Балаға қандай да бір мақсатқа жетудің құралы деп қарау дұрыс емес; бала – ойыншық емес және ата-ананың жеке меншігі емес. Адам ретінде ол өзіне деген құрметті бастан талап етеді. В.В.Бойко бала мен ата-ананың өзара түсінісуінің бес кірпішін бөліп көрсетеді: 1) балалардың мінез-құлқына құлақ асу; 2) баланың бетін қайтармау, жасытпау, өзіне ұқсауын талап етпеу; 3) баланың тұлға ретінде қасиеттерін мойындау; 4) баланың ерекшеліктерін білу, 5) баламен нәзік қарым-қатынас жасау.

Ажырасуды қалай азайтуға болады? Біреулер некеге тұру мен ажырасудың құжаттарын дайындау процедурасын адамдар асықпай шешім қабылдауы үшін қиындатуды ұсынады. Бұл неге келтіреді? Некесіз, заңсыз туылған балалар саны көбейеді. Бұл туралы профессор А.Г.Харчев жазады. Ол берік неке құру үшін бір ғана жолды көреді – ол жастарды отбасылық өмірге дайындау. Профессор И.С.Кон жастардың әлеуметтік толысуының (кемеліне келуі) жыныстық толысуынан арадағы үзілістің күшеюін атап көрсетеді, яғни жыныстық өмір әлеуметтік толысқанға дейін әлдеқайда бұрын басталады. Профессор жастарға презервативтерді пайдалануға кеңес береді. Б.А.Леонидова ажырасуға асыққандарды кінәлайды. Эгоизм (латын тілінен «өзімшілдік») мен жеңілтектік ажырасу «вирусын» тарту үшін ең жақсы себеп. Солай деп жазады ол.

Қайта өрлеу дәуірінің төмендегідей ерекшеліктері бар. Саяси ғылымның теологиядан оқшаулануы, мемлекеттің пайда болуының табиғи идеяларын негіздеу. Мемлекет туралы жүйелі ілім қалыптастыруға ұмтылу, "Мемлекет" деген ұғымды енгізу. Буржуазиялық мемлекеттің абсолютизмнен республикаға дейінгі формаларын тұжырымдау. Буржуазиялық саяси-құқықтық ойлардың пайда болуы. Азаматтық қоғам және қоғамдық келісім теориясының өкіметті бөлісу принципі туралы ілімнің қалыптасуы.

XVI ғасырдағы алғашқы утопиялық социализм және XVII-XVIII ғасырлардағы сыншыл утопиялық социализм. Қоғамдық дамудың, білімнің, ақыл-ойдың рөлін дәріптеу. Гуманизм, адам құқы мен бостандығы идеяларын жария ету. Саяси басқару нысандарының ауысу заңдылықтары мен әлеуметтік күрестің мойындау - саяси өзгерістердің қозғаушы күші. Феодализм ыдырап капитализм орнай бастады. Католик шіркеуінің озбырлығы мен оның діни қағидаларына қарсы шыққан халық адам құқығын, ар-намысын қорғауға ұмтылды. Бұл уақыт "Қайта өрлеу" немесе "Гуманизм" деп тарихқа енді. Реформациялау, яғни шіркеуді өзгерту демократияландыру басты мақсат болды. Бірақ гуманистер халыққа сенбеді.

"Қайта өрлеу" дәуірінің негізін салушы Николло Макиавелли (1469-1527) болды. Оның "Патша", "Тит Ливийдің бірінші онкүндігі жайлы ойлар", "Флоренцияның тарихы", т.с.с. еңбектері болған. Макиавелли дінге қарсы болды. Тұңғыш рет мемлекет ұғымын енгізді. Макиавеллидің ойынша мемлекет басқарушы мен бағынушының қарым-қатынасы. Ол Республикалық мемлекеттік еркіндікті, теңдікті аңсады. Мемлекет ерікті болса ғана, қуатты, абыройлы болады деп сенді. Мақсатқа жету үшін амал айланың қай түрін болсын қолдануды сұрады.

5. Жаңа және жаңаша дәуірдегі саяси ойлар. Жаңа және жаңаша дәуірдегі идеялар

1. XVIII ғ. аяғы - XIX ғ. басындағы "Философиялық революция": И. Кант, И. Вихте, Ф. Шеллинг, Гегельдің саяси ілімі азаматтық қоғам, мемлекет, үш үкімет, тәуелсіздік, әлемдік Рух;

2. Сыншыл утопиялық-социализм - Сен-Симон, Ш. Фурье, Р. Оуэн; капитализмді күрт сынау, қоғамдық меншіктің пайдасына бола жеке меншікті жокқа шығару, еңбек басты тұтыным жеке адамның дамуы революцияны жокқа шығару.

3. Революциялық демократиялық утопиялық социализм - Н. Чернышевский, А. Герцен, В. Белинский, Н. Добролюбов. Қоғамды революциялық жолмен жаңартуды қолдау, халықтың күшіне сену орыс шаруаларының қауымдастығы негізіндегі социализм.

4. Марксизм-ленинизм - К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин. Капитализмнің тарихи күйреуінің сөздігі және коммунистік қоғам құру Әлеуметтік социалистік революция және социализм теориялары. Әлемдік революциялық процесс. Социализм құрылысының жолдары.

Жаңа заман XVII ғасырдағы Англиядағы буржуазиялық революция тұсында басталды. Бұл дәуірдің көрнекті өкілдерінің бірі – ағылшын ойшылы Томас Гоббс (1588-1679). Оның ойынша мемлекет жалпыға бірдей бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін керек. Адамдар өз тілектері мен еріктерін шектеп, барлық билікті мемлекетке береді. Францияда буржуазиялық революцияның өкілі Шарль Луи Монтескье (1689-1775) әр халықтың адамгершілік бейнесін, оның заңдарының айырмашылығын, қоғамның дамуын географиялық ортамен байланыстырды. Мемлекет азаматтарды тіршілікке қажетті қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті деген ұстанымда болды.

Францияның тағы бір ойшылы - Жан-Жак Руссо (1712-1778) ұсақ буржуазияның шаруалардың мүддесін қорғады. Ол еркіндік пен теңдікті ең жоғары игілік деп санады. Мемлекет шектен тыс байлық пен кедейлікке жібермей, адамдар арасында теңдікті сақтауы керек.

Американың ойшылы Томас Джефферсон (1743-1826). Ол Америка Құрама Штатының "Тәуелсіздік декларациясын" жазды. Декларацияда адамдардың табиғи құқығы мемлекет белгілеген заңдардан жоғары тұруы керек. Жаратушы барлық адамдарды тең етіп жаратты және олардың өмірге, бостандыққа, бақытқа тырысуына құқығы бар делінген. Келесі ойшыл-Томас Пейн (1737-1809). Ол Америка халқын азаттық күреске шақырды. Ол бірінші

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

болып қоғам мен мемлекетті ажыратты. Оның ойынша, мемлекетті қоғам тудырды. Үкіметтің мақсаты қауіпсіздікпен бостандықты қамтамасыз ету. Пейн соғысқа қарсы болды, бейбітшілікті жақтады.

Германияның ойшылы Иммануил Кант (1724-1804). Оның "Космополиттік көзқарас жөніндегі жалпы тарихтың идеялары", "Өмірлік бейбітшілікке" деген еңбектері бар. Оның ойынша адам бір іс бастағанда өнегелік, адамгершілік заңын басшылыққа алу керек. Ол басып алушылықты, тонаушылық соғысты, оған дайындықты әшкерледі. Мемлекеттер арасындағы халық аралық сауда мен өзара қарым-қатынасты бейбітшілікті орнату мен сақтаудың құралы деп білді.

Пролетариат күресінің алғашқы кезеңінде Сен-Симон. Фурье, Оуэн сияқты социалист-утопистер болды. Әркім өз қабілетіне қарап еңбек ету, ақы алу сияқты пікірлер айтты. Олар материалдық игіліктерді әділ бөлу мәселесіне баса назар аударды.

6. К.Маркс пен Ф.Энгельстің саяси идеялары

1. Капиталистік қоғамды жою туралы қажеттілік.

2. Коммунизмді құру идеясы.

3. Саясат туралы жалпы теориялық және методологиялық ойлары.

4. Тап күресі, пролетариаттың тарихи міндеті және оның одақтар туралы пікірлері.

5. Мемлекет, пролетариат диктатурасы туралы тұжырымдама.

6. Жұмысшытобының азаттық күресінде коммунистік партияның жетекшілік рөлі.

7. Пролетариаттар күресінің стратегиясы мен тәсілдері жөніндегі принциптері.

8. Ғылыми социализмнің коммунистік қоғамның негізгі белгілері, мәні сипаты туралы қағидалары.

9. Соғыс және әскер, революция жеңістерін қорғау тұрғысындағы саяси ойлар.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы буржуазиялық қоғамның таптық күресінің шиеленіске бастауы - марксизм теориясын тудырды.

К.Маркс (1818-1883) философия мен саяси экономияда жаңалық ашты: өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар салдарынан қақтығыс туып, аяғы социалистік революцияға айналады, басты рөлде – пролетариат болады. Олар шаруамен одақтасуы қажет деді.

К.Маркс пен Ф.Энгельс пролетариат диктатурасы туралы ілімді дүниеге әкелді. Ал басшылық жасаушы-коммунистік партия болады деген тұжырымдама жасады.

7. В.И. Лениннің саяси теориялық көзқарастары. В.И. Лениннің идеялары

В.И. Ленин төмендегідей идеялар ұсынды:

1. Жаңа тұрпатты саяси партия туралы ілім.

2. Жұмысшы табының одақтары туралы маркстік идеяларды жаңа жағдайға байланысты тұжырымдауы.

3. Социалистік революцияның лениндік теориясы.

4. Жаңа саяси жағдайда коммунистік партияның стратегиясы мен тәжірибесін ұсынуы.

5. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы, империализм туралы пікірлері.

6. Пролетариат мемлекетінің ұлт саясаты жөніндегі теориялары.

7. Социализм тұжырымдамасының негізгі бағыттары.

В.И. Ленин (1870-1924) К.Маркс пен Ф.Энгельстің ізбасары болды. Ол капитализм дамуының, империалистік сатысының заңдылықтарын зерттеді. Жаңа тұрпатты партия туралы ілімді жасады және соның ұйымдастырушысы болды. Жаңа қоғам құру ісін Ленин елді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын кооперациялаумен және мәдени революцияны жүзеге асырумен байланыстырды. Марксизм-ленинизм идеясы коммунизм кезінде мемлекет, саясат болмайды деп ұқты.

8. Қазақ жеріндегі ойшылдар

Қазақ халқының рухани мұрасы да саяси ой-пікірлерге бай. Қазақтың алғашқы философы, әлеуметтанушысы. Математигі, физигі, астрономы, ботанигі, логика және тіл маманы, музыка зерттеушісі Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Тархан әл-Фараби 870-950 жылдары өмір сүрген. Ол екінші Аристотель атанған. Барлығы 160-тан астам трактат жазған. "Бакытқа жету жолдары", "Саясат туралы", "Азаматтық саясат" деген еңбектері бар. Әл-Фараби басқару түрін екіге бөлген:

1. Қайырлы – халықты бакытқа апарды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

2. Қайырымсыз – мұнда теріс әрекеттер болады. Әл-Фарабидің айтуынша адам бақытты болуға лайықты, сондықтан сол ол бақытын табуға тиіс. Оған ол тынымсыз еңбек арқылы ғана жетуге болады дейді. Ұлы дана халықтар достығын қолдады. Қазақ даласындағы ойшылдардың бірі — Жүсіп Хас-хаджиб Баласағұни (1021-1075). Ол - ақын, философ, қоғам қайраткері болған. "Құтадғу білік" (Құтты білік) деген дастаны бар. Ол түрік тілінде жазылған. Мұнда адамның тағдыры, қоғамдағы орны мен рөлі, халықтың санасы, әдет-ғұрпы, т.с.с берілген. Өмірден әділ заңды, еркіндікті аңсаған. Қазақ халқының, тарихында өшпес із қалдырған хандар да бар. Олар Қасым, Есім, Тәукехандар, "Қасымханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы" деп халық олар жасаған заң, тәртіптерді көпке дейін ұмытпаған.

Ал Тәукехан "Жетіжарғы" деп аталған қазақ әдеп-ғұрып заңдарының жиынтығын жасады. Мұнда құқықтық тәртіп деп мемлекеттік құрылымының негізгі принциптері айқындалды. Ол "халық кеңесі" мен "Билер кеңесін" тұрақты орган ретінде қалыптастырып, рөлін арттырады. Тәуке хан қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер әкелген ірі реформатор болды.

Қазақтың белгілі ойшысы-Шоқан Уәлиханов (1835-1865). Ол ғалым, ағартушы-демократ, саяхатшы, этнограф, зерттеуші. Халықты патша-шенеуліктері мен жергілікті байлардың зорлық-зомбылықтарынан қорғауды, қолынан келгенше оның рухани және мәдени өркендеуіне ықпал жасауды өзінің мақсат-мүдесі деп білді. Шоқанның ойынша, халықты қанаудан құтқару үшін билікті жою керек, сонда ғана халық бақытты болады. Қазақ еліндегі тәртіпті өзгертудің жолдарын іздеді. Қоғамдық құрылыстың жаңартудың жолы ретінде реформаны таңдады. "Сот реформасы жайындағы хат" деген еңбек жазды. Сол реформаны іске асыру үшін көп зерттеулер жүргізген.

Саясатқа атсалысқан тұңғыш ұстаз – Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) халықты дүниеге "дұрыс көз қараспен" қарауға тәрбиелеуді өзінің негізгі мақсаты етіп қойған. Тек білім, ағартушылық қана бұқара халықты билеп-төстеушілердің қысым қыспағынан құтқара алады деп, барлық күш-жігерін олардың білімін көтеруге арнаған. 1887ж. Ырғызда 20 адамдық интернат және қазақ қыздарына арнайы мектеп ашқан. Қазақ даласының ғұлама ойшылы - Абай Құнанбаев (1845-1904). Ол қазақ халқының мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік- керектігіне назар аударды. Ол адамның "ақыл, ғылым, қайрат" арқылы жоғары дәрежеге көтеріліп, асқақтайтындай қоғамның прогрестік дамуын аңсады.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

https://docs.google.com/presentation/d/1vQr6kmMsj4oZwh9Vc-l-24OBIAfqUKxa/edit?usp=drive_web&ouid=106659929443614445216&rtfpof=true

5. Әдебиет: (Қосымша 1)

Негізгі: 1,2,3,4,5,7,8

Қосымша: 2,6,8,9

Электронды оқулықтар: 1,3,4,9,10

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Саясаттану пәнін анықтаудағы негізгі бағыттарын ата.
2. Саясаттанудың әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесіндегі орнын көрсет.
3. Саясаттанулық зерттеудің қандай әдістерін білесіз?
4. Саяси ғылымның қалыптасу және даму кезеңдерін атаңыз.
5. Орта ғасырдағы саяси идеяларды сипаттаңыз.
6. Утопиялық социализм идеяларындағы мінсіз қоғамдық құрылыстың мәні неде?
7. Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары қандай?

Саясаттану

№6 дәріс

Тақырыбы. Саяси даму және модернизация. Саяси шиеленістер мен дағдарыстар. Әлемдік саясат және қазіргі халықаралық қатынастар.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

2. Мақсаты: Саяси мәдениет пен саяси идеологияның түсінігі мен негізгі үлгілері, Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам, 5 президенттік реформаның мазмұнын, саяси шиеленістер мен дағдарыстар мәнін түсіндіру.

3. Дәрістің тезистері:

1. Саяси мәдениеттің түсінігі, мәні, құрылымдық компоненттері мен қызметтері. Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері. Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет – қазіргі жағдайы мен даму үрдістері.
2. Саяси әлеуметтену: мәні, кезеңдері, үлгілері мен факторлары. Саяси мінез-құлық пен саяси қатысу – түсінігі, негізгі теориялары, жіктелуі. Саяси идеологияның мәні мен белгіленуі. Қазақстан Республикасындағы сана мен ойлаудың жаңа үлгісінің стратегиясы, қоғамдық сана модернизациясы.
3. Саяси модернизация түсінігі. Саяси модернизацияның мақсаты, оның негізгі сипаттары. Саяси модернизацияның кезеңдері мен факторлары. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам. «Қазақстан-2050 Стратегиясы» Қазақстан Республикасының саяси бағыты ретінде. Күшті мемлекет және Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз мемлекеті қатарына енуі.
4. Шиеленіс әлеуметтік құбылыс ретінде. Саяси шиеленістер, олардың мәні, конструктивті және деструктивті қызметтері. Саяси шиеленістер мен дағдарыстардың типологиясы. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан.

Қазіргі кезде батыс әдебиетінде саяси мәдениеттің мазмұнын ашуға бағытталған отыздан астам анықтамалар бар.

Саяси мәдениет саясаттану ілімінде өте күрделі және әлі жеке тексерілмеген тақырыптың бірі болып табылады. Саяси мәдениеттің отыздан астам анықтамасы бар болса да жеке саяси мәдениет ұғымының жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. “Саяси мәдениет” деген ұғымды бірінші рет пайдаланып, ғылыми әдебиетке енгізген XVIII ғ. өмір сүрген немістің ағартушысы фәлсафашы Иоганн Гердер болды. Бұл ұғым саясаттануға XX ғасырдың 50-60 жылдары енді. Американың зерттеушілері Г. Алмонд, С. Верба, Л. Пай “саяси мәдениет” деген атпен саясатқа да, мәдениетке де қатысы бар еңбектер жазды.

“Саяси мәдениет” ұғымының жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Сондағы бірнеше анықтамаларға тоқталып көрейік.

Поляк саясаттанушысы Е. Вятрдің анықтамасы бойынша “саяси мәдениет”-өкімет пен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынастарға, байланысты мақсаттар, құндылықтар мен жүріс-тұрыс беталысы актілерінің жиынтығы. Сондықтан саяси мәдениетке жататындар мыналар дейді: а) Саясат жайлы білімі, фактілермен таныстығы, оларға қызығушылығы болуы; б) билікті іске асыруға қатысты саяси құбылыстарды, құндылықтардың талдануын бағалай білу; в) саяси мақсаттың сезімге әсер ететін жағы-мысалы, отанды сүю, оның жауларына өшпенділік; г) әртүрлі жағдайда қандай әрекет жасауды анықтайтын сол қоғамда әбден танылған саяси мінез-құлықтың үлгілері. Саяси мәдениетке берілген түсініктемелердің басым көбінде-оған халықтың рухани мәдениетінің бір бөлігі, қоғамдық-саяси институттар мен саяси процестерге байланысты элементтер кіретіндігі мойындалады. Сондықтан әр елдің саяси мәдениетін дұрыс түсіну үшін оны жалпыұлттық мәдениеттің кең және тығыз бөлігі ретінде қарауымыз керек. Саяси мәдениетті құрастыратын басты элементтер-жалпыұлттық мәдениетке, тарихи-ұлттық, діни-дәстүрлікке, әдет-ғұрыпқа, рухани мақсаттарға т.б. тығыз байланысты. Саяси мәдениетті құрайтын элементтердің сапалы бөліктері ретінде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан саяси дәстүрлер, сол кезеңде пайда болған саяси ереже-тәжірибелер, ойлар, тұжырымдар, әртүрлі қоғамдық-саяси институттардың қарым-қатынастарын сенімді түрде қарауға болады. Оның құрылымына тағы да өмір сүріп тұрған саяси құрылыс, оның институттары, жеке адам мен қоғамның, мемлекеттің араларындағы жалпы өзара көзқарастар туралы түсініктер кіреді. Сонымен, саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады. Саяси мәдениет дегеніміз қоғамның саяси өміріне лайықты типті саяси сана мен саяси мінез құлықтың жиынтығы болып табылады. Саяси мәдениеттің негізгі қызметтері: 1. Танымдық қызметі 2. Реттеушілік қызметі 3. Тәрбиелік қызметі 4. Біріктірушілік қызметі 5. Қорғау қызметі. Саяси мәдениеттің құрылымдық элементіне саяси құндылықтар жатады. Адамдардың қоғам, мемлекет, еңбек ұжыдарының істеріне, саяси процесстерге қатынасуға деген қалыптасқан талаптарын, іштері қабылдаулары мен сенімдерін саяси құндылықтар ретінде қарауға болады. Саяси құндылықтарға қоғамдық жүйеге

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

бағытталған негізгі нанымдар, мақсаттар, бағдарлар, символдар жатады. Саяси мәдениет белгілі бір дәреженің шеңберінде қоғам мүшелері сол тұстағы басқару түрлерін заң деп танитын, өздерінің саяси қабілетін сезінетін, жүргізіліп отырған саясаттан келісетіндігін білдіреді. Саяси мәдениетте саяси дәстүрлер мен әдет – ғұрыптың да манызы зор.

Саяси дәстүрлер мен мінез – құлқындағы үлгілерді берудің әдісі болып саналады. Саяси мәдениеттің ерекше белгісіне саяси рәміздер жатады. Саяси мәдениетке жалпы саяси жүйенің және оның институтаралық қызмет етеуі кіреді. Ол мемлекеттің партиялардың т. б. сайлауды қалай ұйымдастырып, саяси шешімдердің, саяси - әлеуметтік шиеленістерді ұғыну және зерттеудің мәдениеттілігін қамтиді. Саяси мәдениеттің негізгі құрылымы осындай. Енді оны қалыптастыратын қоғамдық күштерге тоқталайық. Саяси мәдениетті қалыптастыруда ең бірінші мемлекет қатысады. Ол бұл міндетін заң шығару, атқару және сот органдары арқылы атқарады. Саяси мәдениетті қалыптастыруға қоғамдық ұйымдар, әсіресе партиялар қатысады. Саяси мәдениетті қалыптастыруға діни ұйымдар да кіреді. Саяси мәдениетті қалыптастыруда елеулі роль атқаратын көпшілік ақпарат құралдары: баспасөз, радио, теледидар.

Саяси мәдениет пен саяси сана тығыз байланысты өйткені адамдардың саналық деңгейі жоғары болған сайын олардың қоғамдық ой-пікірлеріде еркін, әрі батыл болмақ. Азаматтарының белсенділігіне қарап қоғам өмірінің демократиялық деңгейін анықтауға болады. Мемлекеттің негізгі мақсаты-ұлттық қауіпсіздікті сақтау дейміз ұлттық қауіпсіздікті сақтау-қорғаныс күштерін нығайту ғана емес, ал азаматтарының бірлігін сақтау, рухы берік, өз ұлттының барлық асыл қазынасы мен асыл қасиеттерін бойына сіңіре білген, өз елінің дәстүрімен азаматтарды тәрбиелеп қалыптастыру оның бірден-бір сенімді жолы-жас ұрпақты мәдениет арқылы тәрбиелеу. Саяси мәдениеттің бірлігі қоғамның тұрақтылығын нығайтады, көптеген саяси процестерді дұрыс болжауға ықпалын тигізеді.

Идеология түсінігі және оның негізгі теориялары мен бағыттары: марксистік, аксиологиялық, психологиялық, социологиялық. «Идеологиясыздандыру» және «қайта идеологиялану» концепциялары, батыс марксизмінің Франкфуртттық мектебінің өкілдері. Идеология – құндылықтар жүйесі ретінде. Идеологияның қызметі және деңгейлері.

Қазіргі заманғы саяси идеологияның негізгі түрлері: либерализм және неолиберализм, консерватизм және неоконсерватизм, социал-демократия, коммунизм, фашизм.

Қазіргі кезде табиғатына қарай идеология прогрессивтік және реакциялық, либералдық және радикалдық, ұлтшылдық және шовинистік болып жүр. Сондай тарихи тәжірибеге орай антифашизм, антикоммунизм идеялары да өрістеу үстінде.

Саяси идеологияның тұңғыш түрлерінің бірі – либерализм. (Латынның либералис – еркін деген сөзінен). Оның негізін салушылар: Дж. Локк, Ш. Монтескье, С. Смит, И. Кант, Т. Джефферсон, А. Токвил, Дж. Милль. Ол феодалдық қоғам ыдырап, буржуазиялық қоғамдық қатынастар қалыптаса бастаған дәуірде пайда болады. Буржуазия ол кезде экономикалық жағынан еріксіз еді. Сондықтан өзінің саяси билікке деген дәмесін, талабын либеральдық саяси доктрина арқылы білдірді. Бүгінгі таңда либерализм – ең кең дамыған идеологиялардың біреуі. XX ғасырдың бірінші жартысындағы (1929-1933) терең дағдарыс либерализмнің әлеуметтік теңсіздіктің өсуін тоқтатуға мүмкіндігі аз екендігіне көз жеткізді. Шексіз бәсекелестік пен нарық адамдар арасындағы үйлесімділікке, экономиканың гүлденуіне әкелмейді. Сондықтан, либерализм өз идеяларын қайта қарауға тура келді және ол жаңарған либерализм (неолиберализм) деген ат алды.

Консервативтік (латынның консервативус-қорғаушы деген сөзінен) идеология Ұлы Француз революциясының (1789ж) саяси идеялары мен оқиғаларына жауап ретінде дүниеге келді. Бұл революцияны олар қоғамдық былықтың, бүлікшілік пен күйзелістің себебі деп санады. Бірақ ол бастауын XVII ғасырда пайда болған дәстүрлік діни-монархистік қорғаушы ағымынан алады. Консерватизмнің негізін қалаушыларға ағылшын философ және мемлекет қайраткері Эдмунд Берк (1729-1797), француз публицисі және қоғам қайраткері Жозеф де Местр (1754-1821), немістің тарихшысы, құқықтанушысы Фридрих фон Савиньи (1779-1861), Австрияның канцлері Меттерних (1733-1859) және т.б. жатады. XIX ғасырдың аяғы XX басында консерватизм негізгі қағидаларына өзгерістер енгізді. Ол еркін нарықтық қатынастар, алуан түрлілік және саяси демократия принциптерін қабылдады. Осы ғасырдың 70-жылдарынан Батыстағы консервативтік ой-пікірдің жетекші бағыты

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

жаңарған консерватизмге (неоконсерватизмге) айналды. Ол жеке адамның құқықтары бостандықтарының басымдығын мойындауға бет бұрды.

Коммунистік (латынның коммунис – жалпы деген сөзінен) идеялар XIX ғасырдың орта кезінде дүниеге келген. Негізін салғандар К. Маркс (1818-1883) пен Ф. 7 Энгельс (1820-1895). Олар жаң-жақты дамыған, еркін адамды қалыптастырғылары келді. Ол үшін тап күресі жүргізілуі, жұмысшы табы буржуазияны құртуы керек. Олардың ойынша, социализм орнататын бірден-бір құрал — социалистік революция. Оны жасай алатын бірден-бір күш – жұмысшы табы. Мемлекеттік биліктің таптық сипаты болады. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында марксистік саяси идеология революциялық және реформистік болып екіге бөлінді. Революциялық ағымды В.И. Ленин басқарды. Рюмистік идеялар немістің социал-демократы Э. Бернштейн еңбегінде дамытылды.

Сонымен қатар, социал-демократия идеологиясы, фашизм, неофашизм идеологиялары бар. Фашизм (Италияның фашизм-бірлестік деген сөзінен шыққан) 1919 жылы Италия мен Германияда пайда болған. Негізін салушылар: Ф. Ницше, Дж. Джентилье, О. Шпенглер.

Саяси мәдениеттің қоғамның саяси жүйесінің негізгі құрамдас бөліктері есебіндегі мән - мағынасы, орны, атқаратын қызметі қандай деген мәселелер осы тақырыптың мазмұны болып табылады. Саяси мәдениет нақты әлеуметтік және саяси практика негізінде қалыптасады және олардың бейнесі, көрінісі болып табылады. Саяси өмірге қатысушылардың түсінігі, мәнділік бағдарлары мен ұмтылыс - мақсаттары, сондай - ақ, олардың сезім - күйлері, наным пиғылдары мен мінез - құлықтары саяси сана мен саяси мәдениеттің мазмұнын құрайды. Ол нақтылы саяси жүйенің сипатын, қазіргі саяси тәртіптің мәнін, қоғамдық топтардың саяси санасы мен іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін, саяси процестердің даму жолын және бағытын түсінуге мүмкіндік береді. Саяси мәдениет адамдардың жүріс-тұрысы мен әр түрлі ұйымдардың қызметіне, олардың ішкі және сыртқы саясат құбылыстарын ұғынуға, саяси болжам жасауына тікелей әсер етеді. Бұл ұғымның саясаттануға енгеніне көп болған жоқ. XX ғасырдың 50 жылдарының екінші жартысы — 60 жылдардың басында Г. Алмонд, С. Верба, Л. Пай деген Американың зерттеушілері мен олардың шәкірттері саясатқа да, мәдениетке де қатысы бар өзгеше қоғамдық құбылыс жөнінде бірнеше жұмыстар бастырып шығарды. Олар кейін “саяси мәдениет” деген атпен кең тарап кетті. Бірақ бұдан саяси мәдениет жөнінде бұрын еш қандай ой-пікір болмаған екен деген ой тұрмауы керек. Себебі, антикалық ойшылдар, атап айтқанда, Платон (“Мемлекет”, “Зандар” деген еңбектерінде), Аристотель (“Саясат” деген еңбегінде), кейінірек Н. Макиавелли, Ф. Бэкон, Ш. Монтескье және басқа ойшылдар да бұл мәселеге көңіл аударған. Олар әр түрлі салт-дәстүрлерде тәрбиеленген, әрқилы әлеуметтік және саяси тәжірибе алған адамдар бірыңғай, біртектес жағдайды әр түрлі сезіп, оған сан қилы жауап қайтаратындығын байқаған. Бұл нәліктен, неге байланысты болатындығын білгілері келген. Сол сұрақтарға жауап іздеген.

Саяси мәдениет тұжырымдамасын белгілеп, оның негізгі пікірлерін жасауға М. Вебер, Э. Дюркгейм, Т. Веблен, Т. Парсонс сияқты батыстың ірі саясатшылары мен әлеуметтанушылары да елеулі үлес қосты. Ал жалпы “саяси мәдениет” деген ұғымды бірінші қолданып, ғылыми әдебиетке енгізуші деп XVIII ғасырда өмір сүрген немістің ағартушысы, фелсафашы Иоганн Гердерді санайды.

Саяси мәдениеттің негізгі қызметтері: 1.Танымдық қызметі 2.Реттеушілік қызметі 3. Тәрбиелік қызметі 4.Біріктірушілік қызметі 5. Қорғау қызметі.

Қазіргі саясаттану ғылымында «саяси даму» ұғымының жалпытаныған анықтамасы жоқ. Көбінесе саяси әдебиеттерде саяси даму мына мәндерге ие болады:

- экономикалық дамудың алғышарты;
- өндірістік қоғамға тән саясат;
- саяси модернизациялау;
- ұлттық-мемлекетті басқару;
- әкімшілік және құқықтық даму;
- жаппай жұмылдыру және қатысу;
- демократиялық қоғамды құру;
- өзгерістер сабақтастығы мен тұрақтылығы;
- әлеуметтік өзгерістердің көпжақты процесінің бір аспектісі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Саяси ілімдер тарихында саяси дамудың әр түрлі концепциялары қалыптасқан. Мәселен, саяси дамудың **либералдық өкілдері**, саяси дамудың өлшемі ретінде адам құқығының жоғарылығын, мемлекеттің азаматтық қоғам бақылауында болуын, плюрализм мен рухани бостандықты алады. Ал, **консерваторлар**, саяси дамудың негізгі құндылықтары ретінде саяси іс-әрекеттегі моралдық басымдылықты, басқарудың алдыңғы формасымен сабақтастықты, билікті ұйымдастыруда базалық қалыптары мен қағидаларын сақтауды есептейді. **Марксизм**, саяси жүйе дамуының өлшемін жеке меншіктің қоғамдық меншікке ауысуымен, жұмысшы табының гегемондығымен және коммунистік партияның жетекшілік рөлі артуымен байланыстырады. Демек, алдыңғы екі бағыт демократияның тоталитаризмге, ал марксизм болса социализмнің капитализмге үстемдігін қолдайды.

Бірақ, саяси процестер аяқталмаған транзитті қоғамда бұл өлшемдерді пайдалану қиындық тудырып ғана қоймайды, кейде даму идеясының өзіне қарама-қайшылық тудырады. Мәселен, билікті демократиялық негізде институттау, плюрализмді кеңейту басқарудың деспоттық формасының қалыптасуына, немесе қоғамды басқаруда жағымсыз салдарлардың тууына алып келуі мүмкін.

Саяси даму – саяси құрылымдар, қалыптар, институттардың жаңа әлеуметтік, экономикалық және т.б. мәселелерді тез арада қабылдау қабілеті мен сезіну икемділігіне, әрі қоғамдық пікірді қабылдау мүмкіндігіне тәуелді. Демек, кері байланыстың тұрақты механизмі қалыптасуы тиіс, бұл дегеніміз басқарудың тиімді буындары тұрғындар пікірлерін есепке алуға қабілетті, шешімді тиімді таратушы, саяси жүйе шиеленісті реттеудің икемді механизміне айналған және билікті қолданудың тиімді жолдарын тандаған деген сөз. Мұнда бұл мемлекет қандай нақты ұлттық-мемлекеттік форманың өзгерісін иеленетіндігі ешқандай мәнге ие болмайды, қандай партия, қандай идеология саясатты анықтайтындығы ешбір рөл атқармайды. Ең негізгісі, саяси институттардың жаңа проблемелерді шеше білу қабілетінде, оның қоғаммен ашық сипаттағы қатынасы билік жүйесінің жағымды динамикасын, өмір сүрудің жаңа сапасына өткендігін бейнелейді. Бұл пікірді Д. Истон, Г. Алмонд және Г. Пауэлдің саяси жүйедегі ең бастысы оның құрылымында емес, іс-әрекетінде деген тұжырымдары да растайды.

Саяси даму дегеніміз саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің дамуы және талап-қолдау және саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуы.

Саяси дамудың мақсаты қандай да бір тиянақты саяси қатынас пен қалыпты қалыптастыру немесе өзгерту емес, саяси институттар мен ашық түрдегі саяси жүйе арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу. Саяси даму процесі саяси жүйенің ішінде оның мақсатының мынадай факторлармен – әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылық, теңдік, қатысу т.б. өзара байланысы болуын талап етеді. Табысты бөлудегі теңсіздік пен саяси қатысуды күштеп шектеуге талпынған даму жағдайында әлеуметтік қиналыс, саяси тұрақсыздық күшейеді, сөйтіп саяси даму процесі бұзылады.

Саяси дамудың эволюциялық жолы үшін қажетті жағдайлар мыналар:

- 1 тұрғындардың шешім қабылдау мүмкіндігін кеңейту, қоғамдық сұраныс пен мүддені есепке алу;
- 2 билік үшін күресте әділ және еркін бәсекелестікті орнату;
3. шиеленісті шешудің тиімді механизмін қалыптастыру;
- 4 саяси жетекшілердің біліктілігі, хабардарлығы, қарсыласымен келісімге келе білу қабілеті, күштеуге жол бермеу;

Саяси жүйедегі даму процесі:

1 талаптар мен қолдауды артикуляциялау, оны әр түрлі күштеу топтары мен саяси партиялар атқарады. Егер олардың қызметі шектелетін болса, онда саяси жүйенің бейімделу мүмкіндігі әлсірейді. Талаптарды електеу, белгілі бір каналдарға бөлу. Ол мәдени әрі құрылымдық болып екіге бөлінеді. Құрылымдық немесе саяси түрі, оған партия, жоғары қабат, парламентаризм жатады. Мәдени реттеуге саяси қалыптар, құндылықтар, түсініктер, көзқарастар жатады. Сондықтан мұнда саяси әлеуметтендіру рөлі басым. Талаптарды қысқарту, топтастыру, баламалық талдауды қалыптастыру. Бұл қызметті саяси партиялар тиімді атқарады. Қазақстан Республикасында саяси партиялардың

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

әлсіздігі саяси жүйенің сыртқы және ішкі өзгерістерге тез арада бейімділуінің стратегиялық потенциалын төмендетуде.

2 Кері байланыс қоғамдағы шиеленістерді шешудің бірден-бір көзі, ол биліктің саяси жүйеге түскен талап-тілектерді реттеу қабілетіне байланысты. Кері байланыс саяси жүйенің өзінің мақсатына қаншалықты жеткендігін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында саяси жүйе кері байланыс әлсіздігінен қиналысқа ұшырауда. Бұл саяси жүйенің ақпараттар каналдарының қызметі әлсіздігіне байланысты.

К. Дойч саяси жүйе өз мақсатына жетуі үшін мына төрт факторға тәуелді деп есептейді:

- жүйенің ақпараттармен жүктелуі;
- саяси жүйе реакциясының жылдамдығы;
- саяси жүйенің жаңа фактілерге тез, әрі сапалы жауап қайтаруы;
- мақсатты нақты белгілеу.

Демек, саяси жүйе қызметінің тиімділігі қамтамасыз ететін факторларға айналымдағы ақпараттардың жеткіліктілігі мен сапасы, жүйенің сыртқы ықпалдарға жауап қайтару жолдары мен формалары, сонымен қатар коллективтік әрекет арқылы білдіру, оның нәтижесінің бастапқы мақсатқа сәйкес келуін жатқызуға болады.

Саяси модернизация теориялары мен түрлері. Саяси модернизация дегеніміз саяси жүйенің әлеуметтік мақсаттарға бейімделу қабілетінің үнемі және табысты дамуы, сонымен бірге үкімет пен халық арасында тиімді байланыстың механизмдерін қалыптастыру. Демек, саяси саладағы модернизация әлеуметтік талаптарды қанағаттандыру және мемлекет пен саяси қатысудың ортақ тетігін табуы тиіс.

Модернизация мақсаты – белгілі бір жетістік пен табысқа жету. Мұнда нарық пен азаматтық қоғам қағидаларына негізделген әлемдік экономика стандарттарына жету міндеті қойылады.

Модернизация теориясының классиктері: О. Конт, К. Маркс, М. Вебер, Г. Зиммел, Ф. Теннис, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс болып табылады. Бұл аталған ғалымдардың ұсынған модернизацияның классикалық теориялары мен еңбектері мыналар:

1. О. Конт, «адамзат дамуындағы үш кезең» идеясы;
2. К. Маркс, «тарихи материализм» теориясы;
3. М. Вебер, «рационализация» (ұтымды ету) теориясы;
4. Г. Зиммел, «абстракция» теориясы;
5. Ф. Теннис, «қауымдастық» және «қоғам» туралы теориялар;
6. Э. Дюркгейм, «механикалықтан органикалық ынтымақтастыққа өту» теориясы;
7. Т. Парсонстың «әлеуметтік жіктеу рөлін талқылау» идеясы.

Модернизациялау үдерісін зерттеп, сипаттауға қажетті саяси дамудың әртүрлі тұжырымдамалары бар. Олар: 1 «модернизация»; 2 «даму»; 3 «артқа қалу»; 4 «тәуелділік».

Демократиялық модернизациялану процесін американдық зерттеуші К. Менгес сатыларға бөліп көрсетті;

Біріншісі, дағдарыс пен бұрынғы режимнің моральды-саяси төзуі;

Екіншісі, әр түрлі коалициялардың жеңісі немесе жартылай жеңісі;

Үшінші, бұрынғы режиммен қалған кейбір жетекшілер мен ұйымдардың билікке қайта оралуы.

Демократиялық мордернизацияның өзіндік, қазақстандық жолын Н.Ә. Назарбаев ұсынды: «Халықтың көпшілігі қолдаған қазақстандық жол – сызбаны көз жұма көшіре салу емес, өзіндік жолды іздеуге ұмтылу. Мұнда біз басшылыққа алатын басты қағида – қан мен хаосқа толы демократия бізге керек емес. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және халықаралық тұрақтылық».

Модернизацияның түрлері:

1 Классикалық спонтанды үлгісі, (Батыс Еуропа елдері, АҚШ, Австралия) феодалдық қоғамның әртүрлі құрылымының модернизациясының жүйелілігі қазіргі қоғамның негізгі құрылымдарының пайда болуына түрткі болды.

2 Модернизацияның екінші үлгісі, кешіккен және негізгі емес үлгі (Жапония, Бразилия, Аргентина, Пиреней түбегі).

3 Кешігу модернизациясы үлгісі (Испания, Португалия).

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Қазақстан Республикасындағы саяси модернизация. Еліміздегі саяси жаңғырту мен даму стратегиясының негізгі бағыттары «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» (1992 ж.), «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтар-дың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиялық бағдарламасы (1997 ж.), «**Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты**» (2012 ж.) сияқты бағдарламаларда айқындалған. Сонымен бірге, еліміздің саяси даму бағыттары ҚР Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған жолдауларында және Қазақстан халқы Ассамблеясының отырыстарында сөйлеген сөздерінде жан-жақты талданып, одан әрі дамыту жолдары ұсынылып отырылады. Президенттің «Ғасырлар тоғысында» (1996 ж.), «Тарих толқынында» (1997 ж.), «Сындарлы он жыл» (2002 ж.), «Тәуелсіздік белестері» (2003 ж.), «Қазақстан жолы» (2007 ж.) атты кітаптары еліміздегі саяси жаңғыртудың ауқымы мен бағытын ұғынуға, сондай-ақ мемлекеттік саясат пен еліміз дамуының стратегиялық жоспарындағы негізгі басымдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Саясаттану окулықтарында саяси жаңғыртудың түрлерін атап көрсетіледі, олар:

1. классикалық спонтанды үлгі, (Батыс Еуропа елдері, АҚШ, Австралия) феодалдық қоғамның әртүрлі құрылымының жүйелі жаңғыруы негізінде қазіргі қоғамның басты құрылымдарының пайда болуы;
2. жаңғыртудың кешіккен және негізгі емес үлгісі, (Жапония, Бразилия, Аргентина, Пиреней түбегі) жаңғыртудың кейбір алғышарттарының (нарықтық қатынас, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет т.б.) болмауымен ерекшеленді, өзгерістер синхронды емес, авторитарлы сипатқа негізделінеді;
3. кешігу жаңғырту үлгісінде (Испания, Португалия) бірінші саясат екінші экономика деген қағида ұсталынады. Дамыған қоғамға өту саяси мәселелерді шешуден, мемлекеттік институттарды құрудан, конституция даярлаудан, ұлттық-мемлекеттік құрылымның жалпы қағидаларын анықтаудан басталды. Ал, экономикалық жаңғырту кейінге қалдырылып, оған тек саяси мәселелер шешімін тапқан соң қайта келеді.

Н.Ә. Назарбаев елімізде алдымен экономика содан соң саясат деген принципті ұстану міндетін ұсынды, дегенмен, қоғам өмірінің барлық саласында жүргізілетін реформалар тиімділігі саяси тұрақтылық пен демократиялық қағидалардың қоғам өмірінің барлық саласы мен саяси санаға саяси құндылық ретінде енуіне тәуелді. Мәселен, «Қазақстан-2050» Стратегиясында жаңа елдің іргесін қалау міндетін үш бірдей жаңғырту негізінде шешілді деп атап көрсетілген болатын, олар:

- мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау;
- әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау;
- қоғамдық сананы қайта өзгерту.

Қазақстанда саяси тұрақтылықтың сақталынуы, бұл мемлекеттіміздің даму кезеңдерінде саяси реформаларға басымдық мән беруінің нәтижесі деп санаймыз. Қазақстан - 2050 Стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жетістіктері атап көрсетілді, олар мыналар:

1. қуатты да табысты мемлекет;
2. демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі;
3. түрлі әлеуметтік, этникалық және діни топтардың келісімі мен татулығы;
4. ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз;
5. қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен әлеуметтік саясат;
6. әлемдік қауымдастық таныған ел;
7. ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді рөліміз.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бұл жетістіктеріміз қазақстандық дамудың үлгісі Жаңа саяси бағыттың негізі болуға тиіс деп атап көрсетті.

Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, ол үшін мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру міндеті ұсынылды. Мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастырудың негізгі саяси бағыты мыналар:

1. мемлекеттік жоспарлау және болжау жүйесін одан әрі жетілдіре түсу;
2. басқаруды орталықсыздандыруды сауатты жүргізу,
3. кәсіпқой мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

4. мемлекеттік аппарат пен бизнес- қауымдастықтың жаңа өзара іс-қимыл жүйесін құру;
5. мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануы тиіс;
6. мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс;
7. құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің реформасын жалғастыру [2].

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың биылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясын әрі қарай тарата түсетін Жолдау болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасы негізінде ұсынған ұзақмерзімді басымдылықтың жетіншісі – мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру, мына міндеттерді ұсынды:

1. адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі, жоғары құқықтық мәдениет ахуалын қалыптастыру;
2. мемлекеттің үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдерін қалыптастыру;
3. сот жүйесі ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс;
4. мемлекеттік кәсіпорындардың, ұлттық компаниялар мен бюджеттік мекемелердің кадр саясатына меритократия қағидаттарын енгізуі;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру;
6. жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру .

«Қазақстан-2050» Стратегиясы еліміздің мемлекеттік институттарының саяси дамуына, мемлекеттің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің жетілуіне және талап-қолдау мен саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуына алып келеді. Еліміздегі саяси жаңғыртудың мақсаты мемлекеттік институттар және ашық түрдегі саяси билік арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу болып табылады.

Американдық ғалым Г. Алмонд саяси даму саяси жүйенің тұрақтылықты қолданып қоғамды жаңғыртуды жүзеге асыруға қабілеттілігі, ал екінші жағынан, элементтердің өзара байланысының жиынтығы деп сипаттаған болатын. Демек, қоғамдағы саяси даму бүкіл қоғам өмірінің барлық саласындағы сапалық өзгерістерге тәуелді болады. Мұнда шешуші рөлді мемлекеттік институттардың дамуы мен сапалық өзгерістері атқарады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей саяси жүйені жаңғыртудағы маңыздысы құрылымын өзгертуде емес, оның іс-әрекеті мен қызметін жетілдіруде. Сондықтан, саяси жүйені жаңғырту мыналарға:

- саяси институттардың жаңа проблемаларды шеше білу қабілетін арттыруға;
- қоғаммен ашық сипаттағы қатынасын жетілдіруге;
- саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетін көтеруге;
- талап-қолдау және саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмін жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, **ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы** мемлекеттің болашақ даму міндеттері мен саяси бағытын айқындайтын кешендік және жүйелілік сипатқа ие тарихи құнды құжат.

Қоғамдық-саяси тұрақтылық уақыт бойынша тұрақты және өзгеріссіз болмайды. Бұл объективті және субъективті факторлар ықпал ететін қолдан жасалған процесс. Қазақстанның 22 жылдан аса әлеуметтік күйзеліссіз және этноконфессиялық шиеленіссіз болуы – бұл сөзсіз ел Президенті Н.Ә. Назарбаев пен оның командасының зор еңбегінің, өздерінің саяси шешімдерінде саясатта маңызы зор саяси көрегендік қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ саяси дамудың болжамдық нұсқаларын құрастыру мен жағымды және жағымсыз сәттерді катал есептеуге негізделген салауатты прагматизмге де сүйенулері болып табылады.

Саяси салада жанжалдарды тудырмаудың, оны одан әрі өршітпеудің басты амалы - халықтың әл ауқатын көтеру, елдің жоғары әлеуметтік-экономикалық дәрежеде дамуын қамтамасыз ету. Оған қоса

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

қоғамның саяси мәдениеті биік болса, билік басындағыларға, заң органдарына деген сенім арта, беки түседі. Ал олар жеткіліксіз болса, саяси жанжалдар мен дағдарыстардың өрбуіне әкеледі.

Біраз жағдайда дау-жанжалдардың алдын алу үшін билік басындағылар әр түрлі әдіс-айлаларды пайдаланады. Мысалы, халық мүддесін қанағаттандыра алмаған жағдайда, сіздерді мынадай жарқын болашақ күтіп тұр деп үміттендіреді, жұбатады. Бір үміттен кейін келесі үміттің оты жануы мүмкін. Ол үміт шиеленісті әлсіретуге әкеледі.

Саяси жанжалдарды шешудің бірнеше түрі бар.

1. Дау -жанжалдарға бармау, одан қашқақтау әдісі. Мысалы, саяси қайраткер қарсы жақпен жанжалға түспей үшін саяси сахнадан кетеді немесе кейбіреулер бастығымен істесе алмаса, істі насырға шаптырмау үшін өз еркімен жұмыстан кетеді.
2. Кейінге қалдыру әдісі. Қарсыласпен ерегіске бармай, “ неістесең соны істе” деген сияқты, бәріне көніп жүре береді.
3. Саяси жанжалды мәмілеге келу арқылы бейбіт жолмен шешу. Мәміле деп дау-жанжалдарға қатысушы жақтардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуін айтады. Онда екі жақ бірін-бірі ұғынысып, өзара кешірімділік жасап, ортақ келісімге келуге тырысады.
4. Зорлық негізінде бітістіру, келістіру.Мұндай жағдай бір жақтың күші айтарлықтай басым болғанда, екінші жақ жеңілгенде немесе оны толық жойып жібергенде туады.
5. Аралық сот немесе арбитраждық сараптау әдісі.Мұнда қарсы жақтар дау, талас тудырған мәселені тексеруге өз еркілерімен үшінші жаққа береді. Оның шығарған шешімін екі жақ та мойындайды. Мұндай жағдайда төрелік етуші қазы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей ережелерін, елдің конституциялық тәртібін және т.с.с. шарт талаптарын басшылыққа алады.

3.Этносаяси жанжалдар. Этносаяси жанжалдарға этностар, ұлттар арасындағы дау-дамайлар, шиеленістер жатады. Басқа саяси-әлеуметтік егес, дау-шараларға қарағанда ол өте күрделі және шешілу жолы қиын мәселе.

Этносаяси жанжал тудыратын мәселенің бірі-- этникалық ұлтшылдық. Мұнда біраз ұлттың өкілдері өз алдына автономия алу, тұтастығын және өзгешелігін сақтау мақсатын қояды. Ол идеология немесе қозғалыс ретінде көрініс беруі мүмкін. Ондай этнос негізі үш мақсатты алға қояды:

- автономия мен өзін-өзі қамтамасыз ету;
- белгілі бір жерге, аумаққа иелік ету құқығын алу;
- өз мәдениетін жалпы мемлекеттік мәдениеттік мәдениетпен бірдей мәртебеге жеткізу.

Этностық ұлтшылдықтың басты саяси мүддесі -түптеп келгенде өзінің мемлекеттігін орнату. Мұндай ұлтаралық қақтығыстар қазіргі таңда жеткілікті. Мысалы, Солтүстік Ирландия мен Англия, грузиндер мен абхаздықтар, осетиндер мен ингуштар арасындағы, Таулы Карабахтағы, Молдавадағы және т.с.с. Жанжалдар.Олардың негізінде жергілікті халықтан басқа ұлт өкілдерінің саяси және азаматтық құқықтарының қысымшылық көруі, ұлттық егемендік, ұлттық мемлекеттік құрылым мәселелерінің және т.б.б жатыр.

Этносаяси шиеленістердің пайда болуына түрткі болатын себептің бірі—этностың өз тілі, мәдениеті, діні, әдет-ғұрпының тағдарана қалыптан тыс, асыра қауіптенушілік.Оның болашағы қалай деп мазасыздану.

Әдетте ұлттық идеяны көтеріп, этносаяси жанжалдарға әкелетіндер билікке таласушы топтар мен олардың басшылары. Олар өз саяси мақсаттарына жету үшін ұлттық факторды пайдаланады. Сол үшін жылдар бойы жиналған кемшіліктерді дабыра етіп, аз ұлттардың сезімдеріне ойнап, наразылық тудырады.

Ұлтаралық саясат саласында біздің елемезде бірталай іс істелуде.1995 жылдың 1 наурызында Н.Ә:Назарбаевтың жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Ол республикалық барлық ұлттық- мәдени орталықтарды қамтиды. Ұлттық саясат саласында жаңа заң жобаларына қоғамдық сараптау жасайды. Мысалы, “Қоғамдық бірлестіктер туралы”, “Мәдениет туралы”, “Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы” және т.б. Заң жобаларына қорытынды дайындап, Парламентке жіберді.

Алайда экстремистік пиғылдағылар елімізде кездеседі. Мысалы, 1999 ж. Казимарчук деген содыр өз жақтастарымен Өскеменде төңкеріс ұйымдастырмақ болды. Оның сұрқия жоспарын

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

қазақстандық арнаулы органдар дер кезінде ашып, ойындағысын жүзеге асыртпады. Егер бұл әрекет жүзеге аса қалса Шығыс Қазақстандағы, тіпті еліміздің басқа өңірлеріндегі жағдай тұрақсызданатыны сөзсіз еді. Сондықтан барлық жұртшылық болып ондай әрекеттерге жол бермей, қазақстандық патриотизмді, ұлтжандықты, отансүйгішті республика тұрғындарының бойларына сіңіріп, жеріміздің тұтастығын, еліміздің тыныштығын көздің қарашығындай сақтап, оның гүлденіп, көркеюі үшін оқуды үздік оқып, аянбай озық еңбек етуіміз керек.

Дүниежүзілік саясат деп мемлекеттердің және басқа халықаралық субъектілерінің әлемдік сахнадағы іс әрекетінің жиынтығын айтады. Ол әлемдік қауымдастықтың өміріне қатысты шешімдерді шығару, қабылдау және оларды жүзеге асыруды, мемлекеттердің түбегейлі мүдделеріне сәйкес ұстанымдар мен мақсаттарды қамтиды. Сонымен қатар, олар: сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар ұғымдарымен толықтырылады.

2. Халықаралық қатынастар деп - халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саяси экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени байланыстар және оларды іске асырушы әлейметтік, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығын айтады. Бұл айырмашылықтар, біріншіден, халықаралық қатынастарға қатысушылардың, олардың іске асырушылардың көбеюіне байланысты. Қазіргі әлемдік саясатты жүргізуде қоғамдық саяси ұйымдар мен қозғалыстардың белсенділігі артып келе жатыр деуге болады, бірақ, халықаралық қатынастарды негізгі рөлді мемлекет атқарады, себебі, ол белгілі бір әлеуметтік топтың немесе саяси ұйымның емес, жалпы қоғамның мүддесін қорғайды. Сондықтан оған басқа елдермен сыртқы саясатты жүргізгенде келісім шарттар жасау, соғыс ашу т.б. заңды түрде іске асыруға өкілдіктер беріледі.

3. Сыртқы саясат жеке мемлекеттердің дүниежүзілік дәрежеде жүргізген іс әрекеті жатады. Ал халықаралық саясатқа мемлекеттік не топтық мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттер, жеке адамдар арасындағы қоғамдық қатынастар кіреді.

Сыртқы саясаттың қалыптасуына әр түрлі жағдайлар ықпал жасайды. Оның ішінде ең маңыздысы – мемлекеттің орналасқан географиялық ортасы. Оған жер бедері, ауа райы, топырақ, жер қойнауының табиғи байлықтары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғи қатынас жолдары және т.б. Географиялық орта өндіргіштерді орналастыруға, жалпы қоғам дамуына сан қилы әсер етеді. Айналадағы табиғи ортаның қоғам дамуына әсер ететін зерттейтін географиялық бағыт деген теория пайда болды. Оның негізін салушы француздың белгілі фәлсафа ағартушысы- Ш.Монтескье. Ол халықтардың материалдық және рухани өмірі географиялық ортаның жағдайларына тәуелді деп санады.

Халықаралық саясатты қалыптастыруға идеологияның да қатынасы бар. Қай елде болмасын жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, әділдік пен әділетсіздік, адамдар арасындағы қарым – қатынастар, қоғамның әлеуметтік даму заңдылықтары жөнінде өзіндік түсініктері, ой пікірлері болады. Бұл көзқарасты сыртқы саясатқа да әсерін тигізеді.

3. Республиканың сыртқы саясатына экономикалық байланыстарды нығайтып, дамытуда кіреді. Бүгінде республикамызда бірнеше шетел фирмаларының, банкілерінің, өзге ұйымдардың өкілдері бар. Қазақстан қазіргі әлемнің 80 – не астам елдеріне өнімдер шығарады.

Қазақстанның қазіргі сыртқы саясатының негізгі мақсаттары мен принциптері:

- мемлекеттік мүддені қорғау;
- елімізде экономикалық реформаларды жалғастыру; демократиялық институттарды күшейту үшін сыртқы жағдайды барынша қамтамасыз ету;
- әлемдегі барлық елдермен тең құқықты және серіктестік қатынастарды дамыту;
- ғаламдық және аймақтық интеграциялық процестерге белсене қатысу;
- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты тереңдету;

Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі, оның ажырағысыз бөлігі болып еніп отыр. Ол өзінің сыртқы саясатында барлық ұлттармен, көршілермен тең дәрежелі достық қатынас орнатпақ. Сонымен қатар, республикамыздың халықаралық деңгейде мүдделі болып отырған көкейтесті мәселелері – қарусыздану және халықаралық қауіпсіздікті нығайту, аймақтық жанжалдарды реттеу және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциялардың тиімділігін арттыру, адам құқықтары, айналадағы ортаны қорғау.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

4. Иллюстрациялық материал: презентация

https://docs.google.com/presentation/d/1375yELQI3Ce_dhrhZKaw5inbQJm6-fHX/edit?usp=drive_web&ouid=106659929443614445216&rtpof=true

5. Әдебиет: (Қосымша 1)

Негізгі: 10,12,13,17,18

Қосымша: 7,8,9,10,11,12,13,14

Электронды оқулықтар: 1,2,11,12,13,14,15,16

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Саяси мәдениеттің мәні мен негізгі модельдерін атаңыз.
2. Саяси әлеуметтенудің мәні, кезеңдері, үлгілерін анықтаңыз.
3. Саяси модернизацияның мақсаттары, кезеңдері мен факторларын атаңыз.
4. Бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам Ұлт жоспарының мазмұнын атаңыз. «Қазақстан-2050 Стратегиясы»-ның негізгі бағыттары қандай?
5. Саяси шиеленістер мен дағдарыстардың себептерін түсіндіріңіз.
6. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның рөлі қандай?

«Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)»

Мәдениеттану және психология

№9 дәріс.

1. Тақырыбы: Мәдениеттің тілі және морфологиясы.

2. Мақсаты: мәдениеттің морфологиясы мен тілі ұғымдары және мәдениеттің аксиологиялық, өркениеттік, құрылымдық, антропологиялық, экономикалық концепциялары туралы түсініктерін қалыптастыру.

3. Дәріс тезистері:

1. Мәдениет түсінігінің қалыптасу тарихы: мәдениеттің мәнін және қызметін анықтау ыңғайларының көптүрлілігі.
2. Мәдениетті аксиологиялық, өркениеттік, құрылымдық, антропологиялық, экономикалық түсіндіру.
3. Мәдениет тілі. Мәдениет белгілер мен мәндер әлемі ретінде. Қазақ тілі және оның тұлғаның мәдени-этникалық бірегейленуіндегі рөлі.

1. Мәдениет» (культура) сөзі – әрбір адамның сөздік қорында кездеседі, бірақ та бұл сөзге сан-қилы мән-мағына беріледі. Мәдениет бірде рухани өмір құндылығы ретінде түсіндірілсе, кейде ол өнер, әдебиет құбылыстарына жатқызылады, сондай-ақ мәдениетті шаруашылық міндеттерді шешуге қатысты идеология ретінде қарастыратын дәстүрлерде бар. Мәдени құбылыстарды көптеген нақты ғылымдар – археология, этнография, тарих, социология, сондай-ақ, сананың түрлі формаларын қарастыратын философия, өнер, эстетика, дін, мораль және т.б. зерттеген түсініктер бар.

Мәдениет (культура) термині қоғамдық және гуманитарлық пәндердің категориялық аппаратына ене отырып, онда химиядағы – зат, физикадағы күш, биологиядағы – организм секілді маңызды роль атқарады. Жалпы мәдениет күнделікті жай ғана баға беруден бастап, ұқыптылық, сапалылық, орындылық, шеберлік түрінде көрінеді. Көп жағдайда мәдениеттілік қала өміріне, сауаттылыққа, рухани сұранымға, ғылым жетістігіне де қатысты түсініктемеде ұғындырылады.

Мәдениет – бұл, ғалымдардың айтуынша, осыдан 40 мың жылдай уақыт бұрын қалыптасып дамыған «Саналы адам» (Homo sapiens) өмірімен бірге біте қайнасып келе жатқан ең ежелгі құбылыстардың бірі. Әлемдік мәдениет алғашқы қауымдық құрылыстан бастау алады. Осы кезеңде, яғни осыдан 40 мың жылдай бұрын биологиялық эволюцияның

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

күрделенуі мен түрлерінің өзгеруі нәтижесінде «Саналы адам» (Homo sapiens) қалыптаса бастады. Олардың өздеріне ғана тән. мінез-құлықтары мен өмір сүру ережелері мен дәстүршілдік қасиеттері қалыптасты. Ол өз кезегінде адамдардың мінез-құлықтарын, мәдениетін де айқындай бастады. «Homo sapiens»-ке тән алғашқы белгілердің бірі «екінші табиғатты жасау» мен мәдени құндылықтар жасай алу қабілеттерінің пайда болуы. Әдетте, мәдениетке адамның ықпалымен, оның қолымен жасалынған нәрселердің барлығы да жатқызылады. Адамға тән осындай жасампаздық, әрине, материалдық және рухани тұрғыда болады, сондықтан да мәдениет о бастан-ақ жасалуына орай: материалдық және рухани болып екіге бөлінеді.

Материалдық мәдениет бұл адамдардың материалдық өндірісінің, қызметінің нәтижелерін: өндіріс пен тұрғын үйді, тұрмыста тұтынатын заттарын, киім, көлік, байланыс құралдары мен дене тәрбиесін және т.б. қамтиды, қысқаша айтқанда, адамның қолымен жасалынған өзін қоршаған заттық ортасы.

Материалдық мәдениетке еңбек пен материалдық өндіріс мәдениеттері, тұрмыс мәдениеті, тұрғылықты мекен-жайдың, ауыл, қала мәдениеттері, адамның өзінің кескін-келбеті мен сымбатына деген қарым-қатынас мәдениеті де жатады

Рухани мәдениет – философия, құқық, этика, эстетика, ғылым, білім, әдебиет, діни-мифологиялық сенімдерді, яғни адамдардың рухани дүниесін қамтитын сананы қарастыратын таным, адамгершілік, тәрбие беру және білім алуды қамтиды. Рухани мәдениет ол көп салалы болып келеді де философиялық, адамгершілік, көркемдік, құқықтық, педагогикалық, діни-танымдық және интеллектуалдық мәдениеттерді қамтиды.

«Мәдениет» (культура) термині латынның «cultura» сөзінен келіп шыққан, топырақты өңдеу, культивация жасау деген ұғымды білдіреді. Гректер культура ұғымын «пайдея» - бала жетектеуші, білім беруші, ал римдіктер тәрбиеші, ұстаз мағынасында қолданған, араб тілінде «маданият» - қала деген мағынаны білдірді. Мәдениет ұғымы және оның мәні туралы ерте дәуірден бастап-ақ философтардың еңбектерінде көзқарастар қалыптасқан. Б.з.д. 45 жылы рим философы М.Цицерон «Тускулан әңгімелері» шығармасында мәдениет дегеніміз адам жанын рухани жетілдіру деп түсіндірген. «Мәдениет» түсінігінде адам өмірінің шығармашылық қызметі мен оның биологиялық формасының арасындағы айырмашылық жатады.

Мәдениет жайлы түсініктердің тарихи қалыптасып дамуына, оларды ғылым саласы ретінде жүйелеп саралауға неміс оқымыстылары көп еңбек сіңірді. Алайда, олардың мәдениеттануды жеке ғылым саласы етіп жасауға ұмтылғандарымен, алғашқыда оның зерттеу саласы тек қана дін болып қалды. Ал мәдениеттану өзінің дербес зерттеу объектісі бар бүгінгі кейпінде XXғ ғана пайда болды.

Мәдениеттану ғылымының қалыптасуына американдық ғалым Л.Уайт (1900-1975) өзінің «Мәдениет жайлы ғылым» (1949) атты кітабы арқылы көп еңбек сіңірді. Оның еңбегі мәдениеттің зерттеу пәнін анықтауда өте зор. Ол өзінің осы танымал еңбегінде мәдениеттанудың зерттеу объектілерін топтастыра келіп, үш жүйені бөліп көрсетеді. Олар: технологиялық, әлеуметтік және идеологиялық жүйелер. Оның біріншісі өндіріс құралдарын қамтып, адам мен табиғаттың өзара қатысын реттеуге бағытталған. Екіншісі адамдар арасындағы – экономикалық, адамгершіліктік, саяси қатынастарды құрайды. Үшінші жүйенің мазмұны идеялар, наным-сенімдер, аңыз-әпсаналар және білімдерден тұрады. Бұл жүйелердің ішіндегі бастысы ретінде алғашқы жүйені атап өтеді.

2. Мәдениеттің құрылымы: мәдени түрлердің саналуандығы және мәдени құрылымның күрделілігі.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Адамның жасаған әрекеті алдымен ойда, рухта пайда болады, тек содан кейін ғана белгілер мен нәрселерде көрініс табады.

Мәдениет құрылымы: рухани мәдениет және материалдық мәдениет.

Рухани мәдениет дегеніміз - білім, идея, заң, мінез-құлық, ережелер, белгілер, әдет-ғұрып, дәстүр мен тіл болып табылады.

Материалдық мәдениет дегеніміз – тұрмыстық және өндірістік білім, өндіріс техникасы мен технологиясы және т.б. Мәдени құбылыстарды көптеген нақты ғылымдар, атап айтсақ тарих, археология, этнография, антропология, әлеуметтану сондай-ақ сананың түрлі формаларын қарастыратын философия, өнер, эстетика, дін, мораль және т.б. ғылым салалары қарастырады.

1. Мәдениет және өркениет ұғымдары көп мағыналы. Мәдениет ұғымы алғаш рет рим философы Цицеронның «Тускулан әңгімелері» шығармасында адам санасына әсер етуші, философиямен айналысу деген түсініктермен байланысты айтылған. Мәдениет ағартушылық, үлгі, білімділік мағыналарында қолданылды. И.Нидерман «Мәдениет, Цицероннан Гердерге дейінгі аралықтағы ұғымның қалыптасуы мен өзгеруі» еңбегінде мәдениет ұғымының семантикалық өзгерістерге ұшырауы туралы қарастырған. XVII ғ. бастап С. Пуффендорф мәдениет терминіне алғаш түсінік бере отырып, оны адамның қолынан шыққан заттар, табиғатпен қатар өмір сүретіндігіне тоқталған.

«Мәдениет» ұғымының мәні туралы XVIII ғ. ғылыми тұрғыдан қарастырыла бастады, жаңа заман ойшылдары табиғат пен адам арасында ерекше әлем бар, ол мәдениет әлемі деп түсіндірді.

Қазіргі ғылымда мәдениет ұғымына жүздеген анықтамалар берілген. Бұл мәдениет ұғымына жан-жақты зерттеу жасалғандығын дәлелдейді.

XIX ғ. американдық мәдени антропология мектебі өкілдері (Ф.Боас, А.Кребер, М.Мид және т.б.) мәдениеттің даму динамикасы, ұрпақ арқылы берілуі механизмі туралы мәселені қарастырды. Американдық мәдени антропология шеңберінде аккультурация әдісі (мәдени байланыстар нәтижесінде мәдени парадигмалар өзгереді) пайда болды.

Дж.Гершкович, Дж. Мелвиль, О.Оттенберг көзқарастарында этникалық қауымдардың мәдени ерекшеліктері өзара байланыс жасау барысында теңеседі.

XXғ. әлеуметтік антропология теориясында (функционалдық мектеп) Б.Малиновский, А.Радклифф-Браун маңызды орынға **әлеуметтік құрылымды** қойды. Малиновский әлеуметтік институттардың адам мінез-құлқын бақылау мен түзетудегі маңыздылығына тоқталды. Функционализм принципінде **мәдениет ішкі бүтін жүйе ретінде** қарастырылды. Әрбір мәдениет адамзаттың жалпымәдени дамуының сатысы бола отырып, бір-бірімен арақатынасы болмады.

3. «Өркениет» ұғымының этимологиясы латын тілінен *civis* (азамат), азаматтық қоғамға қатысты мағынасын береді. Римдіктер өркениет ұғымын қаланың даму деңгейімен, варварлық тайпалармен салыстырып түсінген. «Өркениет» ұғымы тәрбиелілік, білімділік, биязылық, сыпайылық деп түсінді. XVII ғ. бастап еуропалық философия ғылымына ене бастады. Адамзаттың прогресі ретінде, ал мәдениет өркениеттің прогресі түсінігі қалыптасты. Б.Фергюсон, О.Мирабо, П.Гердер және Ф.Вольтер шығармаларында өркениет **ақыл, әділеттілік және қайырымдылық** ретінде қарастырылды. Неміс классикалық философиясында **өркениетті мәдениет прогресі** ретінде түсіну идеясы (И.Кант, Г.Гегель) қалыптасты. Ж.Руссо өркениетті гумандыққа, адамгершілікке қауіп, табиғатқа қастандық деп қарады. Осылайша «мәдениет», «өркениет» ұғымдарын қарсы қою дәстүрі пайда болды. Өркениет – адамзаттың материалдық-техникалық тәжірибесі, ал мәдениет – рухани, ғылыми және көркемдікті бейнелейді. өркениет - *ақылға*, ал мәдениет – *рухқа* табынды.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

ХІХ ғ. Л.Морган өркениетке тән шаруашылық өнім сапасы, әлеуметтік бөліну, қолөнер дамуы, сауда мен қала дамуы, монументальдық құрылыс, жазу және т.б. дамуы деп қарастырды. Әлеуметтік теңсіздік жеке меншік және мемлекеттің қалыптасуына ықпал етеді. Ф.Энгельс өркениетті қоғамның даму сатысы ретінде жабайылық, варварлық және өркениет деп қарастырған.

О.Шпенглер «Закат Европы» (Европаның батуы, 1916ж.) еңбегінде мәдениетке өркениетті қарсы қойды, **адамзат мәдениетінің біртұтастығы мен жалғастығы, тарихи прогресс бүтіндігі идеясын жоққа** шығарды. Ол кез келген мәдениет шарықтап дамиды, кейін күйрейді деп есептеді. Батыс қоғамы шарықтап дамыды, енді күйреу алдында дейді. Мәдениеттің пайда болуында миф, дін маңызды роль атқарады, шарықтап дамуында философия, ғылым, өнер ерекше роль атқарады. Мәдениеттің соңғы кезеңінде *индивидуализм, ғылым күшейіп, шғармашылықтан қайталауға, құндылықтар бұқаралық сипатқа ие бола бастайды.* Осы кезеңді Шпенглер өркениет деп қарастырады. Европаның рухани дағдарысы, тұтынушылық табынудың күшеюіне алып келеді деп сенген.

Н.Данилевский «Ресей және Еуропа» (1868) жалпыадамзаттық мәдениет және өркениет болған емес, прогресс Еуропаның басымдығы емес, Шығыс пен Азияның тоқырауы деп түсінді. Әр мәдениет тірі организм, өз тағдыры бар, өркениеттің өмір сүруі шектеулі (1500 жыл).

Н.Бердяев: өркениет - өндіргіш күштердің дамуы, экономикалық реализмнің үстемдігі, тарихты материалистік тұрғыдан түсіну.

А.Тойнби: Өркениет – мәдениеттің соңы, уақыт пен кеңістік мәдени-тарихи жүйе шектеулі, өзгелерден рухани, қоғамдық шаруашылықтық, саяси ерекшелігі сақталған.

Әр өркениет тарихи жағдайларға «жауап» беру қабілеті сақталғанға дейін өмір сүреді, қоғам жауап беруге жағдайы келмей, қаруға жүгінсе өркениет өледі.

З.Гекальп: «Мәдениет-ұлттық, өркениет халықаралық категория», - деп есептеген. Әрбір өркениеттің өзіндік ойлау логикасы болады, діндері бөлек қоғамдардың бір өркениет аясында болуы мүмкін. Демек, өркениет діннен бөлек нәрсе. Дін тек қасиетті құндылықтардан құралғандықтан, оған техникалық құралдар діннен тыс жүйені құрайды.

Сэмюэль П. Хантингтон

«Өркениеттер қақтығысы» еңбегінде: «адамзаттың ажыралуы негізгі себептері мен қақтығыстарының қайнар көздері мәдениетпен байланысты. Ұлттық мәдениеттер дүниежүзілік аренада ең мықты ойыншылар болып қала береді, бірақ ұлттар мен әртүрлі өркениетке жататын топтар арасында жаһандық саясаттың ала ауыздықтары туындайды. Келешекте өркениеттерді бөліп тұратын шекаралар шайқастар шекараларына айналатын болады.

4. «Шығыс-Батыс» - мәдени-өркениеттілік дихатомиясының үлгісі ретінде. Қазіргі кезеңде өркениеттің екі типі қатар өмір сүруде: Шығыс және Батыс. Шығыс өркениетіне тән белгілер: табиғатпен тығыз байланыс, ата-баба әруағына құрмет, адам әрдайым ұжымдық ортада өзін жетілдіріп, дамытып отырады.

Шығыстық қоғам дәстүрлік сипатқа ие. Батыс өркениетіне тән белгі - индивидуализм «мен» ұғымының жарқын көрініс табуы, тәуелсіздік, кейде эгоизм басым. Батыс адамы өзін табиғат алдында жоғары қояды, табиғатты өзіне бағындыруға ұмтылады, әрекеті мақсатқа бағытталған, өзіне сенімі зор.

Бұл ерекшеліктер Шығыс-Батыс дихатомиясының пайда болуына себеп болды. Осы тұрғыдан қарастырғанда Шығыс географиялық ұғым ретінде емес, өзгеше бір әлем ретінде өзінің заңдары, ережелері мен өмір сүру логикасы тұрғысынан түсіну қалыптасты. Шығыс

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

дүниетанымын, әлемді қабылдау картинасын ұғыну барысында шығыстану ғылым саласы қалыптасты.

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация, видеоролик

https://docs.google.com/presentation/d/1eEm2f_qlSIY2NsigGSGIMVYnvOrp6fms/edit?usp=sharing&oid=108786579120977667131&rtfpof=true&sd=true

5. Әдебиет: (Қосымша 1)

Негізгі: 1,2,3,4,5,10,12,13,17,18

Қосымша: 1,2,3,4,7,8,9,10,12,14

Электронды оқулықтар: 1,2,11,12,13,14,15,16

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы).

1. Мәдениеттің маңызын қалай түсінесіз?
2. Мәдениет ұғымының тарихи қалыптасуы туралы қандай тұжырым жасауға болады?
3. Мәдениеттің құрылымы қандай?
4. Мәдениеттану пәнінің зерттеу нысаны не?
5. Мәдениеттің мәні қандай?
6. Медициналық мәдениет дегеніміз не?

№10 дәріс.

1. Тақырыбы: Мәдениет семиотикасы және анатомиясы.

2. Мақсаты: студенттерге студенттерге мәдениет және өркениет ұғымдарының арақатынасындағы ерекшеліктерді түсіндіре отырып, қазіргі қоғамдағы мәдениет және өркениет ұғымдарына өз пікірлерін айта білу дағдысын қалыптастыру.

3. Дәріс тезистері:

1. Мәдениетті зерттеулерге құрылымдық, семиотикалық ыңғайлар.
2. Мәдени код. Мәдени код түсінігі. Ұлттық мәдениеттің мәдени кодының қайталанбайтындығы.
3. Рухани мәдениет. Рухани мәдениет типтері. Әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесіндегі кұқық.

1. Мәдениеттің феномені ретіндегі өнердің өзіндік ерекшеліктері. Өнердің генезисі эстетика және эстетикалық идеал. Өнер және көркемдік мәдениет. Өнер - қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі. Оның саналық басқа формаларына, мәселен ғылым мен философиядан айырмашылығы сол, ғылым мен философия - шындықтың теориялық бейнесі болып табылса, өнер - шындықтың көркем бейнесі болып табылады.

Өнер өте ертеде шықты, алғашқы адамдар кейінгі ұрпақтарға тас балталар мен сүйектен жасалған найзалар ғана қалдырған жоқ. Сонымен қатар үлгілердің қабырғаларына салынған түрлі суреттер балшықтан, тастан жасалған мүсіндер қалдырды. Өнер қоғам дамуында зор роль атқарады оның қоғам дамуындағы ролі сол, ол адамды адамды тәрбиелеудің құралы болып табылады.

Өнер адамдарды саяси идеялық жағынан тәрбиелеп, жаңа қоғам құрылысына қажетті адамгершілік сапаларды қалыптастыруға көмектеседі. *Өнердің қоғамда атқаратын қызмет түрлері:*

- танымдық;
- коммуникативтілік;
- тәрбиелік;
- эстетикалық;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

- *эвристикалық.*

Өнер түрлерінің классификациясы кеңістіктік және уақыттық болып бөлінеді. Сонымен қатар, әдебиет, сәулет өнері, мүсіндеу, кескіндеме, графика, музыка, балет, драма, пантомима, цирк, қолданбалы-декоративті өнер – синтетикалық өнерге жатады. Мәдениет белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы. Дүниеге көзқарасының философиядан бұрынғы әлеуметтік тарихи типтеріне мифологиялық дін жатады. Мифология адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы.

2. Дін мәдениеттің сакралдық түрі. Дін – қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі. Дін, латын тілінен «религия» - «байлау», «екінші қайта оралу» мағынасын білдіреді. Діни наным – сенімдердің ежелгі түрлері: анимизм, тотемизм, фетишизм және магия. Діннің қоғамдық өмірдің мәдени салаларына әсері өнерде, салтта, рәсімде байқалады. Білімнің бастамасы діни сенімнің бастамасы, онда өнер мен адамгершілік қатынастар бейнеленеді. Мифологиядан қалған сұрақтар енді діни және философиялық сұрақтарына айналды. Мифология қойып кеткен бұл дүниеге көзқарастар туралы сұрақтарға жауап іздеудің барысында дін мен философияның жолы екі айырылды.

Дін – адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм. Діннің мазмұны әлеуметтік мәні бар негізгі құндылықтарды қасиетті деп танудан тұрады. Дін адам жан дүниесінің талпыныстарын және арман мақсаттарынан тоғыс нүктесі бейнесінде адам өмірінің толыққандылығын танытатын категория ретінде де қарастырылады. Қазіргі қоғамдағы діннің қызметі – мәдени-әлеуметтік жүйенің бірлігін сақтау болып табылады.

3. «Әдептілік», «мораль», «этика» ұғымдары. Өнегелілік – мәдениеттің айқындаушы негізі. Өнегеліліктің қалыптасуы мәдениет дамуының басты мәселесі ретінде. Мораль - әдет-ғұрыптар, нормалар, мінез-құлықтар – адамның тұрмыстағы, қоғамдағы әрекеттерін дағдылар арқылы нормативті реттеуі, құқығы. «Этос» - әдет-ғұрып, мінез, мінез-құлықтардың физиогномикасы мен түрлері, менталитет (діл). Мораль - әдет-ғұрыптар, мінез-құлықтар – адамның тұрмыстағы, қоғамдағы әрекеттерін дағдылар арқылы нормативті реттеуі және құқығы. Мораль құқық ұғымымен тығыз байланысты. Бүтін жүйе ретінде мінез-құлық мәдениеті құрылымының элементтеріне: *этикалық ойлау мәдениеті, сезім мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті, іс-әрекет жатады.* Этикет – мінез-құлық мәнерін реттейтін тәсіл.

Адамгершілік табиғаты әлеуметтік әрқашан қоғамдық қатынаспен ұштасатын нақты тарихи негізге ие болады.

Мінез-құлық мәдениеті адамның қоршаған әлемді тануы, оны игеруі. Мәдениеттегі мінез-құлықтың нормативті және тәжірибелі іс-әрекеттерінің бірігуі. Этикет – мінез-құлық мәнерін реттейтін түр. Адамгершілік ұғымы ежелгі Шығыс өркениетіндегі «Алтын ереже», грек мәдениетіндегі гуманизм идеяларынан бастау алады. Адамсүйгіштік идея әлемдік діндердің Буддизм, христиан діні, исламда да өз орнын тапқан.

4. Әлеуметтік- мәдени құндылықтар жүйесіндегі құқық.. Құқық пен мораль. Мәдениет саласында саясаттың алатын орны. «Саяси мәдениет» пен «мәдени саясат» ұғымдары. Қазақстандағы мәдени саясаттың өзіндік ерекшеліктері. Ғылым - әлеуметтік – саяси институт ретінде. Құқықтық мәдениет – құқықтық сана деңгейін, заңдылықты, заңгерлік тәжірибе және заң шығарудағы жетістіктерді, сонымен қатар құқық саласындағы адам әрекеті арқылы жасалған құндылықтар жүйесін атаймыз.

Адамды қоршаған сыртқы дүние табиғатпен қоғамның, сондай-ақ ойлаудың да объективтік заңдары бар. Ғылымның міндеті міне осы заңдарды танып білу. Ғылымның дамуындағы салыстырмалы дербестік оның өндіріске тигізетін кері әсерінен ерекше айқын

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

көрінеді. Ғылым қоғамдық өндірістің дамуында қуатты күш болып табылады, Өйткені ғылымның күші, адамның ақиқатты танып білудегі күш-қуаты практикада ғана айқын көрінеді.

Мәдениеттің дамуына көптеген жағдайлар әсер етеді. Миф, дін, өнер, ғылымның барлығы адам санасының дамуына зор үлес қосады.

5. Дүниежүзілік мәдениет тарихындағы мәдени типтердің тұтастығы мен көптүрлілік мәселелері адамзат қоғамында мәдениет формалары мен типтерін зерттеуде әртүрлі мәдениеттанымдық концепциялардың пайда болуына ықпал етті. Әлемдік мәдениет уақыт пен кеңістікте сан алуан түрлі, оның сарқылмас қоры бар. Мәдениеттердің сан түрлі болса да біртұтас адам өмірінің тәсілдеріне ұқсайды. И.Гердер өзінің «Адамзат тарихы философиясы туралы идеялар» еңбегінде халықтардың дамуы әрбір буыны алдыңғы және келесі бөлімнен байланысып тізбек құратынын айтқан. Ол грек мәдениеті мысырлықтарға сүйенеді, римдік мәдениеттің дамуына қозғау салған. Оның пікірінше адамзат Азияда пайда болған, көне тілдер, жазба өнері де дамыған. Слайд №1. XVIII ғасырда мәдениеттің сан алуандығымен, біртұтастығын тарихи тұрғыдан ұғыну пайда болды. **Әлемдік мәдениеттің тарихы адамзат қоғамының пайда болуынан бастап қазіргі кезеңге дейінгі тарихы ретінде қарастырылады. Оның зерттеу әдістерінің бірі, негізгі мақсаты - мәдениеттерді типіне қарай классификациялау және нақты мәдени-тарихи процесстегі орнын белгілеу болып есептелетін мәдениеттің тарихи типологиясы болып табылады.** Типология – мәдениет дамуын ой елегінен өткізу және оны зерттеу тәсілі. Тарихи-мәдени қозғалысты мәдениеттану ғылымы тарихтан басқаша қисынмен зерттейді.

Мәдени типтер жайындағы басты мәдениеттанулық қағидалар. Н.Данилевский «Ресей және Европа»/1869/ еңбегінде мәдениеттердің туу, өркендеу, құлдырау және жойылу стадияларынан өтетінін, локальді «мәдени-тарихи типтер» концепциясын негіздеп, тарихи процестің сызықпен даму идеясын жоққа шығарды. Ол жалпы адамзаттық өркениет жоқ, тек мәдениеттің түрлі типтері бар деді. Ол 10 тұйықталған мәдени-тарихи типті қарастырды: мысырлық, қытайлық, ассирия-вавилония-финикиялық, халдейлік немесе көне семиттік, үнділік, еврейлік, гректік, жаңа семиттік немесе арабтық, римдік, роман-германдық немесе европалық. Н.Данилевский мәдениеттер **«өздігінен жетілген», «көп жылдық бір ұрықты өсімдіктер» деп қортынды жасады.**

О.Шпенглер «Европаның күйреуі» еңбегінде бірін-бірі цикл ретінде ауыстыратын өркениеттердің типтерін атап өткен.

А. Тойнби: **Өркениеттерде «шақыру» және «жауап» ұғымдарына мән береді, әлемдік өркениет ұлт, мемлекет ауқымынан кең («Постижение истории»).** П.Сорокин: өркениеттердің біріктіруші мәнін теріске шығарып, «супер» жүйелер туралы: **1. Идеациялық супер жүйе- мәдениеттердің бастапқы кезеңіне; 2. сенсуалды – кемелденген және құлдырау; 3. идеалды синтез – кульминация/өнер мен философияда/ және эклектикалық /аралас құлдырау кезеңі/ айтады («Социокультурная динамика»).**

Л.Гумилев тарихи процесс негізі – этнос деп қарастырды. Этнос – нақты территорияны мекендеуші адамдар қауымдастығы, оларды пассионарлық рух біріктіреді. 3. Мәдениет процесс ретінде. Мәдени дамудағы тұрақтылық пен өзгергіштік, прогресс пен регресс. О.Шпенглердің өркениеттік көзқарасына қарсы пікір айтқан М.Бахтин «сұқбаттық» тәсілмен мәдениетті ашық жүйе, өзара сұқбат арқылы дамитындығын түсіндіреді. Мәдени-тарихи процесс үздіксіз дамиды. Мәдениет адам тұлғасынсыз алға жылжымайды. Тұлға мәдениетті жасамй отырып, өзге мәдениеттермен сұқбат құруға үйренеді («сөз, тіл және бейнелеу-көркемдік болмыс»). Сұқбаттық идеяға қазіргі ассимиляциялық теориялар сәйкес келеді. Ассимиляция – латын тілінде: қолдану, бірігу, сіну деген мағынаны білдіреді. Мұнда

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

қазіргі еуропалық мәдениеттердің ерікті бірігуі, сңіуі туралы мағынада айтылады. Дегенмен, ХХІ ғасыр мәдениеті көп келбетті, әр мәдениет өзінің ұлттық болмысын сақтап қалуға ұмытылуда. ХХІ ғасыр қарсаңында «дүние жаңа қатынастар қалыптастырудың атымен жаңа күрделі кезеңіне өтті...» (Н.Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 1996, 79-бет).

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация, видеоролик

<https://docs.google.com/presentation/d/14QUwKNi4aLTehSMVjeE7TQnCZvm9ofJs/edit?usp=sharing&oid=108786579120977667131&rtpof=true&sd=true>

5. Әдебиет: (Қосымша 1)

Негізгі: 1,2,13,14,15

Қосымша: 9,10,11,12,13

Электронды оқулықтар: 1,3,17,18,19,25

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы).

1. Мәдениет және өркениет ұғымдарының арасындағы байланысты анықтаңыз.
2. Мәдениет ұғымының мәнін ашыңыз.
3. Өркениет ұғымының мәнін анықтаңыз.
4. Бұқаралық мәдениет ұғымын анықтаңыз.
5. Эллиптикалық мәдениет ұғымын анықтаңыз.
6. Типология ұғымын қалай түсінесіз?
7. «Пассионарлық рух» ұғымын сипаттаңыз.
8. Құқық және мораль арасындағы байланыс қандай?
9. Дәрігер құқығын ашыңыз.
10. Дәрігердің моральдық бейнесі қандай болуы керек?

№11 дәріс.

1. Тақырыбы: Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті.

2. Мақсаты: студенттердің Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті мен Қазақстан номадтарының мәдениетінің маңызы мен ролін меңгеруі.

3. Дәріс тезистері:

1.Ежелгі Қазақстан аумағындағы архаикалық мәдениет: материалдық мәдениет ескерткіштері.

Номадизм мәдениеттің түрі ретінде.

2. Ежелгі түркі өркениеті және оның ерекшеліктері. Жібек жолы: Қазақстан Шығыс пен Батыс арасындағы байланыстырушы буын ретінде.

3. Моңғол шапқыншылығы мәдени апат ретінде.

4. Алтын Орда кезіндегі мәдениет. Тимуридтер кезеңіндегі мәдениет.

5. Ежелгі Қазақстанның халықтық медицинасы қазіргі ғылыми медицинаның негізі.

1. Адам мен мәдениеттің пайда болуы – бір-бірімен тығыз байланысты құбылыс.

Адам мәдениеттен тыс өмір сүре алмайды, ол заттар, идеялар, символдарды жасаушы.

Мәдениет – антропогенді. Адамның пайда болуынан бастап алғашқы мемлекеттердің пайда болуына дейінгі аралықты алғашқы қауымдық құрылыс деп атау қалыптасқан. Бұл уақыт аралығында адамның тек физикалық типі өзгеріп қана қойған жоқ, еңбек құралдары, баспана түрі, ұжымды ұйымдастыру формасы, жанұя, дүниетанымы өзгерді.

Адам қолынан шыққан еңбек құралдарын, баспанасын, жерлеу рәсімдерін салыстыра отырып, **археологиялық тұрғыдан кезеңдерге бөлу қалыптасты**: тас, қола және темір ғасыры. Палеолит /грек. *ежелгі тас*/ 12 мың жыл бұрын, мезолит - 9мың жыл бұрын, неолит

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

– 6 мың жыл бұрын. (Мәдениет орналасқан жері бойынша да аталады, мысалы, Солт. Франциядағы Шель қаласының атымен аталуы және т.б.)

Алғашқы қауымдық құрылыс мәдениетін кезеңдерге бөлу проблемасында **материалдық және рухани мәдениеттерді негізге алған жүйені** XIX ғасырдың 70-жылдары Л.Морган ұсынды. Ғалым ежелгі мәдениеттерді қазіргі американдық үндістер мәдениетімен салыстырады. Осыған сәйкес алғашқы қауымдық мәдениетті үш кезеңге бөледі: *жабайылық, варварлық және өркениет*. Жабайылық кезеңінде ерте рулық құрылыс/палеолит, мезолит/ садақ пен жебені ойлап табуымен аяқталады. Варварлық кезеңде керамикалық бұйым жасау, егіншілік пен мал шаруашылығы дамыған. Ал өркениет сатысында қола металлургиясы, жазу және мемлекеттер пайда болған.

2. Миф және оның алғашқы адамдардың өміріндегі рөлі. Мифологиялық сананың ерекшеліктері. Діни мейрамдар мен алғашқы діндердің феномені: анимизм, сиқыршылық, фетишизм, тотемизм, шамандық.

Миф және оның алғашқы адамдардың өміріндегі рөлі. Мифологиялық сана дін, өнер, ғылымның негізі болды. Әлемге көзқарас, адамның тегі, табиғат құбылыстары туралы мифте қалыптасты.

Діни мейрамдар мен алғашқы діндердің феномені: **анимизм** – Э.Тайлор (1832-1917) зерттеп, латын тілінен- рух, **фетишизм** – (француз тілінен – тұмар, идол; **тотемизм** – ру, тек; магия, шамандық.

К.Ясперс: «Адамның басты себептері не? Оның тіршілік серпіндері қалай?» деген сұрақты қоя отырып, оған жауап іздеді: 1) Миф арқылы табиғилықпен сезімнен тыс нәрселердің араласуы, құдайлардың жерге түсті дегенге сенуі; 2) қазіргі қолда бар археологиялық ескерткіштер мен жазбалар адамның болмысының мәні туралы толық мәлімет береді деп айта алмаймыз; 3) ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған адам қасиеттері бейсаналылық сипатта болды; */дилювий – мұзды аралық кезең, алювий – соңғы мұзды дәуір, 20 000 жыл бұрын хроманьондық адам пайда болды, ол Испания мен Франция үңгірлерінде тас үңгірлерде бейнелер қалдырған. Бұл дәуірді тарихтың үнсіздік заманы деп атаған.*

3. Ежелгі Қазақстан жеріндегі қауымдық құрылыс мәдениеті: Материалдық мәдениет ескерткіштері.

Қазақтың қазақ болып қалыптасуы саналы түрде өзіне дейінгі әлеуметтік-тарихи тәжірибені тұрмыс тіршіліктеріне жарата білуінің арқасында іске асты. Тәжірибені іске асыра білгеннің нәтижесінен қазақ мәдениеті адамдық қоғам болып қалыптасқан кезеңінен бастап іргетасы ерте қаланады. Адамзат тарихындағы алғашқы адамдардың еңбек құралдары мен тұрмыстық заттарының қандай материалдардан жасалғандығын негізгі алып, ежелгі адамзат мәдениетінің тас дәуірі, қола және темір дәуірі болып үш кезеңге бөлінді.

Қола дәуіріндегі Еуразияның Ұлы даласын мекендеген тегі мен тағдыры ортақ туыс тайпалар **бір үлгідегі, бір стильдегі бірыңғай мәдениет** қалыптастырды. Оның мұралары Ачинск маңындағы Андронов селосының қасынан табылғандықтан, ол мұралар „Андрон мәдениеті,, деген атпен белгілі. Қола дәуірінің басты ерекшеліктері: қола өндіру мен қола еңбек – құралдарын жасау, мал шаруашылығының бақташылық формасының дамуы, теселі егіншіліктің пайда болуы болып табылады. Сонымен қатар, мал шаруашылығы мен металлургияның жедел дамуы ер адамдар еңбегі ролінің күшеюі аналық биліктің әкелік-патриархалдық билікке ауысуына себеп болды.

Андрон мәдениетінің Қазақстандағы табиғи жалғасы Беғазы - Дәндібай мәдениеті деп аталады. Орталық Қазақстанның археологтары 30-дан астам елдімекен, 150-дей молалар, көптеген ескерткіштер тапты.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Сақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың жоғарғы сатысына көтеріліп, дүниежүзілік мәдениет тарихына айқын айтарлықтай із қалдырды. Қазақ халқының негізін құраған, мәдени-рухани жаңғыруына жол салған тайпа - ұлыстардың арасында **ғұндардың** да орны бөлек. Ғұндар өте жауынгер халық болған. Олардың тегеуріні шығыста қытайдың елін қорғау үшін Ұлы Қытай қорғанын салуға, батыста Рим империясының құлауына себепші болған. Ғұндардың қазақтың арғы тегі екенін айғақтайтын дәлелдер көп. Олардың моласынан шыққан бұйымдардағы ою-кестелер құрылымы жағынан қазақ арасында кең тараған ою-өрнектермен ұқсас. Ғұндардың діні - Тәңірілік болған. Түркі тілінде сөйлеген, жазуы түркі жазуы болды. Ғұндардың әскери өнері дүниежүзілік тарихына жоғары деңгейде дамыған халықтардың бірі. Олардың негізгі қаруы садақ болды.

4. Номадизм – мәдени тип ретінде. Еуразия кеңістігіндегі номадалар мәдениетінің басты ерекшеліктері. *Номадизм – мәдениет типі ретінде. Көшпенділік, номадизм – шаруашылықтың ерекше түрі және өмір сүру формасы болып табылады. Номадизм – адамдар топтарының кеңістікте орналасуы* деген мағына білдіреді. Номадизм қолға үй жануарларының көптеп үйретіле бастауына және оларға жаңа маусымдық жайылымдарды, сулы жерлерді жиі ауыстырып отыруына байланысты көшпенді (номадтық) өмір салты қалыптасты. Көшпенділік мал шаруашылығы б.з.д. I мыңжылдық басында пайда болған. Б.з.д. I мыңжылдықтың орта шенінде мал шаруашылығының үш типі қалыптасты:

1. көшпенді (Батыс және Орталық Қазақстан).
2. жартылай көшпенді (Жетісу және Шығыс Қазақстан)
3. отырықшы (Оңтүстік Қазақстан).

Бұлардың әр типінде өзіндік ерекшеліктері қалыптасты көшпенділік радиусы (3 шақырымнан – 3000 шақырымға дейін) асып жатты. Номадизмнің ерекшеліктері: тұрақты тұрғылықты жері болмады, екінші бір типі ортаға тәуелді болды және мал түрінің ерекшелігіне қарай *жартылай номадтық, жартылай отырықшы, тікелей номадтық, маусымдық номадтық* т.б. пайда болды.

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация, видеоролик
<https://docs.google.com/presentation/d/1yAbkl1UrbmJBXQEfgZUh4F7a2CgSovIb/edit?usp=sharing&ouid=108786579120977667131&rtpof=true&sd=true>

5. Әдебиет: (Қосымша 1)

Негізгі: 10,12,13,17,18

Қосымша: 7,8,9,10,12,14

Электронды оқулықтар: 1,2,11,12,13,14,15,16

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы).

1. Еуразия кеңістігіндегі номадтардың мәдениетінің негізгі белгілерін атаңыз.
2. Сақ өркениетінің ежелгі грек, ежелгі үнді және ежелгі қытайлық өркениеттермен өзара мәдени әрекеттесуі қандай?
3. Қазақстандағы номадтар мәдениетінің дамуындағы ғұндық кезең немен сипатталады?
4. Үйсін және қаңлы мәдениетіне сипаттама беріңіз.
5. Ортағасырлық кезеңдегі түркі мәдениетін сипаттаңыз.
6. Ортағасырлық Қазақстандағы түркі халықтарының мәдениетіне моңғол кезеңі қалай көрінді?

№12 дәріс.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

1. Тақырыбы: ХҮ-ХХ ғғ. қазақ мәдениеті. Қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы қазақ мәдениеті. Қазақстанның мәдени саясаты.

2. Мақсаты: ХҮ-ХХ ғғ. қазақ халқының мәдениетінің жетістіктері және қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы қазақ мәдениеті туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.

3. Дәріс тезистері:

1. Қазақ мәдениетінің қалыптасуы.

2. ХҮІІІ-ХХ ғғ. соңындағы қазақ мәдениеті.

3. ХХғ. Қазақ мәдениеті.

4. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мәдениет саясатының саласы ретінде.

XV ғасырға қарай қазақ этносының өзіне тән антропологиялық бет-бейнесі, тілі, таным-түйсігі секілді мәдени ерекшеліктері түпкілікті қалыптасты.

Қазақ халқының қалыптасуы XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басы аралығында тәуелсіз Қазақ хандығының құрылуымен аяқталды. Осылайша, халықтың қалыптасуының тағы бір шарты – жеке мемлекеттің атауына қол жеткізілді.

Қазақ хандығында ру-тайпалық сана біртіндеп әлсіреп, қазақтардың жалпы этникалық санасы күшейе бастады. Осылайша «қазақ жері», «қазақ мемлекеті», «қазақ елі», «қазақ мәдениеті» ұғымдары пайда болды. Этникалық тарихи-хронологиялық қалыптасудың үш түрі: ру-тайпалық, халық, ұлт қалыптасты. Осы бірлестіктердің әрқайсысының өздеріне тән этникалық санасы қалыптасты.

Этникалық сана– бұл адамның өзін нақты этникалық бірлестіктердің мүшесі ретінде санауы, оның қоныстанушылары Еуразияның ауқымды этногенетикалық үдерістеріне қатыса алды.

Қазақ мәдениеті – өзіндік бет-бейнесі мен өзіндік тұрмысы бар мәдениет. Ол қазақ халқының құрылу үдерісінде жүз жылдықтар бойында қалыптасты. Халықтық бұқара материалдық және рухани мәдениетті жасаушылар болды. Бірақ та Қазақстан кеңістігіндегі мәдениеттің дамуы біркелкі болған жоқ. Ол көшпелі, жартылай көшпелі аудандарға қарағанда, жер өңдеушілік пен қала орталықтарында белсенді түрде дамыды.

Қазақ халқының өткен рухани тарихында ұлттық бірегейліктің терең бастауы жатыр, ол тарихи үдерістің және нақты этноәлеуметтік шындықтың құндылықтық-мағыналық негізін құрайды. Қазақ мәдениетінің ұзақ тарихи дамуында жинақталған рухани құндылықтар қазіргі мәдениеттің тарихи- мәдени негізін құрайды.

Көшпелілердің өмір салты халық мәдениетінің бірегейлігін, оның менталитетін, салт-дәстүрлерін анықтап, өз ізін қалдырды. Көшпелі халықтың өмірі күрделі жағдайларда жүрді: адамның қатаң табиғатқа бейімделуі, ауыспалы бақташылық, су көздерінің жетіспеушілігі, жаулардың шабуылдау қаупі, төрт түлік малдарға қамқорлық. Төрт түлік мал қазақтардың құндылығы болып табылады, оны мынадай халық мақалдары дәлелдейді: «Мал ашуы- жан ашуы», «Бірінші байлық- денсаулық, екінші байлық - ақ жаулық, үшінші байлық - бес саулық» тб.

Қазақтардың рухани әлемі ғасырлар бойы өзіне көптеген мәдени ықпалдарды кіріктіріп, олар өзінің бастапқы далалық салт-дәстүрлерімен ассимиляцияланды. Бұл – салт-дәстүрлердің беріктілігі сонша, оның көршілерінің (Қытай, Ресей) мәдени экспансиясы, саяси апаттар мен соғыстар, арабтар мен моңғолдардың ықпалы да, исламиландыру да түбірімен өзгерте алмады. Бұл өміршендік пен өмірге белсенді болудың себебі – шаруашылықтық тип пен өркениеттік тип іс жүзінде өзгеріссіз көптеген ғасырлар бойы өмір сүрді.

Этностың дүниетанымы жалпы өткен кездің символдары – мифтердің, аңыздардың тб. қасиетті құндылықтардың көмегімен жасалды.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Мифологиялық ойлау әлемге деген эстетикалық қатынастың ежелгі сатысы болып табылады. Қазақ фольклорында әлемнің құрылымы (сұлулық, үйлесімділік пен ретсіздік т.б.) туралы мифтер көрініс табады, олар дала тұрғындарының өмірлік жағдайларымен тығыз байланыста болды. Аспан әлеміне олар кеңістік пен уақыттағы өздерінің жердегі бағыт-бағдарын апарып, оған шынайы өмірдегі жан-жануарларды орналастырады.



1 - Сурет. Ұлы дала мифтері

Эпикалық батырлар, фольклорлық сюжеттер қазақ этносының ұлттық өзіндік санасының поэтикалық символикасы болды. Фольклордың, ұлттық дәстүрлердің әдеби көркем шығармашылықтарымен органикалық байланысы қазақ ұлттық менталитетінің мифологиялық және эпикалық мотивтерінің тасымалдануы мен аккумуляциясының өзіндік аурасын жасады.

Ұлттық мәдениет уақыты мәдени-тарихи эволюцияның диахрондық кесіндісін: уақыт – табиғат – қоғам – адам арақатынасының өзгешелігін ашып көрсетеді.

Дәстүрлі қазақ мәдениеті өскелең ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде, және тұлғаның рухани жетілуі мәселелеріндегі жоғары сабақтастықпен ерекшеленеді. Халық ауыз шығармашылығының өзі ұрпақтар коммуникациясының құралы, сонымен бірге руханилық пен адамгершіліктің институты және халық тәрбиесінің құралы болып табылды.

Бір жерден, екінші жерге көшудің тұрақты қажеттілігі көшпенділерде халық ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс тапқан, қауіппен бетпе-бет келуде шешім қабылдау, тағдырға сенуді қалыптастырды. Олар арқылы өскелең ұрпақ жақсы-жаманды ажыратты, қазақ халқының шынайы идеалдары мен құндылықтарын бағалады. Қазақтардың халық ауыз шығармашылығынан басқа руханилық пен адамгершілікке тәрбиелейтін маңызды құралдары: музыкалық фольклор, декоративті-қолданбалы өнер, салт-дәстүрлер, рәсімдер, салт-жоралғылар, халықтық ойындар, халық педагогикасының дәстүрлері т.б болды.

Ауызша поэтикалық дәстүр түркі тілдес тайпалар арасында VI-VIII ғ.ғ белгілі болды: оның элементтері орхондық ескерткіштерде атап көрсетіледі. Сөз өнері көшпелі малшы халық өмірінде құрметті орын алды. Суырып салма ақындық дәстүр фольклорлықпен тығыз байланысқан халықтық поэзияны жасады.

Өндер мынадай жанрларға бөлінеді: той бастар, сыңсу, жар-жар, беташар, жоқтау және естірту, қоштасу.

Эпикалық поэмалар халықты жау шапқыншылықтарынан қорғаған батырлардың: «Алпамыс», Ер -Тарғын», Ер-Көкше», Қобыланды», т.б ерліктері туралы жырлады.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы жағдайында халық үшін құндылықтық қасиеттер ретінде: этникалық бірлік, абырой, әділеттілік, шыдамдылық төзімділік, елжандылық, туыстық және т.б. тұрды. Осы кезеңдегі барлық қазақ жыраулары өз шығармалары мен өлеңдерінде туған жер үшін күрескен батырлар, олардың ерліктері, батырлық әділеттілікті жырлады. Шыдамдылық пен табандылық қазақ дәстүрлі мәдениетінің құндылықтық мазмұнын ашатын негізгі категориялардың бірі болды. Этикалық категория ретінде толеранттылық адамгершіліктік мәдениеттің ұғымы ретінде қолданылды және қайырымдылық пен зұлымдылықты қабылдаудағы тұлғааралық қарым-қатынастағы төзімділікті білдіреді.

XV-XVIII ғғ қазақтардың материалдық мәдениеті өз бойына өткен заманның ерекшеліктерін жинақтады.

Қазақтардың өмір салты – көшпелілік-шаруашылықтың, тұрмыстың, мәдениеттің дамуына өзгеше ерекшеліктер енгізді.

Кәсіптің мынадай түрлері басым болды:

Мал шаруашылығы – қазақ халық мәдениетінің бір бөлігі және басты саласы. Жануарлар сүт пен ет, киім үшін жүн берді. Мал көшпенділердің көшіп-қонуының басты құралы болды. Сиыр, өгіздерді отырықшы халықтар бақты. Жартылай көшпелі мал шаруашылығын игерді.

Түйелер, жылқылар, қойлар – XV-XVIII ғғ қазақтардың негізгі малы болды. Жылқылардың екі түрін: жүйрік аттар мен жүк тасымал аттары өсірілді. Көшпелі қазақтар нар түйені – бір өркешті түйе және кәдімгі түйе – екі өркешті түрін өсірді. Жануарлар ұдайы далада қалып, қыста оларды жабындылармен жапты.

Жайлау маусымға байланысты таңдалды: қыстау, қамысы бар, су маңында болды. Көктеу мен күздеу үшін ерте жылитын және ұзақ уақыт бойы қарсыз жататын жерлер таңдалынды. Жайлау үшін өзеннің салқын еңістері, көлеңкелі жерлер алынды. Жануарларды суғару үшін терең емес құдықтар да қазылды.

Мал шаруашылығынан басқа, қазақтар қолөнермен де: тері илеумен, жүн түтумен, тігін тігумен айналысты.

Тұлғаның қалыпты психикалық қызметтерінің ауытқуының түрлерін патологиялық психология саласы зерделейді. Психологиялық ауытқулары бойынша аталған саланың бағыттары келесі: олигофренопсихология – тұлғаның психикалық дамуында миында туа біткен ауытқуларды; ал тифлопсихология - заңғип немесе көру ақаулары бар; сурдопсихология – саңырау, яғни есту қабілетінің бұзылуы анықталған адамдардың дамуындағы психологиялық қасиеттерін қарастырады.

2. Заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы психология мен психологиялық білімдердің мәні. Жеке тұлға психологиясы. Нәрестені туылған кезден "адам" деген атқа ие болса өсе келе, бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастырған кезде "тұлғаға" айналады. Себебі, тұлға қалыптасу жолында өмірдің мәнісін, теріс пен бұрысын танып, адами қарым-қатынастарды меңгереді. Тұлға – бұл кәсіп меңгерген, тәжірибеде білім мен дағдысын, іскерлігі мен күзиреттілігін көрсете алатын, дүниетанымдық шеңбері кең, ақыл – парасатты, қоғамдық санасы жаңғырған, болашаққа сенімі мен мақсат-мұраты айқын, құндылық бағдары қалыптасқан. Сонымен қатар, мінез-құлқы мен қабілетінің анықталуы, жауапкершілігі жоғары, эмоциялық интеллектісін, іс-әрекетін ақылға жүгіндіретін адамды тұлға деуге ылайықты. Абай: «Атым Адам болған соң қайтіп надан болайын», - деген.

Тұлғаның даму сатысында қасиеттері түрлерге бөлініп, ерекшеліктері қалыптасады. Мысалы, жақсы қасиеттері: белсенді, адал, жауапты жәнәт.с.с. мен теріс қылықтары: жалқау, өшпенділік, қыңыр, қастық т.с.с. Жеке тұлға қоғамнан тыс өмір сүруі мүмкін емес. Себебі, адам қоршаған ортамен, адамдармен тікелей қарым-қатынас жасау барысында өзін жан-жақты жетілдіреді, білім мазмұнымен танысу, тәрбие алу мақсатында ұлттық құндылықтар мен әлемдік озық идеялармен таысады, өзіне қажеттісін тандап алады. Адам – қоғамдағы әлеуметтік қатынастар субъекті әрі әлеуметтік мәнді қасиеттердің иегері ретінде танылады. «Адам», «индивид», «даралық» ұғымдары бір-бірін толықтырады, бірақ әр ұғымның өзіндік түсінігі бар. Сондықтан, адам өзінің жан-жақты қалыптасуы жолында даралық нышандарын дамытады, табиғи және әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан нышандарының қайталанбас ерекшеліктерін қалыптастырады. Қанша адам болса сонша дара тұлға қалыптасады. Мысалы, болашақ дәрігердің бойында адами қасиеттерімен қатар кәсібіне қатысты адамгершіліктік күзиреттіліктерінің қалыптасуын айтсақ болады. Дәрігер қандай жағдайда болсын науқасты ең алдымен адам ретінде қабылдауы шарт.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Заманауи адамның қоғамдық санасы мен әлеуметтік мәні тікелей қоғаммен өзара қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасады және уақыт талаптарына сай жаңғырып отырады. Қоғам сұранысына сай қабілет, мінез-құлықтары мен құндылық бағыт-бағдарлары, қызығушылықтары мен мүдделері айқындалып отырады. Адам биологиялық құрылым иесі ретінде өткен дәуірлердегі білім-тәжірибелерді, салт-дәстүрлерді, материалдық және рухани құндылықтарды сол күйінде қабылдап қана қоймай, оны осы заманға ылайықтап, жаңғыртып қабылдауда өз үлестерін қоса алады. Ал заманауи тұлғаның жан-жақты дамуы мен қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілеттіліктерін қалыптастыруда қоғам және мемлекет тарапынан қолдауды қажет етеді.

Жеке адам құрылымының негізгі компоненттері оның: *бағытталығы, мүмкіншілігі, мінез-құлқы және «мен», яғни өзін-өзі реттеу қызметі* құрайды.

Ес, қабылдау, түйсік, ойлау, қабілет тұлғаның тума қасиеттері ретінде кемелденуін жаттықтыру және жетілдіру арқылы адам жеке дара ерекшеліктерінің психикалық процестерінің құрылымын құрады. Білім, білік, дағды және әдеттері жеке тұлғаның әлеуметтік іс-тәжірибесінің даралығының ерекшелігін көрсетеді. *Бағыттылық* - адамның тұлға ретіндегі жоғары деңгейін анықтайды.

Тұлғаның сапалық ерекшеліктерін қарастырған М.Вертгеймер (1880-1944), В.Келер (1887-1967), К.Коффка (1886-1941) сияқты ғалымдардың тұжырымдарында «Гештальтпсихология» ұғымы кеңінен талдау жасалынды, неміс тілінен *gestalt* - бейне, кескін үйлесімі мағынасын білдіреді. Олардың пікірінше, мінез-құлық тек рефлексстер шоғыры емес, күрделі құбылыс деп тұжырым жасады. Алайда олардың кемшілігі адам қабылдауының шынайы мазмұнын, оның сыртқы ортамен байланысын терістеді.

Австриялық ғалым З.Фрейд (1856-1939) психоанализ теориясының негізін қалап, жүйке және психикалық аурулардың пайда болуын себептерін қарастырды. Оның ілімінің негізі адам өз қылықтарын санамен түсіндіре алмайды, тек себептерін түс көру, сандырақтау, ырықсыз қозғалыс сияқты құбылыстармен байланысты анықтай алады деп тұжырым жасады. Оның тұжырымын қолдаушылар А.Адлер - даралық психология, К.Юнг - талдау психология, Э.Эриксон - Эго, К.Хорни - әлеуметтік - мәдени теория, Э.Фромм және т.б. ғалымдар өз талдауларымен жалғастырды.

Бихевиоризм бағытындағы теориялық тұжырымдаған Э.Л.Трондаик, Б.Ф.Скиннер, Бандура сияқты ғалымдар психология адам санасын, оның мазмұны мен қызметін зерттеуден бас тарта отырып, тек мінез – құлық қызметі мен мазмұны зерттеу нысанына айналуы қажеттілігін атап өтті.

С.Л.Рубинштейн (1889 – 1960), А.Н.Леонтьев (1903-1979) іс - әрекет туралы тұжырымдарында сананың іс - әрекет үдерісі кезінде қалыптасып және содан көрініс табады. Адамның іс - әрекет нәтижесінде нақты бір өнім алынады. Қазіргі кезеңде адам тек өз мүддесі үшін емес, сонымен қатар, қоғам мүддесі үшін іс-әрекет етуі мәселесі күн тәртібінде қалып отыр.

А.Маслоу, К.Роджерс, Г.Олпорт дербестік, гумандылық, экзистенциальдық, феноменологиялық және т.б. мәселелерді қамтитын - гуманистік психология теориясының негізін қалаушылар болды. Аталған ғалымдар бихевиоризм мен психоанализ өкілдерінің адам мәселесін қарастырудағы кемшіліктерін жойып, шынайы психологиялық зерттеулерді жүзеге асыруды қарастырды. Салауатты, шығармашыл адам – өзін жан-жақты жетілдіреді, кемелденеді деп түсіндірді. Маслоу адам қажеттіліктерін физиологиялық, қорғаныс, гуманоидтық - шындық, қарапайымдылық, әділдікті керек ету қажеттіліктерін жіктеп, түсіндірді. Оның ойынша әрбір адам баласы осы қажеттіліктер сатысынан өтуі қажет. Алайда оның тұжырымындағы кемшілік адамның тек биологиялық қажеттіліктерін басты

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

етіп көрсетуі болды, өйткені адам тумысынан қайырымды, игілікті болып дүниеге келеді, ал оның жаман қасиетінің қалыптасуы ортаға байланысты. Сонымен қатар, адамның тегі жақсылықтан бастау алады, ал оны сол қалпында жетілдіру әр адамның өз қолында.

Өзіндік сана ұғымын И.С.Кон адамның өзін іс - әрекет субъекті ретінде тануға ықпал етуші психикалық үдерістер деп түсіндіреді және адамның өзі туралы білімдер жиынтығы – «Мен» бейнесі деп тұжырымдаған. Ал психолог А.Г.Спиркин «мен» ұғымы «адам өз санасының нұрымен сәулелендіріп, өзін қабылдауы, тануы және сезуі», - деп қарастырады. «Мен» - бұл адамның реттеуші тетігі, рухани болмысын бақылайды, сананы бақылаушы әрі танушы, адамның қоршаған ортада бекітуші құралы.

3. Психологияның негізгі зерттеу әдістері ретінде бақылау және эксперимент болып табылады.

Байқау әдісі - табиғи жағдайларда психикалық үдерістерді зерттейді. Бұл әдістің өзін-өзі бақылау, ішкі бақылау - интроспекция, сыртқы, ерікті, стандартталған, жан-жақты, қысқа және ұзақ мерзімді қамтитын түрлері бар. Ал эксперимент әдісі арқылы зерттеуші өзі бақылайтын құбылысты жасанды жағдай жасау арқылы нәтижені алады. Бұл әдістің артықшылығы сол, зеттелініп отырған нысанның жағдайы нақты фактілер арқылы дәлелдеуге, психикалық құбылыстардың себептерін анықтауға, қайталап зерттеуге болатындығы мен сандық-сапалық көрсеткіштерді анықтауға болады. Эксперимент екі түрлі жағдайда жүргізіледі: лабораториялық жәнетабиғи ортада. Лабораториялық эксперимент жүргізуде танымдық үдерістер: қабылдау, ес, зейін, ойлау, түйсіну, түйсік, еске түсірудің психикалық ерекшеліктерін анықтайды. Табиғи жағдайда эксперименттік зерттеудің мүмкіндігі жоғары, өйткені оның зерттеу табиғилығы, жасандылықтан ада болуы.

Психологиялық зерттеу әдістерінің қатарында қазіргі кезеңде жиі қолданылатын әдіс – тест. Бұл әдістің ерекшелігі сонда, ол жаңа құбылыстардың мәнін ашу емес, керісінше бұрыннан бар құбылыстардың мәнін ашу болып табылады. Тестілеу әдісі арқылы адамдардың нақты іс-әрекетті орындау үшін оның даярлық деңгейі айқындалады. Тест – сынамалы, тест – бақылау, тест-тапсырма т.с.с. болып бөлінеді.

Сауалнама әдісі арқылы түрлі сұрақтарға жауап алу, мәселенің мәнін ашу мақсатында жүргізіледі. Оның ауызша, жазбаша, интервью, әңгіме және т.б. түрлері бар. Модельдеуәдісі психикалық құбылыстар мен үдерістерді жанама түрде ұқсас модельдемен салыстырмалы зерттеулер жүргізіледі. Модельдеу үшін зерттеліп отырған құбылыс туралы толық мәлімет болуы қажет, сонда ғана зерттеу нәтижесінің дұрыстығы, толықтығы, жан-жақтылығы қамтамасыз етіледі.

Психологияның ғылым ретінде салалары пайда болды. Материалистік медициналық психология зерттеу саласы нейрофизиология болды. И.М.Сеченов нейрофизиологияның негізін қалады. Сонымен қатар, нейрофизиология, невропатология, психология және психиатрия саласында В.М.Бехтеревтің еңбектерінде қарастырылды. И.П. Павловтың жоғарғы жүйке қызметі, мидың морфологиясын, биохимиясын, электрофизиологиясын зерттеді. Медициналық психологияның клиникалық психологиялық эксперименталды зертханасында В.М.Бехтерев, Н.А.Бернштейн, Г.И.Россолимо сынды дәрігер-ғалымдар қызмет етті. Кеңестік медициналық психологияны А.П.Нечаев, Л.С.Выготский сияқты ғалымдардың еңбектері болды. Медициналық психология екі бөлімнен: бала психиатриясы мен дәрігерлік педагогикадан тұрады. Қазіргі таңда медициналық психология саласында Б.Д.Карвасарскийдің «Медициналық психология», В.Н.Мясищевтің «Медициналық психологияға кіріспе» сияқты бірқатар еңбектер жарық көрген. Келесі кестеден психологияның салаларын және мазмұндық сипаттамасын көресіздер.

Кесте – 1. Психология салалары мен оның сипаттамалары.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		127 беттің 1 беті

Психология салалары мен оның сипаттамалары

1	Психология ғылымының салалары	Сипаттама
1	Еңбек психологиясы	Еңбек іс-әрекетінің мазмұны мен психологиялық ерекшеліктері, еңбек іскерліктері, күзіреттіліктері, дағдылары мен машықтарының даму ерекшеліктері мен заңдылықтарын ескере отырып, еңбектің ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылуы және іске асырылуы.
2	Педагогикалық психология	Оқыту мен тәрбиенің білімгердің санасына ықпал етуін қарастырады. Оқу материалының мазмұны мен көлемінің білімгерлердің жас ерекшеліктерін ескере отырып оқу бағдарламалары мен оқулықтар, оқу құралдарын құрастыру, оқытудың инновациялық технологияларын қолдануды қарастырады.
3	Медициналық психология	Дәрігер мен наукастың арасындағы қарым-қатынасты, темперамент пен мінез-құлықтың кәсіптік ерекшеліктерін, емдеу мен психотерапияның психологиялық әдістерін, емдеу барысында нейропсихологиялық, психофармакологиялық, психотерапиялық, психопрофилактикалық, психогигиеналық салалары арқылы түсінікті қалыптастырады.
4	Инженерлік психология	Адам мен қазіргі денсаулық сақтау саласындағы инновациялық технологиялары мен техниканың қарым-қатынасынан туындайтын психологиялық ықпалды қарастырады. Денсаулық сақтау жүйесіндегі технологияларды қолданудың тиімділігін арттыру мақсатында іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру мен оны басқару жүйелерінің құрылымын үйлестіре білу, креативтілік, ақпараттарды сақтау, өңдеу, оны жобалау, оперативті модельдер қалыптастыруда іскерліктері мен дағды-машықтарын меңгеруді қамтиды.
5	Жас ерекшелік психологиясы	Адамның туғаннан бастап қарттық кезеңге дейінгі аралықта олардың психологиялық даму ерекшеліктерін және заңдылықтарын қарастырады.
6	Арнаулы психология	Адамның денсаулығының дамуында ауытқуларды олигофренопсихология, сурдопсихология, тифлопсихология салалары арқылы зерттеуді қарастырады.
7	Салыстырмалы психология	Салыстырмалы психологияға зоопсихология, этология дейтін салалары арқылы адамның жануарлар психикасымен ұқсастықтарын және айырмашылықтары туралы мәселені қарастырады.
8	Әлеуметтік психология	Адамның қоршаған ортадағы басқа адамдармен өзара қарым-қатынасын, психологиялық үйлесімділігін қарастырады.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

9 Әскери психология	Адамның әскери қызметіндегі бұйрықты орындауында көрініс беретін мінез-құлқын, әскери техниканы меңгеру мен басқаруда көрінетін психологиялық ерекшеліктерін қарастырады.
---------------------	---

4. Мен және менің мотивациям. Мотивация түсінігі жалпы өмір туралы, оның мән-мағынасы мен кәсіби және жеке өмірде нәтижеге қол жеткізуді айқындайды. Мотивацияға бағыт беретін негізгі әрекеттер: нәтижені алдын-ала елестету; мақсатқа қол жеткізетін нақты затты анықтап алу; арман, мақсат, тілектерін жазу; іс-әрекеттерінді жақын және алыс жоспарларға бөліп анықтап алу; өзіңе бәсекелес бола алатын тұлғаны анықтап, үлгі тұт; әрқашан бастаған істі соңына дейін жеткізіп орындау; өзіңді қолдайтын адамдармен жақсы қарым-қатынаста болу.

Мотивация – бұл өзінді жақсы бастамаларға құлшындыру, серпін беру.

Болашақ кәсібіне мотивацияда студенттердің тұлғалық дамуына ықпал етеді, оның әлеуметтік іс-әрекеттерінің маңызды құрамы болып табылады. Кәсіби мотивация туралы Е.А.Климов тұжырымы бойынша кәсіби іс-әрекеттің белгілі бір саласында еңбек ететін адамның білімділік, іс-әрекет пен іскерлігінің нәтижесінің жоғары деңгейін, тұлғаның келесі төрт психикалық ерекшелігін анықтайды:

- зейін, қабылдау, түйсіну, ес, ойлау, қиялдың кәсіби ерекшеліктері, мінез-құлық, дағдылар, әрекеттер, іскерлік, қиындықтан шығу жолдарын қарастыра білуі ерекшеліктері;
- Іскерлік этикасы, мәдениеті, икемділігі, білімділігі, тәжірибе қоры;
- психикалық күйінің өзгеруі, сабырлылығы мен ұстамсыздығы;
- өз кәсібі саласында гендерлік және жастық ерекшеліктерін түсіну, салауаттылық.

Кәсіби іс-әрекеттің құлшынысы туралы В.Д.Шадриковтің қағидасы бойынша еңбек етуге құштарлық болашақ кәсібінде өз орнын табуы және жұмысына қанатағаттануы. Еңбекке құлшынысты арттыруда кәсіппен шұғылдануда тұлғаның кәсіби ерекше психикалық қасиеттері ретінде тұжырымдаған А.К. Маркова болды. Тұлғаның мотивациялық, эмоциялық, еріктік құрамын құндылық ұғымы мен құндылық бағдары, мотив, мақсат, міндет, қажеттіліктер, қызығушылықтары мен қарым-қатынасы, кәсіби бағыттылығы, болашақ кәсібінде, мысалы дәрігер ретінде өзін қоя білуі мен сезінуі; эмоциялық интеллектісі құрайды.

Кәсіби әрекет, еңбектену үдерісінде тұлға еңбек етуден, оның жемісінен қанағаттанады, эмоциялық ерекшеліктері, кәсіби білімдері, әрекеттері мен тәсілдері, психотехникалары, іскерліктері қалыптасады; кәсіптік шеберліктерін, кәсіби біліктілік деңгейі мен күзіндеттіліктерін арттырады; кәсіби дағды мен креативтілігі артады, болашақ мамандығына сәйкес келмейтін психикалық қасиеттердің кедергілерін жояды.

Кәсіби іс-әрекеттің нәтижелілігін қамтамасыз ететін психологиялық тетік – бұл мотивация. Адамның еңбек ету маңыздылығын П.М.Якобсон осы мотивтермен байланыстырады. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, болашақ маман кәсіби іс-әрекетке кірісу алдында ең алдымен мотивтері мен мақсаттарын айқындап алады.

Б.И.Додонов болашақ мамандардың кәсіби мотивтерінің құрылымын анықтап берді:

- кәсіптік іс-әрекетті орындау барысында оған қанағаттану;
- кәсіптік машықтану мен іскерлік дағдыларды меңгеру;
- орындаған іс-әрекетінің нәтижесіне қарай материалдық қолдау немесе марапатталуы;
- өзін алаңдататын мәселелерден арылуы мен кәсіби іс-әрекеттерді орындауда қателіктерге жол бермеу.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Еңбекке құлшыныс беретін мотивтерге анықтама берген К.Замфир мотивация құрылымын үшке бөледі: ішкі, сыртқы тиімді және кері ықпал етуші. Оның пікірінше ішкі мотивация мазмұнын өз еңбегінің басқаға тигізер пайдасын түсінуі, еңбегіне қанағаттануы, нәтижеге қол жеткізуін құрайды. Сыртқы мотивация мазмұнын тұлғаның өз қалауы, мақсаты мен берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауы, атқарған жұмысы нәтижесіне ылайықты материалдық және рухани қолдаудың қалауы, сонымен қатар кәсіби мансабының өсуі, ұжымның оған сенім білдіруі мен қолдау көрсетуі дұрыс мотивация туындауына ықпал етеді. Сондай-ақ, теріс мотивация мазмұнын ұжымның сенімсіздік танытуы, жалақының төмендеуі, дау-жанжалдың жиілеуі және т.с.с. құрайды. Дегенімен, дұрыс және теріс мотивация мазмұнына қарағанда адамның ішкі мотивациясы тұрақты келеді, өйткені адамды еңбек ету құлшынысын арттыруында тек материалдық қолдау мен жоғары жалақы жетпейді, адам өзінің жаны сүйетін іспен айналысқанда не өзі тандап алған мамандығында еңбек еткенде жаны рахаттанады, кәсіби шығармашылықтарына қанат бітеді, сондықтан да рухани қанағаттану басты орында екендігін атап өткеніміз жөн. Осы тұрғыдан алғанда, ежелгі грек ойшылы Алкмеон «адамның жанын түсінбеген дәрігер ол адамды емдей алмайды» деп тұжырым жасауы маман ретінде өз кәсібінің шыңын меңгергенде ғана жеңістерге жететіндігіне көз жеткіземіз. Адам жанын, оның психологиясын түсінуді меңгерген дәрігер кәсіби мансаптың өсу жолын қамтамасыз ете алады. Сондықтан тұлғаның ішкі мотивациясының күші тұрақты болса, онда тұлғаның кәсіби қалыптасуының негізі мықты қаланады.

«Мотивация және мотивтер» еңбегінің авторы Е.П. Ильин еңбекке құлшыныс арттырудың тиімді жолы ретінде оның кәсіпті дұрыс таңдауы, еңбек етуде мотивацияны дұрыс құра білуі мен болашақ жұмыс орнын дұрыс тандай білуі деп қарастырады.

Еңбек етуде тұлғаның құлшынысын арттыруда психологиялық зерттеу жүргізген отандық ғалым К. Мұздыбаев ұжымның жас маманға адалдығы мен алдамауы, сенім білдіруі мен еңбегіне қарай жалақысын арттырып отыруы ықпал етеді деп санайды.

Сондай-ақ, еңбек етуде ынталандыруда ұжымның орны мен ролі маңызды, себебі, материалдық қолдау, марапаттау іс-шараларын тиімді ұйымдастыра білуі, түрлі сайыстар, конкурстар ұйымдастыру, елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің дамуына орай материалдық қолдау мөлшерін арттырып отыру шаралары оң ықпал етеді.

Еңбек етуге құлшынысты арттырудың он алты мотивацияға бөліп қарастырған ғалымдар Е.А. Стрижова және А.Н. Гусев келесі мотивтерді анықтап көрсеткен: болашаққа сенімділік; мансаптық өсу; абырой, бедел; жаны қалаған кәсібі; пайдалы іс атқаруы; істі соңына жеткізуі; еңбектен қанағаттануы; дау-жанжалдарды болдырмау; еңбекті тиімді ұйымдастыра білу; отбасы; бос уақытында тынығу; еңбектің дұрыс бағалануы; креативтілік; өзін жан-жақты дамыту; корпоративті мәдениет.

А.Маслоу еңбек мотивациясын бес сатыға бөліп қарастырады:

- ✓ тұлғаның табиғи қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы;
- ✓ кепілдендірілген жұмысты иеленуге ұмтылысы;
- ✓ іскерлік қарым-қатынас, әлеуметтік байланыстары;
- ✓ ұжым алдында беделге, абыройға ие болуы;
- ✓ өзін жан-жақты жетілдіруге, ортаға танылуына ұмтылысы.

Қорытындылай келе, мотивация тұлғаның орта мен ұжымда кәсіби бейімделуіне оң ықпал етіп, психологиялық, эмоциялық көңіл-күйінің жақсаруына тиімділігі жоғары болып табылады. Қазіргі таңда адам өз кәсібінен тек материалдық емес сонымен қатар рухани қанағаттанғанда ғана шығармашылық тұрғыдан кәсіби биік шыңдардан көріне алады.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

4. Иллюстрациялық материал: презентация https://docs.google.com/presentation/d/1bCFM-bbOZZaaQ4U_jWEh1-7lUKzbi8rU/edit?usp=sharing&ouid=108786579120977667131&rtpof=true&sd=true

5. Әдебиет: (Қосымша 1)

Негізгі: 1,2,3,4,5, 10,12,13,17,18

Қосымша: 1,2,3,4,7,8,9,10,12,14

Электронды оқулықтар:1,2,11,12,13,14,15,16,20,25

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы).

1. Психология және мәдениеттанудың мақсаттары мен міндеттері, пәннің мәні неде?
2. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психология және мәдениеттанудың орны қандай?
3. Психология үшін «адам», «жеке тұлға», «тұлға» түсініктері қандай маңызға ие?
4. Қажеттіліктер түсінігінің мазмұнын ашыңыз
5. Сіз қажеттіліктердің қандай түрлерін білесіз?
6. А. Маслоудың қажеттіліктер пирамидасының мәнін ашыңыз
7. Мотив және оның түрлері түсініктеріне анықтама беріңіз
8. Мотив пен мотивацияның мәні неде?

№14 дәріс.

1. Тақырыбы: Эмоциялар және еріктік үдерістер

2. Мақсаты: эмоциялар, эмоционалдық интеллект туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, қажеттіліктер, мотивтер түсініктерінің мәнін ашу.

3. Дәріс тезистері:

1. Эмоцияның жалпы сипаттамасы.
 2. Эмоцияларды реттеудің әдістері мен тетіктері
 3. Эмоционалдық интеллекттің анықтамасы
 4. Ерік түсінігі, еріктік мінез-құлықтың өлшемдері
1. Эмоция термині француз тілінен «emotion», латын тілінен «epoveo» -«сезіну», «толғану» мағынасын білдіреді, адамға және жануарларға тән сыртқы және ішкі тітіркендіргіштердің ықпал етуіне қарсы реакциялық жауап беруі, көңіл-күйі мен ортаға қатынасының мазмұны. Эмоция құрамы жағымды эмоция, жағымсыз эмоцияны қамтиды. Жағымды эмоцияға бақыт, қуану, сүйіспеншілік, шаттану сияқты көңіл-күй жатады. Жағымсыз эмоцияның құрамына қобалжу, ренжу, қорқыныш, қайғы, абыржу, үмітсіздену, үрейлену сияқты көңіл-күй түрлері енеді. Басқалардың көңіл-күйін түсіну және адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті нәтижелі қарым-қатынасқа негіз болады. Э. Титченер эмпатия ұғымына өзгенің көңіл-күйін түсіну деп түсінік береді, эмпатия – грек тілінен «құмарлық» мағынасына тура келеді. Мысалы, дәрігер пациентінің ішкі дүниесінде не болып жатқанын толық сезіне алуы, көңіл-күйін анықтай алуы деп түсінуімізге болады. Жаксы кәсіби маман - дәрігер науқастың көңіл-күйін айтқызыбай-ақ сезіне біледі. Эмпатия үшке бөлінеді: эмоционалдық, когнитивтік және предикативті. *Эмоциялық эмпатия* сезімге байланысты, олар басқа адамның реакциясын жобалауға және имитациялауға негізделген ақыл-ойдың түрі. *Когнитивті эмпатия* басқа тұлғаның сезімін сезіну, сондай-ақ өзінің іс-әрекетін мен мінез-құлқын ақыл-парасатымен түсінуі. *Предикативті эмпатия* алдын-ала сұхбаттасушымен болатын жағдайда туындайтын сезімдерді талдауы мен болжай алуы. Келесі суретте дәрігер пациентінің көңіл-күйін эмпатиялық түсіне отырып, қарым-қатынас орнатуда.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті



Сурет – 1. Эмоциялық эмпатия

Эмоционалдық эмпатия сезімге негізделі отырып басқа адамның реакциясын түйсіну мен имитацияланған ақыл-ой түрі. Мысалы, дәрігер науқаспен сұхбаттасу арқылы ішкі сезімдерін түсініп аурудың себептерін анықтауға мүмкіндіктер алады. Эмпатия барлық адамдарға тән сезім. Эмпатия ұғымын философия, этика мен эстетикалық ілімдер тоғысында «симпатия» ұғымымен қатар түсіндіріледі. С.Спенсер, Шопенгауэр симпатия – ар-ұят, альтруизм ұғымдарымен байланыстырып түсіндірді. Эмпатия ұғымы психотерапевтің кәсіби қасиеті деп қарастыруға болады. Өйткені, медицина даму тарихында «ең алдымен науқасты емес, дені сау адамды емдеу керек» деген мақал бар. Сондықтан, эмпатия психотерапевтің кәсіби маңызды құралы. Дәрігерлер пациентпен қарым- қатынасында эмпатияға үлкен мән береді, себебі эмпатияға қабілеттілік науқаспен байланыс орнатуда ықпал етеді. Ғылыми айналымға термин ретінде «эмоциялық интеллект» ұғымын 1990 ж. енгізгендер П.Сэловей мен Д.Мэйер болды. Эмоциялық интеллект - өзінің және өзгенің сезімдері мен эмоцияларын байқау, ажырату және оны ойлау мен іс-әрекеттерінде қолдана білу деп тұжырым жасалды. Д. Гоулманның 1995 жылы «Эмоциялық интеллект» атты еңбегінде эмоциялық интеллект ұғымын ынталылық, табандылық және әлеуметтік дағдылары деп толықтырды. Тұлғаның ортада адамдармен тиімді қарым-қатынас құруы мен өзін-өзі ұстай білуді меңгеруі, эмоциялық және әлеуметтік құзыреттілік, қабілеттер мен білімдері деп тұжырымдаған Р. Бар-Он болды. Эмоциялық интеллект өзінің және өзгенің эмоцияларын түсіну және оларды басқара білу қабілеті ретінде Д.В. Люсин еңбектерде қарастырды. Оның пікірінше, эмоциялық интеллектінің **тұлға ішілік және тұлға аралық** екі құрамдас бөліктері болады.

2. Эмоцияны реттеудің әдістері мен механизмдері: эмоцияларды қайта қарастыру және эмоцияларды басу. Көшбасшы қабілетінің тұлға бойында қалыптасуына әлеуметтік интеллект С. Заккароның ойынша маңызды орын алады. Ол әлеуметтік интеллектінің келесі екі сипатын ажыратып берді:

- ✓ әлеуметтік перцепция – қоғамдағы адамдарды және әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін жылдам дұрыс түсіне білуі;
- ✓ мінез-құлық икемділігі – жаңа жағдайға орай өз мінез-құлықын бейімдей алуы.

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Р.Стернберг әлеуметтік интеллект ұғымымен эмоционалды интеллект ұғымын өзара байланыста қарастырды.

Д. Гоулмен эмоциялық интеллектті тиімді басқаруда «Эмоциялық көшбасшылық» еңбегінде келесі тұжырымдармен түсіндіреді:

- өзіндік санасы жоғары дамыған көшбасшылар өз эмоциялары мен сезімдерінің әсерін талдай алады және кез-келген оқыс жағдайларда өз мінез- құлықтарын түзете алады;
- өзін қадағалалай алуы: эмоциясын, ерік- жігері мықты, болашағына сенімділік танытуы. Олар стресске сабырлы, кез-келген уақытта төзімділікпен мәселені дұрыс шеше алады;
- әлеуметтік сезгіштігі: симпатия, эмпатия, аттракция, рефлексия, ептілігі. Мысалы, дәрігер наукастың жағдайын тез түсініп, олардың орнына ішкі сезімін түсінеді.
- қарым-қатынастарды басқара алуы: тиімді шешім қабылдауы, жігерлендіре алуы, қолқабыс ету, ынталандыру, ықпал ету, жетілуге көмектесу, өзгерістерге қолдау көрсету, шиеленістерді реттей алуы арқылы ұжымды сендіре алуы.

Эмоциялық интеллект ұғымы адамның қоршаған ортасына эмпатиялық қатынасы, идентификациялануы (ұқсауы), эмоциясын мінез-құлықпен бақылай алуы мен жауап қатуы.



Сурет-2. Эмоциялардың жіктелуі.

П.Саловей мен Дж. Мэйер эмоциялық интеллектіні зерттей отырып, эмоциялық интеллектіні үш түрлі қабілеттерден тұратындығын анықтады.

П. Саловей, Дж. Мэйер, Д. Карузо эмоциялық интеллектіні ақпараттарды сараптау, эмоциялардың маңыздылығы мен өзара байланысын анықтау, ойлау мен шешім қабылдау үшін қолдана қабілеті деп қарастырған.

П. Саловей, Дж. Мэйер, Д. Карузоның құрған *эмоцияның төрт факторлы моделінің* құрылымы келесі:

- эмоцияларды қабылдау, ұқсастыру және оларды білдіру арқылы шын және жалған эмоцияларды ажырата білуі;
- ойлау фасилитациясы, яғни белгілі бір эмоцияны тудыра білу, оны бақылау арқылы нақты мәселелерді, міндеттерді шеше алуы;
- эмоцияларды түсінуі, талдауы, эмоцияларды жіктеуі және олардың маңыздылығын түсіндіре білуі;

➤ эмоцияларды басқару арқылы жағымсыз эмоцияларды бәсеңдете алуы, эмоцияларды мақсатқа орай тұлға алуы мен керек жағдайда бас тарту білуі

ЭМОЦИЯ МЕН СЕЗІМ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР	
ЭМОЦИЯЛАР	СЕЗІМДЕР
1. Эмоция адамның түрлі органикалық қажеттеріне туып отыратын қысқа ситуациялы көңіл күйі адам қуанғаннан, қамыққаннан көзіне жас алса не болмаса бір нәрсеге мәз болса, мұндай жағдайдың ұзаққа созылмайтыны белгілі.	1. Сезімдер – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажетінен туатын және біртіндеп дамып отыратын бір сыдырғы тұрақты процесс.
2. Эмоция мәнерлі қозғалыстардан көбірек байқалады. Мұнда адам өзін тек организм тұрғысынан көре алады.	2. Сезімдерде мәнерлі қозғалыстар жөнді байқалмайды. Тұрақты, терең әсерлі сезім жеке адам психологиясының басты белгілерінің бірі.
3. Эмоциялардың қызметін лимби жүйесі мен гипоталамус бөлігі басқарып отырады.	3. Сезім ми қабығының жұмысынан, атап айтқанда динамикалық стереотиптердің әркез жасалып өзгеріп отыруынан жақсы көрінеді.
4. Эмоциялар жануарларда да кездеседі. Жануарлар эмоциясы биологиялық сипаттағы реакциялардың жиынтығы. Адам сезімдеріне лайықты көріністер жануарлар психикасында кездеспейді	4. Адамдардың эмоциялары мен сезімдері қоғамдық-тарихи сипатта болып отырады

«Алекситимия» ұғымының мәні адам өзінің эмоцияларын түсінуі мен оны анықтаудағы қиындықтары. Демек, адамның өз сезімдерін түсінуі мен оны басқара білуі қабілетінің маңыздылығы өзінің психологиялық денсаулығын арттырудағы жеке фактор болып табылатындығы болып есептеледі.

Адам сезімдерін терең жереттеген грек философы Паблиус Сирустың: «Сізді сезімдеріңіз басқаруға қадам басқанға дейін Сіз сезімдеріңізді басқара біліңіз»,- деген болатын. Осы тұрғыдан алғанда психология ілімінде келесі қағидалар қалыптасқан: «адам жанын жалған тіл қылыш сияқты кесіп түседі, бірақ дана дәрігерлердің тілімен оны емдеуге болады», «өмірде биік жетістіктер мен табыстарға жетудің кілтін эмоциялық интеллект қамтамасыз етеді».

Р. Бар-Он XX ғ. 80-ші ж. Тұлғаның эмоциялық коэффициенті (немесе EQ эмоциялық дамуы) ұғымын енгізген.

Эмоциялық интеллект ұғымы Э.Торндайк, Д. Гилфорд, Г. Айзенк еңбектерінде тұжырымдама жасалды.

Майерс тұжырымында эмоциялық парасатқа ие тұлғаларда өзіндік санасы жоғары дамытындығын дәлелдеген. Себебі, олардың эмоциясында дисфункционалды депрессия, мазасыздық, ашуға сабырлылықпен қарап, шешім қабылдай алады. Эмпатиялық қабілеті арқылы адамдардың эмоциясын дұрыс түсінеді, тиімді қарым-қатынас орната біледі, қоршаған адамдармен, достарымен, әріптестерімен қарым-қатынасты дұрыс орнатады, қолдау көрсете біледі, дау-жанжалды дұрыс шеше алады.

Эмоцияларды тану алекситимияға шалдыққандар қабылдауы қиынға соғады. «Алекситимия» («сөзсіз сезім») терминін психиатр Сифнес өз сезімдерін сипаттап бере алмау; сезімдерді және дене түйсіктерін ажырата алмау; қиялдың жетімсіздігі, сылбырлық деп анықтаған. Эмоцияны меңгеру арқылы тұлға бақылай алады. Дұрыс эмоциялық экспрессия физикалық және психикалық денсаулықты нығайтудың маңызды факторы. Эмоцияларды тежеу, оны

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

сыртқа шығара алмауы түрлі ауруларға себеп болады. Осы эмоциясын көрсете алмауы себептерін зерттеген Я.Рейковский эмоцияларды көрсете алмауы қиындықтарын келесі себептермен түсіндіреді:

- қоғамда бар эмоция түрлерін меңгермегендігі;
- қорқу, өз сезімдерін білдіруден, басқаларға күлкіге қаламын-ау деген ойдан қорқуы;
- туа біткен ынжықтық, тұйықтық факторлары;
- отбасы мен ортада бұйрықты көп қабылдаған мінез-құлықтарының болуы.

Сезімдер — өте күрделі психикалық процестердің бірі ретінде тарихи-әлеуметтік мазмұнда қалыптасады. Сезімдердің эмоциялардан айырмашылығы бар. *Эмоцияның көрініс беру түрі ретінде аффект ұғымын қарастырамыз. Аффект - қысқа уақыт аралығында бұрқ етіп көрінетін эмоцияның түрі.* Дені сау адамдардың аффектісінен психикасы ауруға шалдыққан адамдардың аффекттерін (патологиялық аффекттер) ажырата білу керек. Осы жағдайда аффект адамның ми қабығы мен қабық асты орталықтарының байланысы бұзылған шақта, екінші сигнал жүйесінің реттеушілік рөлі кеміген кезеңді қамтиды. *Құмарлық ұғымы тұлға бойындағы басым, мықты, терең, тұрақты эмоция түрі. Құмарлықтың қоғамдық мәні бар.*

3. Психологиядағы ерік түсінігі. Ерікті актінің құрылымы. 1883 ж. Ф.Теннис ерік ұғымын «волюнтаризм» терминімен қатысты түсіндірген болатын. Ал ежелге антикалық дәуірде ерік ұғымын Августин (354-430) жан мен тәнді басқарушы деп анықтады. Алғаш рет ерік ұғымына анықтама берген Аристотель (384-324 жж. Б.э.д.) субъектінің саналы шешіміне негізделген іс-әрекеттен тұрады деп санады. Ерік жанның саналы бөлігінде туындап, саналы шешім тілекпен бірігеді және шешім қабылдауға күш береді деп тұжырым жасады. Аристотель ерік адамның қалауымен жүзеге асады деді.

Ежелгі Рим ойшылы және дәрігер Гален (130-200) ерікті және еріксіз қозғалысты анықтап, еріксіз қозғалыстарға ішкі мүшелердің (жүрек, асқазан) бұлшық ет жиырылуы деп қарастырды. Ал қалған барлық қозғалыстар ерікті қозғалыс деп анықтады. Еріксіз (автоматты) қозғалыс үнемі психикалық пневманың қатысуымен іске асады, қабылдау, ес, сана және қозғалыс мүшелерін басқарады деп қарастырды.

Р. Декарт ерік құмарлықпен байланысты қозғалыстарды тежейді және сана еріктің өзіндік құралы болып табылады. Сондықтан, ерік адамның адамгершілігімен тығыз байланысты. Ерікте мотив пен тілек бірлікте, қажеттілікті қанағаттандыруы. Д.Пристли, А.Коллинз, Г.Спенсер, В.Виндельбандт тұжырымдарында ерік тұлға санасындағы тілек деп қарастырған.

Тұлғаның өзін-өзі реттеу психологиясы (стрессменеджмент). Стресс түсінігі.

Қазіргі кезеңде тұлға психологиясын зерттеуде «тұлға өзін қалай қалыптастырады? Бағыты мен белсенділігін қалай арттыруға болады? Өмірлік мақсат, ұстанымын қалай тандауға және оны немен байланыстыруға болады? Қазіргі қоғамдағы адам үшін не маңызды, не қымбат?» деген мәселелерді зерттеу өзектілігімен айқынадалады. Абай айтқандай «Адам өз тағдырының қожасы», яғни «Адам өз тағдырының авторы» бола алады. Л.С.Выготскийдің пікірінше, «Педагогикалық психология» еңбегінде адамды басқа біреу тәрбиелей алмайды, өзін-өзі тәрбиелей алады, ал қоршаған орта оның тұлға ретінде қалыптасуына қажетті материал бере алуы мүмкін. Тұлғаның өзін дамытуы оқу-тәрбие, өзін-өзі жетілдіруі және оған барлық субъектілердің қатысуы. Тұлғаның өзін-өзі дамыту арқылы жақсылыққа, мұратына, мақсатына жетуге талпынады, еңбектенеді, шығармашылықпен айналысады, тұлғаның өсу кезінде оның қабілеттеріне, сапасының өсуіне де тұлға саналы түрде басшылық етеді.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Дегенімен, кейде тұлға өзіне төмен баға беруі салдарынан өзін дамытуға шамасы келмейді. «Тұлғаның өзін реттеуі» сананың өсуіне жоғары ілімді игеру арқылы қол жеткізуге болады. Гештальттерапияда Ф.Перлз бойынша тұлға өзін реттеуде сенімділік, өзін жағдайға байланысты реттеп, қажетті арнаға бағыттап отырады деп қарастырады. К.Роджерс, А.Маслоу адам өз өмірі мен рухани дамуын өзі қалыптастыра алатын ерекше тұлға деп анықтайды. Тұлғаның өсуі жеке-даралық, толысу, психологиясының сау болуы мен мақсатына ұмтылуы арқасында қол жеткізуге болады. Адам жауапкершілікпен даму үшін қолайлы жағдай жасауы, жолды тауып, өмірінің мақсат-мүддесін анықтай алуы арқасында мүмкіндік алады.

Стресс – адамның күйзеліске ұшырауы, ағзасының сыртқы тітіргендіргіштерге қайтарған реакциясы. Адамдар стрессті қатты ренжігенде, ашуға булыққанда, аш болған кезде, жаурағанда, ыстық күннің астында қалғанда, науқастанғанда және оқыс жағдайларда ұшырайды.

Жұмыстағы дау-жанжал, студенттердің емтихан алдындағы қобалжуы стресске алып келеді. Кейде адам қатты шаршағанда, тынығу тәртібі бұзылғанда стресске шалдығады. Сонымен қатар, жалғыздық, өзін керексіз сезінуі немесе кәсіби іс-әрекеттердің қайталануы, яғни жүйке жүйесіне күш түсіретін жұмыстарда стресске ұшырайды.

Стрестік жағдайды түзетпесе науқастанады, стресс адамның психикалық, физикалық денсаулығына әсері бар, ишемиялық аурулар, жүрек ауруы, гипертониялық ауруы, диабет, асқазан жарасы және он екі елі ішек жарасы, язвалық колит, бронхиальді астма, тері аурулары, әртүрлі иммундық және аллергиялық бұзылыстарға ұшыратады.

Г.Селье медицинада ең алғаш «стресс» терминін «күйзеліс», «қысым» деп анықтаған. Ол бейімделушілік синдром және стресті, стрестің механизмін, стресстік реакцияда гормондардың рөлі мен оның эндокриндік емес ауруларға қатысуы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Г.Селье «Дисстрестік стресс» атты еңбегінде стресс күйлерін толық анықтап жазды.


Клод Бернар адам үнемі стрестен сақтанып, уайымшыл, күйзеліске берілмеу тиіс екендігін ескерткен болатын. Г.Селье стресске ұшырағанда қан жоғалту инфекциялық ауру, рак ауруының белгілері ретінде салмақ жоғалту, тәбеттің болмауы, апатия, әлсіздік, түрінің шаршаңқы болуын анықтаған. Сонымен қатар, бүйрекүсті безі екі бөліктен тұратындығын, ол сыртқы(қабық) және ішкі қабаттан (милы зат) тұратындығын анықтаған. Сытқы қабат, кортикоид гормондар бөледі, ал ішкі миы қабат адреналин мен оған ұқсас гормондары адамның стресске қайтаратын реакциясы болып табылады. Селье стресс дамуын үшке бөлді: оқыс хабарға реакция; резистенттілік кезеңі және шаршау. Оқыс хабарды естігенде тимус, сөл, майлы тін көлемі кішірейеді, асқазан мен ішекте жара, қан құрамында эозинофилдері, бүйрек үсті безінің құрамындағы липидгранулулары жоғалады.

Эверли мен Розенфельд стрестің даму барысында психосоматикалық ауру пайда болатындығын және гипертониялық ауруларға, асқазан және он екі ішек жарасына алып келетіндігін зерттеген.


ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

Ганс Селье

- ✓ Канадалық эндокринолог-дәрігер
- ✓ «Стресс» атауын медицинаға ол алғаш XX ғ. 60 – шы жылдары енгізді
- ✓ Ол бейімделістің жалпы синдромы деген ұғымды енгізді



Сурет 4. – Г.Селье стресс ұғымы туралы



Сурет 5.- Стресс түрлері

Стресс екі типке бөлінеді: эустресс және дистресс. Эустресс өзіне қажетті эффектпен сәйкес келсе, дистресс қажет емес эффектпен сай келуі мүмкін. Дистресс жағымсыз, ұйқыда жатқан адам кейде стрестерді қабылдауы мүмкін. Ауыр стресс алғанда адамды асқазан жарасын, инфаркт, гипертонияға ұшыратады. Италия медиктері өте қызықты бақылау жүргізе отырып, адамның жүйке жүйесінің бірден қажып кетуін байқап, ондай оқиғалар көбінесе туристерде, музейге келушілерде болатындығын анықтаған, мұны Сендаль синдромы деп атаған.

4. Иллюстрациялық материал: презентация, видеоролик

https://docs.google.com/presentation/d/1Mbx_9I00o5risFs6HA6Gbc9RY3IrT-M9/edit?usp=sharing&ouid=108786579120977667131&rtfpof=true&sd=true

5. Әдебиет: (Қосымша 1)

Негізгі: 1,2,3,4,5, 10,12,13,17,18

Қосымша: 1,2,3,4, 7,8,9,10,12,14

Электронды оқулықтар:1,2,11,12,13,14,15,16

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы).

1. «Эмоция» дегеніміз не. Эмоцияның сезімдерден маңызды айырмашылығы неде?
2. Сіз эмоцияның қандай түрлерін білесіз?
3. Сіз эмоцияларды реттеудің қандай әдістері мен механизмдерін білесіз?
4. Адамның эмоционалдық реакциясы ықпалға қаншалықты сәйкес келеді? Мүмкін боларлық сәйкестілік немесе сәйкессіздіктің себептерін түсіндіріңіз, өз жауабыңызды мысалдармен иллюстрациялаңыз.
5. Эмоционалдық интеллект түсінігіне анықтама беріңіз.
6. Ерік дегеніміз не және еріктік мінез-құлықтың өлшемдері қандай?

№15 дәріс

1. Тақырыбы: Тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар жеке тұлғаның рухани негізі ретінде.

2. Мақсаты: тұлғаның темпераменті және оның түрлері, мінезі және оның қалыптасу жолдары, жеке басының қабілеттері мен талпыныстары, тұлғаның рухани негізі ретінде бағалаулар, қызығушылықтар, нормалар ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру, жеке тұлғаның табысының негізі ретінде салауатты өмір салты, кәсіби өзін-өзі анықтау және өмір мәні психологиясының мәнін ашу.

3. Дәріс тезистері:

1. Темпераменттің анықтамасы. Темперамент түрлері: холерик, сангвиник, флегматик және меланхолик.
2. Мінезді анықтамасы. Мінез акцентуациясы және тәрбие.
3. Тұлғаның қабілеті мен нышандары.
4. Әлеуметтік әлемдегі «Мен». Құндылықтар.
5. Салауатты өмір салты тұлға табысының негізі ретінде.

Темперамент (лат. temperamentum – бөліктердің тиісті арақатынасы, өлшем бірлігі) - бұл адамның психикалық процестері мен мінез-құлқының жеке қарқынымен, ырғағымен, қарқындылығы мен жылдамдығымен анықталатын тұлғаның интегралдық психикалық қасиеті.

Біріншіден, ең жақсы немесе нашар темпераменттер жоқ-олардың әрқайсысының өзінің оң жақтары бар. Екіншіден, табиғатта "таза" темпераменттер өте сирек кездеседі. Көбінесе адамның әртүрлі типтері бар, бірақ кейбір бір қасиеттер басым.

Темперамент түсіндірмесінің негізгі үш жүйесі бар, онда оның ең көп таралған жіктелуіне негізделген:

1. **Гуморальды теория** темпераменттің ағзаның сұйық ортасымен байланысын көрсетеді.
2. **Конституционалды немесе морфологиялық теория** адамның физикалық Конституциясы (оның денесінің құрылысы) оның темпераментінің негізгі биологиялық алғышарты ретінде түсініктерін негізге алады.
3. **Нейрофизиологиялық теория**, ол темперамент түрлерін жүйке жүйесінің тұрақты типтерімен салыстырады.

Темперамент туралы ежелгі ілім ежелгі грек дәрігері Гиппократ (б.з. д. V). Ол адамның темпераменті адам денесінің құрамына кіретін төрт сұйықтықтың (гумордың) қайсысы

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені		39/11- 127 беттің 1 беті

белгілі бір адамның денесінде басым болады деп санайды. Темпераменттің әрбір түрі Гиппократ дененің 4 негізгі гуморының бірі: қан (лат. sanguis), өт (chole), шырыш (грек. phlegma), кара өт (грек. melas+chole. Гиппократ іліміне сүйене отырып, антикалық басқа атақты дәрігер Клавдий Гален (ОК. 200 жж.) негізін әзірледі-пераментов, ол қзақстан " белгілі "трактатында De temperamentum". Оның іліміне сәйкес, темперамент түрі шырындардың бірінің денесіндегі басымдыққа байланысты. Олар темпераменттің 13 түрі бөлінді, бірақ кейін олар төртке дейін жетті. Темперамент түрлерінің бұл төрт атауы жақсы белгілі: сангвиник (лат. sanguis-қан), флегматик (герч. phlegma-шырышты, қақырық), тырысқақ (грек. chole-өт) және меланхолик (грек. melas chole-кара өт). Бұл тұжырымдама көп ғасырлар бойы ғалымдарға үлкен әсер етті. Оның негізгі темпераменттердің алғашқы егжей-тегжейлі және психологиялық дәл "портреттері" тиесілі. Сонымен қатар, Кант, мүмкін, белгілі темпераменттердің алғашқы тобын тек психологиялық негіз бойынша жүзеге асырды. Ол сезімнің темпераменттері (сангвиник – Көңілді мінездегі адам, меланхолик – кара мінездегі адам) және қызмет темпераменттері (холерик – шашыраңқы, белсенді, жеңіл адам, флегматик – салқын және ұстамды, пассивті және нашар). Отандық психолог П. Ф. Лесгафт темпераменттердің дәстүрлі түрлерін қанайналым жүйесі мен зат алмасу жылдамдығының ерекше ерекшеліктерінің көрінісі ретінде қарастырды.

Аталған тәсілдермен қатар, ежелгі заманнан темпераменттің адамның физикалық келбетінің ерекшеліктерімен тығыз байланысы туралы түсінік қалыптасты: жеке тұлғаның ерекше белгілері дене пропорциясымен, жеке органдардың формасы мен өлшемдерімен және басқа да морфологиялық белгілермен салыстырылды. Нәтижесінде темпераменттің Конституциялық немесе морфологиялық теориясы қалыптасты. Неміс психиатры Эрнст Кречмердің "дене құрылысы және сипаты"еңбектерінде ұсынылған типология кеңінен таралған. Оның тұжырымдамасына сәйкес, адам Конституциясы мен оның темпераментінің қасиеттері арасында тікелей байланыс бар. Кречмер дененің төрт негізгі түрін бөлді:

1. Астеник немесе лептосоматик-нәзік денелі, биік бой, тар иық, тегіс кеуде клеткасы, ұзын және жіңішке аяқ-қолдар, созылған бет;
2. Пикник-май тіндері бар, толық, кіші және орта бойлы, дөңес кеуде клеткасы, іштің шығыңқы, бас сүйегінің дөңгелек формасы және қысқа мойын;
3. жеңіл – бұлшық етпен және күшті денелі сипатталады; әдетте жоғары немесе орташа бойы жоғары, Кең иық және тар жамбас;
4. Диспластик-дененің тепе-теңсіз құрылымы бар, нашар қалыптасқан, әртүрлі деформациялары бар адам.

Отырып, аталған типтері денелі Кречмер соотносит үш типі темперамент: шизотимик, иксотимик және циклотимик.

Астениялық денелі бар Шизотимик тұйықтылықпен сипатталады, эмоциялар тербелісіне бейім, шнителен, упрям, ригиден (негибок) құрылғылар мен көзқарастарда, әлеуметтік ортаға бейімделуде жиі қиындықтар тудырады. Атлеттік денелі иксотимик-бұл тыныш, Аз әсерлі, ұстамды мимикамен, ақылсыз қимылмен, ойлау икемділігінің төмендігі, жиі ұсақ және педантты адам. Пикникалық денелі берілген Циклотимик эмоциялардың қуанышынан көңіл-күйге дейінгі циклдік ауытқуымен сипатталады, сонымен бірге адамдармен оңай байланыста болады, ашық, мейірімді, шынайы көзқараспен.

